

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ІЛІМІ» атты үшінші халықаралық конференция материалдары**

Алматы, 10 тамыз 2022 жыл

**Алматы
Абай ғылыми-зерттеу институты
2022**

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж.Дәдебаев (төраға), Қ, Әбдезұлы, Д.Ысқақұлы, З.Бисенғали, Т.Есембеков,
Б.Жақып, А.Жақсылықов, З.Сейітжанов,
Ә.Тарак, Л.Мұсалы

А 13 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі.
үшінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2022
жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л.Мұсалы,
Б.Даутова. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022. – 120 б.

ISBN 978-601-04-6060-7

Жинақта Абай Құнанбайұлының туған күніне орай өткен «АБАЙ
ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» атты
үшінші халықаралық конференцияға қатысушылардың баяндамалары
топтастырылды. Конференцияға еліміздің көрнекті абайтанушы ғалымдары,
әдебиеттанушылары, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас
ғалымдар қатысты. Редакциялық алқаның ұсынуы бойынша, баяндамалар
сараланып, электрондық басылым түрінде арнайы жеке жинақ болып жарық
көріп отыр. Баяндамашылардың авторлық құқықтары сақталған.

Жинақ АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың
ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы аясында
дайындалып, жарық көрді.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты

ISBN 978-601-04-6060-7

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі
проректор Хайдар Сулейманұлы ТАСИБЕКОВ

КІРІСПЕ СӨЗ

Құрметті конференция қатысушылары, қымбатты зиялы қауым!
Халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туған күніне орай 2021 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде 10 тамыз – Абай күні болып белгіленді. Биылғы жылы данышпан ақын Абай Құнанбайұлы 177 жасқа толып отыр. Осыған орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де рухани-мәдени, ғылыми іс-шаралар өткізілуде. Осындай маңызды шараның бірі – ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырып отырған «Абай Құнанбайұлының шығармашылығы және ілімі» атты халықаралық конференция болып отыр. Конференцияға Қазақстан ЖОО-лары мен ғылыми институттардың белгілі ғалымдары, шетелдік ғалымдар, сондай-ақ докторанттар мен магистранттар, жас зерттеушілер қатысып отыр.

Абай Құнанбайұлы – қазақ ұлтының данышпаны ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер ұлы тұлға десек артық емес. Осының дәлелі ретінде 2020 жылы Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынымыздың 175 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өткенін білеміз. Президент Қасымжоларт Тоқаев «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың сана-сына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз» деген еді. Осы сөздер әрбір қазақты Абай мұрасына үңіле түсуге міндеттейді. Расында да, Абай сөзі, Абай ілімі болашақ жас ұрпақтың санасына сіңіріп, тәрбие ісінде басшылыққа алатын қағидаға айналуы керек. Сонда ғана біз гуманист Абай армандаған рухани бай, «толық адам» тәрбиелей аламыз. Данышпан тұлғаның аса құнды да өзекті мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ұғындыру – бәріміздің ортақ парызымыз болып қала береді.

Міне, сондықтан да, Абай ақынның шығармашылығы мен ілімін зерттеу, оны барынша насихаттай беру бүгінгі күні өзекті болып қала береді. Расында да, ұлы ойшылдың ой-пікірлері ХХІ ғасырда да құнды әрі өзекті болып отыр, оның мән-мазмұны терең шығармалары халықтың рухани азығы болып қала бермек. Бүгінгі рухани жиынның мақсаты да осы болмақ. Бүгінгі жиында айтылған ғылыми-теориялық, әдістемелік мәселелер қазақ абайтануы үшін, әсіресе тыңдаушы болып отырған жас ғалымдар үшін пайдалы болмақ деп білеміз.

Конференция жұмысына сәттілік тілей отырып, болашақта да осындай игі шаралардың жалғасатынына сенімдіміз. Конференция ұйымдастырушысы

– университетіміздің жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтына, институт директоры, профессор Жанғара Дәдебайұлына алғыс білдіреміз.

Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
ф.ғ.д., профессор Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ

АБАЙ ІЛІМІНДЕГІ «БІЛІМ» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Абайдың білім концепциясының жалпы сипаттамасы оның білім, ғылым туралы жалпы қағидаларының негізінде пайымдалды. Білім, ғылым – Абайдың ілімінде маңызы зор, мәні терең рухани құндылық.

Ақынның: «Ғылым таппай мақтанба» [1, 65], «Дүние де өзі, мал да өзі – Ғылымға көңіл бөлсеңіз» [1, 66], – сияқты өлең сөздері мен қара сөздерінде, жастарға айтқан ғибратында білім, ғылымды адам өміріндегі маңызы зор, мәні терең рухани құндылық ретінде бағалаған дүниетанымның негізі бар. Ата-анаға арнап айтқан сөзінде де Абай өмірлік мәні зор кеңес береді: «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт» [2, 163].

Білім алуға талаптану үшін «әуелі һауас сәлим (жақсы сипат) һәм тән саулық» болуы шарт. Білім алуға талаптану үшін ақыл-естің, жан мен тәннің саулығы қажет. «Бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» [2, 185]. Абайдың білім концепциясында білім алуға талап қылушының білім алуға дейінгі ішкі-сыртқы қалып-қабілетінен бастап, білім алу үдерісінің сатылары мен кезеңдері толық сипатталады.

Абайдың білім концепциясы жүйесінде өзара сабақтас мынадай бірнеше маңызды мәселелер бар: а) Абайдың білім концепциясына жалпы сипаттама беру; ә) білім алушының ішкі-сыртқы қалпына қатысты қағидалардың мәнін ашу; б) білу үдерістердің иерархиялық жүйесінің моделін пішіндеу; в) білу үдерістерінің амалдары мен тетіктерін жүйелеу; г) білім алушының білу нәтижесінде қол жеткізетін құзіреттілігінің сипаттамасын анықтау.

Ақынның білім концепциясында білім мәселесінің танымдық, эпистемологиялық, акмеологиялық мәселелері бойынша құнды ғылыми қағидалар негізделген. Сонымен қатар онда білім алу үдерісі адамның бүкіл өмірі бойында тоқтамайтыны, тоқтауға тиіс емес екендігі туралы ойлардың маңызы да үлкен.

Абайдың білім концепциясы – бірбүтін жүйе және оның мазмұны мен мәні пәнаралық сипатымен ерекшеленеді. Соған орай зерттеудің әдістемелік негізіне пәнаралық зерттеу мен жүйелі зерттеу принциптері алынды. Зерттеу нысанының жүйесін анықтаудың өзіндік бір амалы ретінде логикалық модельдеу әдісі қолданылды.

Білім беру процесіндегі әуелгі саты – оқу мен оқытудағы мақсаттарды анықтау. Оқу мен оқытудағы мақсаттар білім алушының, білім берушінің, ата-ананың, қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік сұраныстары мен талаптарына сай

ғылыми негізде анықталады және тараптар үшін өмірлік маңызының анықтығымен, нақтылығымен, қолжетімділігімен ерекшеленеді.

Қазақстанның білім беру стандарттарында білім беру мақсаттары білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Ол нәтижелер нақты күзiреттiлiктер түрінде көрсетiлген: 1) бiледi; 2) түсiнедi; 3) қолданады; 4) талдайды; 5) жинақтайды; 6) бағалайды.

Стандарттарда [3; 4], олардың негiзiнде жасалған үлгiлiк оқу бағдарламаларында [5; 6; 7] бiлiм беру iсi аяқталғанда күтілетін нәтижелердi анықтау үшiн, оны дамытуды ақпараттандыру үшiн қолданылатын негiзгi бағыт – Блумның таксономиясы (1956). Қазақстанның мемлекеттiк стандарттарында, үлгiлiк оқу бағдарламаларында оқу мақсаттары мен оқудан күтілетін нәтижелер Блум таксономиясының 1956 жылғы иерархиялық жүйесiне сай бекітілген. Ол жүйе мынадай: 1) бiлу; 2) түсiну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау.

Таным процестерінің психологиясы Блумға дейін де зерттеушілердің талай буынының зерттеу нысаны болған және бұл салада теориялық ойлар мен қағидалардың мол қоры жасалған. Блумның жүйесі таным процестерінің психологиясы аясында бiлiм беру-бiлу процестерінің иерархиялық кезеңдерін қамтиды деп қабылданды.

Абай ілімін бiлу, түсiну, қолдану бағытында жүргізілген ғылыми-зерттеу нәтижелері бiлiм беру-бiлу процестерінің иерархиялық кезеңдерін зерделеудің байырғы үлгілері ХІХ ғасырда Абайдың бiлiм концепциясында көрiнiс тапқанына көз жеткізді.

Абайдың бiлiм концепциясы жүйесінде өзара тығыз қатынастағы мынадай салалар сараланады: 1) бiлiм мәнісi; 2) бiлiм алушы тұлға, оның қабiлеттерi; 3) бiлiм алушы тұлғаның қабылдау, бiлу, тану нысаны болатын болмыс; 4) бiлiм алушының бiлу үдерісi; 5) бiлу үдерісін қамтамасыз етуге қажетті жағдай, амалдар мен құралдар; 6) бiлiм алушы тұлғаның бiлiм алу үдерісi аяқталғаннан кейінгі қалпы.

Көрсетiлген салалар Абайдың бiлiм концепциясында өз алдына өзектi таным нысандары ретінде белгiлi бiр ғана шығарма көлемінде қарастырылмайды, бұл мәселелер ақынның тұтас шығармашылық мұрасының жүйесінде түрлі әлеуметтік мәселелермен байланысты түрлі деңгейде, түрліше өлшем мен мөлшерде пайымдалады. Оларды эпистемологиялық, акмеологиялық ойлар арнасында анықтау, пайымдау, бiр жүйеге түсiру арнайы зерттеу аясында ғана мүмкін.

Абай бiлiмге, бiлiмдiлiкке толық сипаттама бере отырып, бiлiмнiң жоқтығына, бiлiмсiздiкке де нақты анықтама береді. *Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмағанда денелеп бiлмесе, адамдықтың орны болмайды. Дүние сырын танып-бiлу, бiлiмдiлiк – адамдықтың белгiсi, бiлiм-ғылымның жоқтығы, бiлiмсiздiк – надандық, хайуандық* [2, 138].

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сыры – адам санасынан тыс құрған болмыс, ақпараттар көзi. Ол ақпараттар өз алдына өзінше тұрып бiлiм бола алмайды. Олардың көрінген һәм көрінбеген сырларын адамның түгелдеп,

денелеп танып-білуінің нәтижесі ғана білім болып табылады. Адамның дүние сырын түгелдеп, денелеп білуі – тоқтамайтын, тоқтауға тиіс емес процесс. Соған орай адамның білімі ұдайы даму, толысу, жетілу үстінде болады. Дүние байлығы тозады, білім байлығы тозбайды. Дүние байлығы пайдаланған сайын азаяды, білім байлығы пайдаланған сайын көбейеді. Абайдың: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» [1, 66], – деуінің мәнісі осында.

Дүниенің «көрінбеген сырын білу» жайына келгенде, Абайдың мына сөзіне көңіл бөлген артық емес: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықбірлән табылады» [2, 186]. Әрбір нәрсенің сыртын көріп білгенмен тоқтамай, оның түбін, тегін, болу себебін білудің маңызы үлкен. Пендеге «өз ақылы жетерлік қадәрін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеу» парыз. Онсыз білім-ғылымның хақиқаты табылмайды, мәні ашылмайды. Нәрсенің «болмысын айқындап беретін шалғай себептерді және таяу себептерді білу», әл-Фарабидың анықтауынша, даналық болып есептеледі [8, 221]. Олай болғанда, нәрсенің болмысын айқындайтын шалғай себептер мен таяу себептерді білу – адам білімінің берік негізі.

Халық даналығы: «Талапты ерге нұр жауар», – дейді. Осы даналық сөзді Абай толық қабылдайды және өз ойының өзегіне айналдырады. Халықта: «Ізденген жетер мұратқа», – деген де бар. Абайдың талаптану, талып қылу, іздену туралы ойларының желісінде халық даналығынан туған осы қағиданың да сарыны бар. Бұл жерде «нұр», «мұрат» ұғымдары адамның өмірі үшін маңызды игіліктермен тікелей байланысты түсініктерді білдіреді. Адам баласы өзі мен өзгелер үшін игілікті іс істесе, сол ісінің басы талаптан, талап қылып ізденуден басталады. Кісінің көңілінде әлдебір игілікті іс істеуге талабы болмаса, ешқандай игілікті іс істелмейді. Сондықтан Абай: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» [2, 223], – деген қағида ұсынады. Талап – барлық игі істің негізі. Барлық игі іске адамды білім, ғылым жеткізеді. Адам боламын деген жастың адам болу жолына түспекке, білім, ғылым табуға талабы болу керек. Талап нақты іске бастауы керек. Ол істің нәтижесі ізгі, игілікті болуы керек. *Талаптылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық бозбала үшін аса керекті* қасиеттердің қатарына жатады [1, 59].

Талаптылық, тілемек, қаламақ ұғымдары өзара тектес. Бұлар Жаратқанның қасиетті сипаттарының бірі *Ирадамен* (қалау, қаламақ) сәйкес келеді.

Абай:

Пайда ойлама, ар ойла
Талап қыл артық білуге, –

дейді. Ақын өлеңінің осы екі тармағында көрініс тапқан үш қағиданың үшеуінің де өмірлік маңызы үлкен: а) пайда ойлама; ә) ар ойла; б) талап қыл артық білуге. Алдыңғы екі қағиданы қабылдау, түсіну үшінші қағиданы іс жүзіне асыру арқылы мүмкін болады.

Пайда ойлау, мақтан, әрнәрсеге әуесқой болу – ақын бұлардың нәпсімен сабақтас, игілігі жоқ, баянсыз іс екенін ескертеді, «шайтан ісі» ретінде бағалайды. Артық білуге талап қылмайынша, артық білмейінше мұның

мәнісін ұғуға жол жоқ. Одан ары қарай ақын:

Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге, –

деп, артық білімнің көзіне бағыт сілтейді. Артық ғылымды ақын білімдіден шыққан сөзбен шендестіреді:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Білімнің, білімдіден шыққан сөздің талаптыға кез болуы, талаптының көкірегінде білімдіден шыққан сөздің нұрын, сырын көрерлік көздің болуы – білімнің талаптының көкейіне қонуына қажетті басты шарт. Кісінің «бойында қайрат», «ойында көз» болмаған жағдайда, оған сөз айту артық.

Абайдың білім, ғылым туралы концептуалдық ойлары білім алушының ішкі қалпына қатысты қағидалармен ұштасады. Білім алушының ішкі қалпына қатысты қағидалардың мәні «Сөзді ұғар көкірегі болса көзді», «жүрек көзі», «көңіл көзі», «ой көзі» сияқты метафоралық қолданыстағы сөздердің тура мағынасы мен астарлы мағынасы арасындағы қатынастан ашылады. Халықтың дәстүрлі дүниетанымында да осындай ұғым бар. Ақынның: «жүрегі – айна», «жүректе айна жоқ болса», «сәулең болса кеудеңде», «ақылға сәуле қонбаса» сияқты сөздерінде де осындай мән бар.

Абайдың «Ақылға сәуле қонбаса, Хайуанша жүріп күнелтпек» [1, 282], «көкіректе сәуле жоқ» [2, 139], «сәулесі бар жігіттер» [1, 64], «сәулең болса кеудеңде» [1, 124], «көңлінің көзі ашық» [1, 126], «жүректің көзі ашылса» [1, 165], «көкірегінде оты бар» [1, 152] және басқа осылар секілді сөздерінің мағынасы ақылға қатысты ашылады. Ақынның «ақылға сәуле қонбаса», «жүректің көзі», «көңіл көзі» деп отырғаны білімнің сәулесі, білімнің көзі дегенге келіп саяды. Білімнің сәулесі, білімнің көзі туралы ойлардың негізі тереңде. Білім нұры түспеген адамның көкірегінде сәуле болмайды [Құран 24:40]. Олай болғанда, адамның бойында «ақылға түскен сәуледен», нұрдан ардақты ешнәрсе жоқ.

Абай білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға талаптың өзінің біраз шарттарын білуді міндет етіп қояды. Адам болмақты қалаған жастар үшін олардың сол қалаған ісіне жетуге талпынып іс қылуы, білім табуға талаптануы және оның жолдары мен түрлерін білуі басты қажеттілік деп көрсетеді. Ақын өз заманы шегінде білмекке талаптанушының әрекеттері аясында талаптың бірнеше түрін пайымдайды және соған қарай талаптанушылар да әртүрлі болатынына назар аударады. Біреу мал табуға талаптанады. Екінші біреу қажы атануды ниет етеді. Үшінші біреу батыр атанбақ. Қу, сұм атануға талап қылатындар да болады [2, 224]. Талап қылушылардың бір парасы жамандық пен жақсылықты айыра алмайды, енді біреулерінің «арын сатып, ант ұрып іздегені бір семіз ат, аяғы бір табақ ас» болады. «Еңбегі жоқ, еппенен мал табам

деп, сендіре алмай, сене алмай, сенделетін» [1, 203] талапкерлер де осы топтан шығады. Бұған қарағанда, талап өзі талпынған нәрсенің, істің ізгілігіне байланысты ғана игі болады. Абай адам болмақ мақсатпен білім алуға талап қылған жастар талаптың, талаптанудың шарттарын білуге тиіс деп есептейді және ол шарттарды топтап көрсетіп, әрқайсысына тиісті сипаттама береді. жастың ішкі қалпының дұрыс қалыптасуының маңызы жоғары.

Абайдың білім концепциясындағы білу үдерістерінің басы – талап→қабылдау. Адам баласының дүние сырын қабылдауы оның бойына туа біткен қуат көздері арқылы, олардың бірте-бірте жетілуі, кемелденуі нәтижесінде жүзеге асады. Адам білсем екен, көрсем екен деген мақсатпен талпынып, талап қылып, «көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі» [2, 219]. Көңілде жақсы нәрсенің суретімен байланысты жақсы әсер, жаман нәрсенің суретімен байланысты жаман әсер қалады.

Адамның тыстағы дүние құбылыстарын қабылдаудағы қуат көздері, оның жолдары, сатылары туралы ойлар мен қағидалар – Абайдың білім концепциясының өзекті желілері. Олардың эпистемологияда, білім беру, білу мен түсіну теориясының тарихында алатын өз орны бар. Сонымен қатар мынаны ескеру қажет: Абайдың дүние құбылыстарын қабылдаудың, білудің, түсінудің тетіктері, жолдары, сатылары туралы ойлары мен қағидалары оқу мен оқытудың қазіргі заманғы теориясы мен методологиясы аясында да маңызды.

Абай білім, ғылым үренуге талап қылушыларға талаптың өзінің бірнеше шарттарын білу туралы қағидаларында, білім, білу ісіне қатысты басқа тұжырымдарында білім алушылардың ішкі қалпы, білу үдерісі, білу үдерісін қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер), білу нәтижесінде қалыптасатын құзіреттілік мәселелеріне қатысты ойлары мен пікірлерінің тұтас жүйесін ұсынады. Оларды басты белгілеріне қарай мына ретте топтастыруға болады: 1) *білім алушылардың білім алуға дейінгі ішкі-сыртқы қалпы*; 2) *білу үдерістері*; 3) *білу үдерісін қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер)*; 4) *білу нәтижесінде қалыптасатын құзіреттілік*.

Білім, білу айналасында сипатталған алты шарт пен олармен шектес құбылыстардың әрқайсысы өзара бір-бірімен сабақтас, байланысты. Мұндай байланыс, сабақтастық негізінде пайда болатын тұтастық Абайдың білім туралы ойлары мен қағидаларының күрделілігін, жүйелілігін білдіреді. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың білім, білу туралы ойлары мен қағидалары өз алдына бір іргелі концептуалдық жүйені түзеді. Екінші жағынан, білім, білу туралы осы ұғымдар, түсініктер, қағидалар жүйесінің өзінде әлем данышпандарының еңбектерінде көрініс таппаған толықтық пен тұтастық бар. Ақын талап қылушылардың тобынан білуді таңдап, білуге талаптанушыларды жеке бөліп алады, солардың білмекке талабын оң көреді, дүние-мүлік байлығына жетуге талаптанушылардың талабының терістігін, баянсыздығын

аңғартады. Талаптың махаббаттан шығатыны, ал махаббаттың адамның адамдығы екендігі, оның ақыл, ғылымнан өнетіні, ғылым, білімді қалаудың, білуге талап қылудың кісінің көкірегі аршып, тазартуға бастайтыны туралы қағида ұсынады. «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [2, 185-186], – деп, танымдық, тағылымдық маңызы үлкен қорытынды жасайды.

Кісінің талап қылып істемек болған ісінің жақсылығына, нәтижесінің ізгілігі мен игілігіне көзі жетіп тұруы шарт. Талап қылып істемек болған ісінің ізгілігіне, игілігіне көз жеткізбеу, білімсіз талаптану адамды жарға жығуы, қатерге ұшыратуы мүмкін. Одан аман болмақ үшін әр нәрсенің, әр істің алды-артын байқарлық, жақсылықты жамандықтан, ізгілікті зұлымдықтан айырарлық білім, ғылым керек. Сондықтан білімге, хақиқатты, шынды білуге талаптану аса маңызды.

Дүниенің азатын, тозатын, таусылатын нәрселерін қалап, тек қана соларға жету үшін іс қылуға талаптануда, бар өмірін тек осы жолда сарп етуде опа жоқ. Ақын адам болам деген жастарға ондай арзанға алданбай, «талаппен ұшып, талпынып, шартарапты көздеуге» [1, 201] кеңес береді. Талаппен ұшу, талпыну, шартарапты көздеу секілді істердің әрбірінің терең мәні бар. Бұл жерде ақын ойын бейнелі түрде, астарлы мағынада айтқан. Халықтың дәстүрлі мәдениеті тұрғысынан алып қарағанда, олар түгелдей қыран құстың қылықтарын елестетеді. Саятшы қолындағы қыран құсының томағасын алып, ұшырғанда, қыран осындай әрекет жасайды: талаппен ұшады; талпынады; шартарапты көздейді. Осы әрекеттері арқылы ол алыс-жақынды тұтас шолады, керегін күйкентай сияқты ұясының қасынан, іннің басынан емес, шартарапты көздеп табады. Ақын адам болам деген жастың да үйдің іргесінде қалып қоймай, алысқа, биікке талпынып, керегін шартарапты көздеп табуын насихат етеді.

Абай «пайда ойламай, ар ойлаудың», «артық білуге талап қылудың» махаббаттан шығатынын айтады дедік. Бұлар пікір, ой ғана емес, бұлар – Абайдың іліміндегі біртұтас қағидалар жүйесінің басты тіректері. Қағидалар жүйесінің мәні адам болам деген, білім іздеген кісінің талабының махаббаттан шығуы, ақылға сай, ардың гүлін ашатын игілікті іске бастауы, ақылға қайшы, арға жат істен аулақ болуы туралы тағылымды тұжырымдар, ойлар мен пікірлер аясында ашылады.

Абай адам болам деген кісінің асық болатын «бес асыл ісінің» ішінде талапты бірінші атайды. Әңгіме бес асыл нәрсенің қайсысын бірінші атауда емес, олардың әрқайсысының «бес асыл іс» тобында атқаратын қызметінің мәнінде. «Бес асылдың» басы, бастаушысы – талап. Талап жоқ жерде өнер үйрену де, білім табу да, еңбек ету де жоқ, талапсыз ешқандай асыл нәрсеге қол жеткізіп болмайды. Абайдың ілімінде талапқа, білуге деген талапқа осы тұрғыдан толық сипаттама беріледі. Оның өзі талаппен негіздес, сабақтас бірнеше әлеуметтік-этикалық ұғымдармен байланыста жүзеге асады. а) *талаптың мағынасы, мәні* ашылады; ә) *талаптың маңызы* анықталады; б) *талап пен талап қылушылардың түрлері* сипатталады; в) *талаптанудың шарттары*

көрсетіледі; г) талаптанудың мақсаты жүйеленеді. Осы сипаттамалардың өзегінде білім, білім табудағы мақсаттар, білім табушының құзіреттілік сипаттамасы жатады. Ақын білім алу, білім табудағы мақсаттар жүйесін, ол мақсаттарға жетудің шарттарын, ол мақсаттарға жеткенде білім алушының ойы мен бойына қонатын құзіреттілік жайын саралай отырып, негізгі ойларының қуатын білім алушының жеке тұлғасына бағыттап ашады. Жеке тұлғаның білім алу нәтижесінде қол жеткізген немесе қол жеткізетін нәтижелерін саралап келіп, оның құзіреттілік сипаттамасын жасайды. Бұл ұлттық білім беру жүйесінің тарихы мен теориясында күні бүгінге дейін ешкім назар аудармаған, ғылыми зерттеу нысаны болмаған аса ірі дидактикалық мәселенің шешімі еді.

Абайдың білім концепциясында негізделген қағидалардың бір саласы білу, оқу, үйрену процестерінің иерархиялық жүйесін түзеді. Бұл жүйенің бірқатар құрамдастары жоғарыда сипатталды. Олардың әуелгісі – талап→ қабылдау.

Абайдың дүние сырын қабылдау адам бойына туа біткен қуат көздері арқылы, олардың бірте-бірте жетілуі, кемелденуі нәтижесінде жүзеге асатыны туралы қағидасына жоғарыда тоқталдық. Ол қағида бойынша, адам білсем екен, көрсем екен деген мақсатпен талпынып, талап қылып, «көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі» [2, 219].

Абайдың айтып отырған қағидасының негізінде өмірлік тәжірибеден түйген ойлар бар деуге тура келеді. Өйткені белгілі бір өнерді меңгерген адам сол өнерін елеусіз қалдырса, уақыт өткен сайын ол өнер де бірте-бірте ұмытыла бастайды, енді біраздан соң өнерге тән қасиеттер жойылып, әлгі кісі бойындағы өнерін мүлде жоғалтып алады, қайтып өнер жасай алмайды. Өмірлік тәжірибеде бар, көзбен көріп, ақылмен білуге болатын осы шындыққа пайымды кісілердің әрқайсысының да көзі жетеді. Ал ғылыми ойлар жүйесінде мұндай қорытындыға Аристотель де, әл-Фараби де келген. Әл-Фараби: «Қайсыбір тұрғыдан алғанда аса тамаша және өте-мөте абзал қасиеттер болуы мүмкін, бірақ оларды елеусіз қалдырып, арнаулы амалдармен ол қасиетті дамытпаса, тиісті нәрселермен баулымаса, осының нәтижесінде уақытын өткізіп алса, онда ол қасиетті жойып алуға болады» [8, 129], – дейді. Өз заманының, өз өмірінің шындығына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып, Абай да осындай пікір түйеді. Абай сипаттаған бес сезім жайы да осындай.

Абай сипаттап отырған үдеріс барысында жүзеге асатын ерекше екі әрекет бар. Ол – дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын *түгелдеп*, ең болмаса *денелеп* білу [2, 138]. Бұл жерде ақын ұсынып отырған қағида негізіндегі мына екі ұғымға назар аудару қажет: а) түгелдеп білу: ә) денелеп білу. Бұл екі ұғым а) *бүтіндеп білу*, ә) *бөліктеп білу* деген ұғымдармен сәйкес келеді. Бұл екеуі өз кезегінде а) *жинақтау*, ә) *талдау* деген ұғымдармен астасады.

Осы орайда Абайдың тағы бірнеше қағидасындағы мәнге тереңдеу парыз. Біріншісі - «не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпен ұғып,

ұққандықпен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады – сол екі жағына ақылды жіберіп қарамақ» [2, 221]. Мұның мәнісі өмірдің шындық құбылыстарының арасындағы себеп-салдар сипатындағы қатынастар мен байланыстардың сырын біліп, ұғу, түсіну дегенді білдіреді. «Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда бермейді» [2, 221]. Екіншісі – «бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, кәзір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандары бар ма? Әрнәсік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей тыншымау» [2, 221]. Бұл қағида адамның бес сезім арқылы өз көңіліне қонған және қонатын нәрселерді, олардың суреттерін тиісті белгілеріне қарай саралап, ортақ белгілері бойынша топтастырып тану дегенді білдіреді. Болмыстағы құбылыстар туралы жаңа ақпарат алғанда, оны тиісті белгілері бойынша көңілде, есте бұрыннан бар, жинақталған ақпараттармен салыстырып, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін тану негізінде таптастыру – абстрактылы ойлау деңгейінде жүзеге асатын іс. Бұл – ақылдың қызметі. Мұның өзіне тән теориясы, методологиясы бар. Үшіншісі – «кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп, бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз» [2, 219-220]. Естіп, көріп білгендерін «сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табу» – ақылдың көп салалы қиялдау, ойлау әрекеттерінің нәтижесі. Бұл әрекеттер аясында салыстыру, саралау, сұрыптау, талдау, топтастыру, жинақтау сияқты танымдық ойлау құралдарының қызметі айқындалады.

Абайдың «білгені, көргені көп болған адамның білімді» [2, 155] екені туралы қағидасында да маңызды мән бар. Осындағы «көп жиғаны бар адам», «білгені, көргені көп болған адам» ұғымдарының негізінде көп білгені бар, білімі бар адам туралы түсінік жатыр. Сырттан «естіп білу», «көріп білу» дегенде білім алудың нәтижесі ғана емес, білудің құралы, білудің көзі туралы ұғым да қамтылған. Қабылдау, білу, білгенді түсіну жайы Абайдың осы қағидаларының аясында нақтылана түседі. Онда білуге, білгенді түсінуге қажетті амалдар, тиісті тетіктер (талдау, жинақтау) қызметі де маңызды екені көрсетілген.

Болмыстың көрінген және көрінбеген сырларын көңілге түгел жайғастырып алу мүмкін емес. Абай: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды» [2, 189], – дейді. Абайдың білім концепциясында көрініс тапқан құбылыстар да шектеулі екені түсінікті, бірақ бұл құбылыстар, олардың құрамдастары, олардың өзара байланыстары, қызметтері – өз алдына бірбүтін және мейлінше күрделі жүйе. Олардың әрқайсысының мәнін, қырлары мен сырларын, ерекшеліктерін, өзара байланыстарын, қызметтерін белгілі бір ұғымдар, теориялық қағидалар, құрылымдық жүйелер арқылы түгелдеп, денелеп білу – бірбүтін күрделі болмысты, біртұтас жүйені танып-білудің басты жолы, амалы. Біз сипаттап отырған бірбүтін күрделі болмыстың біртұтас жүйесі Абайдың бір шығармасында емес, бүкіл шығармашылық мұрасында түрлі жағдайларға

байланысты көрініс тапқан.

Абайдың білім концепциясында қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау – иерархиялық жүйедегі танымдық ойлау үдерістерінің деңгейлері. Абайдың білім концепциясында танымдық үдерістің иерархиялық жүйесі мына үлгіде өрнектеледі: **талап→қабылдау→білу→түсіну→есте сақтау**.

Абайдың танымдық үдерістер иерархиясында есте сақтау кезеңіне қатысы бар мына қағидаға назар аударайық: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады» [2, 155].

Білу, түсіну, білген, түсінген, есте сақтаған жақсы нәрселерді ескеру, іске жарату қағидасы аса маңызды. Адамның адамдығының өзі білген, есте сақтаған жақсы нәрселерді ескеріп, іске жаратуда. Білген білімді, естегі жақсы нәрселерді ескеру, іске жарату *қолдану* деген ұғымды білдіреді. Осыны негізге алғанда, Абайдың иерархиялық жүйесіне *қолдану* деген тағы бір процесті қосу орынды.

Талап→қабылдау→білу→түсіну→есте сақтау Абайдың білім концепциясындағы танымдық процестер сатыларын білдіреді. *Қолдану* элементтері осы танымдық процестердің бәрінде де азды-көпті болады. Солай бола тұра Абай *талап, қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау* арқылы білген жақсы нәрселерді ескеруге, іске жаратуға, қолдануға аса зор мән береді. Алдыңғы процестерде жинақталған жақсы деген қазына-байлықтың бар маңызы мен мәні оны іске жаратуда, іс жүзінде қолдануда екендігі туралы қағида ұсынады. Бұл қағиданың өмірлік маңызы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
3. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
5. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9 – сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
6. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
7. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

8. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Қазақшаға аударғандар: Қ.Сағындықов, М.Жанғалин, М.Ишмұхамедов; аударманың ғылыми редакциясын жасаған А.Тұрғынбаев. – Алматы: Ғылым, 1975. – 455 б.

Абай ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
ф.ғ.д., профессор Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

АБАЙ – ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Абайдың ұлылығын алғаш танып, «Қазақтың бас ақыны» атап, мақала жазған ұлт көсемдерінің бірі А.Байтұрсынов: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі» [5, 136], – деп, жазыпты.

Шынында да Абайды бірден оқып түсіну қиын. Абайды асықпай, ниет қылып оқу керек, ойланып-толғанып оқу керек, қайталап, ойға тоқып, сезініп оқу керек. Оқу барысында «ақын не айтыпты» деген оймен оқысаң, мәтін де мені «қалай түсінер» екен деп, саған сынай қарап тұрғандай болады. Сондықтан да Абай әлеміне үлкен дайындықпен келіп кірісуге тура келеді. Өйткені, данышпандардың ой тереңінде жатқан даналық иірімдерін түсіну, игеру кез-келген оқырманның маңдайына жазылған, қолынан келе беретін оңай шаруа емес.

Қазақ руханиятының көгінде жарқырап тұрған жарық жұлдызына айналған ұлы Абайдың «Отыз жетінші сөзіндегі» мына бір иірімі терең нақыл сөздерін тағы да бір қайталап оқып көрейікші:

«Биік мансап – биік жартас, Ерінбей еңбектеп, жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады»; «Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер»; «Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық»; «Жаман дос – көлеңке, Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың; Басыңды бұлт шалса, Іздеп таба алмайсың»; «Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ бол»; «Қайратсыз ашу – тұл, Тұрлаусыз ғашық – тұл, Шәкіртсіз ғалым – тұл»; «Бағың өскенше – тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің» т.б. [2, 183-185].

Зымырап замандар, «кезекпенен» ұрпақтар ауысып жатыр. Бірақ та он тоғызыншы ғасырда айтылған осы бір сөздер жиырмасыншы ғасырда да күні кеше ғана айтылғандай. «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп, ақынның өзі айтпақшы, Абайдың келер ұрпаққа жазып

қалдырған өсиеттері де – қазақпен бірге мәңгі жасайтын «өлмес сөздер».

Единица – жақсысы,
Ерген елі – бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл [1, 125], –

дейді данышпан. Өзі айтқандай, Абайдың өзі де – қазақтан шыққан «единица» ұлылардың бірі, бірі ғана емес-ау, бірегейі.

Иә, халқының болашағын оймен барлап, дұрыс жолға бастайтын идеялар туғызып, ақыл айтып отыратын ойшылдарсыз, сол өміршең озық ойларды бойына сіңіріп, халқына жеткізіп, іске асыру үшін көш бастайтын хакім көсемсіз халық – жетім; яғни, – басшы «единицасыз» халық – нөл. Абай ел-жұртының осыншама құлдырап кетуінің басты себебінің бірі ретінде халықтың ішінен жарқын болашақты бетке алатын көсемдердің шықпай жатқанын өкінішпен еске салады.

Шығыста: «Барлығын білетін, білгенін іске асыруға ұмтылатын адам – данышпан, оны ұстаз тұт», – деген сөз бар. Абай – қалың елдің ішінде жүріп, азып-тозып бара жатқан қазақты қайткенде, адам болып қалатын, бақытқа жеткізер, надандықтың ми батпағынан шығарар жолдарын іздеп, «басын тауға да, тасқа да ұрған», оны халқының даналығынан, исламның имандылығынан, Батыстың ғылымынан тауып, «толық адам» ілімін жасаған, жұртын осы адамзат дамуының сара жолына түсуге шақырған данышпан. Абай бастап, одан кейін алашшылдар жалғастырған қазақтың қасқа жолымен адаспай жүру бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған үлкен сын болып отыр.

Үстіміздегі жылы елімізде аталып өтіп жатқан қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы рухани өміріміздегі елеулі оқиғаға айналуда. Ақынның өмір жолы, шығармашылығы жайлы жан-жақты зерттеулер жасалынып, абайтану ілімі тың деректермен, қызғылықты байқаулармен толығуда. Қазақ өмірімен өріліп ХІХ ғасырда айтылған терең ойлар ХХІ ғасырда да өміршеңдігін жоғалтпай, дала данышпаны ұлт тіршілігінің жасампаздық жолдарын көрсетіп тұратын жарық жұлдызына айналып жатыр.

Қазақта «атың шықпаса, жер өрте» деген сөз бар. Бұрындары осы сөздің мағынасын онша түсіне бермейтін-тұғынбыз. Жерді ақыл-есі дұрыс адам өртемейді деп, ойлайтынбыз. Сөйтсек, бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр екен. Мұны дұрыс түсінуге қазір өмір сүріп жатқан атын шығарудың не бір «тамаша үлгілерін» көрсетіп жатқан заманымыз көмектесуде. Адамның ойына кіріп шықпайтын айла-амалдармен атын шығарып, «өмірде жолы болып», «басына бақ қонып», атаққа, мансапқа, лауазымға, байлыққа барынша кенелетін заманның келетінін дана халқымыз қалайша болжап біліп айтқан деп, таң қалмасқа амалымыз жоқ. Қоғамдық өміріміздің барлық саласында орныға бастаған осы бір рухани кесел әдебиетімізде де көріне

бастады.

Егер де жағдай З.Батаева айтқандай, алаш көсемінің ақын поэзиясына қалай да бір қатысы болса, Абайды байшыл, ұлтшыл, ескішіл, феодал деп, өз пікірлерін дәлелдей түсу үшін сөз таппай, ештеңеден тайынбай, барынша ғайбаттап жатқан пролеткультшілдер мұндай жайтты міндетті түрде пайдаланған болар еді. Осы жерде тағы да айтарымыз, Абай үшін айтысқа түскендердің барлығы дерлік, Әлихан Бөкейхановтың замандасы, Абайды, оның ақындық мұрасын жақсы білетіндіктен де З.Батаева айтқандай жағдай болса, бірде болмаса, бірде қылаң беріп қалуы әбден мүмкін-тұғын. Әлиханның есімі Абайға, немесе сол кездегі әдебиетке қатысты даудамайлардың бір де бір жерінде кездеспейді.

Абайды қаралаушы автордың Әлихан мен Абайды бір адам деп келтірген дәлелдері мүлдем сын көтермейтіндігі көзі қарақты оқырманға алыстан-ақ айқайлап тұр. Шындығын айтқанда, қазақтың біртуар ұлы ақынын мансұқтаған бұл мақаланы қазақ әдебиетінің тарихынан, Абайтанудан онша хабары жоқ, не болмаса, қазақ руханиятына деген пиғылы онша дұрыс емес адамның жазғаны көрініп тұрғандай.

Рас, Абайтанудың басында Ә.Бөкейханов тұрып, қалғыған қазақ даласының бір түкпірінде ғұмыр кешіп, артына өлмес әдеби мұра, рухани құндылықтар қалдырған ақын қайтыс болғанда, ақынның ұлылығына алғаш бас иіп, қазанама жазып, мақалалар жариялап, кітабын шығарудың басы-қасында болып, жалпақ жаһанға жар салып, ұлттың рухани өмірінде тарихи рөл атқарды. Кейін алаш көсеміне айналған Ә.Бөкейхановтың алаштық идеяларының негізіне Абай жырларының идеялық бағыты өзек болды. Осылай болды екен деп, Абайды Ә.Бөкейханмен шатастыру ақылға сия бермейді.

Кеңес өкіметінің алғашқы он жылдығындағы әдеби өмірге қысқаша шолу мақала авторының Абай ғасыр басында есімі белгілі болғанымен, шын мәнінде ақын ретінде 1933 жылы өлеңдері кітап болып шыққаннан кейін ғана танылды («Он стал знаменитым писателем только в 1933 году, благодаря государственному проекту публикации текстов Абая») деген пікірінің біржақты екендігін көрсетеді. Шындығында, Абайдың ұлы ақын екендігі ғасыр басында-ақ Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың т.б. еңбектерінде барынша айтылғанымен де таптық қоғамда пролеткультшылардың солақай әлеуметтік сындарына ұшырап, көп теперіш көрді. Тек 1933 жылы Қазақстан жазушыларына басшылық жасап келген ҚазАП тарағаннан кейін 1936 жылға, яғни жеке адамға табынушылықтан туындаған сталиндік зұлматқа дейін созылған «жылымық» кезінде қазақ қаламгерлері көп жұмыстар жасап үлгерді. З.Батаева әңгіме өзегіне айналдырып отырған Абайдың толық шығармалар жинағы ҚазАП-тың орнына жаңа жазушылар ұйымын құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің төрағасы І.Жансүгіровтің алғысөзімен жарық көрді. Тіпті, 1936 жылы басталып, 1937 жылы ұлттық атаулыны қынадай қырғаннан кейінгі қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі Абайдың тарихи биік орны кешегі тәуелсіздік алғанға дейін де сан-саққа құбылып келді.

Иә, өткен ғасыр басында-ақ «қазақтың бас ақыны», «қазақтың ұлы ақыны» деп, таныла бастаған ұлт ақыны Абай кеңестік кезеңде салтанат құрған таптық идеологияның сұрапыл шабуылынан да аман-есен өтіп, тәуелсіз Қазақстан дәуіріне де жетті. Енді қазақ бар жерде Абай да бар. Абай аңсаған, ашына жырлаған өміршең ойлар енді қазақтың қазақ болып, мәңгілік өмір сүру жолына қызмет етіп, жасай беретін болады.

3. Батаеваның қазіргі қазақ қоғамы тілдік, мәдени ұстанымдарына қарай қақ жарылып отыр дегенімен келіспеске амалыңыз жоқ. Ал енді осы ойын айтып болар-болмас, артынша осы жағдайға Абайды кіналауы көңілге кірбің ұялатады («В настоящее время казахское общество расколото по языковому и культурному принципу, и хотя трудно определить, до какой степени за этот раскол ответственен Абай, очевидно, что в его текстах можно найти элементы, привлекательные для обеих сторон...».

Поэзия Абая могла бы объединить казахскую нацию – она могла бы наполнить каждого казаха чувством гордости, что он казах. Но в постсоветский период Абай стал фигурой, вызывающей разногласия, символом культурного и лингвистического раскола в казахском обществе» («Стан.кз»). Бұл енді басқа рухани әлемде жүргендердің, шалақазақтардың өздерінің кемшіліктерін көре алмай, көргісі келмей, немесе мойындамай, бар күнәні Абайға жабуы - кешіріңіз, күлкілі жағдай. Мақала авторы Абай өмірде болмаған, Абай деп жүргеніміз – Әлихан Бөкейханов дей келіп, артынша-ақ ақын мұрасы дұрыс зерттелмеген, орыс тіліне дұрыс аударылмаған, ақын орысшыл болды, оның шығармаларын оқыған қазақ қауымы орыс тілді, қазақ тілді болып қақ жарылды деген сияқты сыни ойларын ортаға сала келіп, ол қазір қақ жарылған қазақтардың басын қоса алатын бірден бір ұлы ақын дегенді мойындауға мәжбүр болған.

Мақалада «негатив сөздер», сонысына қарамастан, бастауыш сыныптардың оқулықтарына дейін кірген деп, ең қатты сынға ұшырағаны Абайдың қара сөздері: «В сорока пяти пронумерованных текстах, составляющие «Слова назидания», казахи часто именуются «ленивыми», «невежественными», «завидующими друг другу» и даже «врагами друг другу». С точки зрения критикующих, то внимание, которое казахские школы на протяжении нескольких десятков лет уделяли антиказахскому содержанию прозы Абая, нанесло удар по самоуважению нескольких поколений казахов и создало отрицательные стереотипы о казахах среди других этнических сообществ, тем самым углубив раскол в обществе Казахстана» -дей келіп, «То внимание, которое казахские школы на протяжении нескольких десятков лет уделяли антиказахскому содержанию прозы Абая, нанесло удар по самоуважению нескольких поколений казахов и создало отрицательные стереотипы о казахах среди других этнических сообществ».

Осылай дегенімен де автор «Как мог кто-либо поверить, что кочевник-казах XIX века, который, согласно официальной биографии, всегда оставался верен кочевому образу жизни своей семьи и предков, мог подвергать свой народ такой критике?»-дей келіп, тіпті, ақынның кейбір қара сөздерін

Ж.Аймауытов сияқтылар, «Отыз сегізінші қара сөзін» молда жазған деген сәуегейлік жасайды. «...кто написал «Слово тридцать восьмое»? Исходя из его интонации и содержания, весьма вероятно, что его написал мулла»-дей келіп, қалада емес, қазақтың кең даласында өмір сүрген көшпелі қоғамның өкілі Абайдың осындай ойлы, философиялық толғамдары терең өлеңдерді, қара сөздерді жазғанына, халқының бойындағы кемшіліктерін түп-тамырына дейін сынай алғанына күмәнмен қарайды.

Сын айтқанның барлығы жау емес. Өйткені, әрбір адамның, ұлттың бойында жақсы жақтарымен қатар кемшіліктерінің де болуы – өмірдің заңы. Өз кемшіліктерін көре білген, соны уақытында жоя алған адам ғана, ұлт қана жетістіктерге жете алады. Сын айту, өзара сын – дамудың бірден бір шарты. Сыннан қорытынды шығарып, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену – өсіп-өркендеудің, жетістіктерге жетудің кепілі. Сондықтан да адамның бүкіл ғұмыры өзінің бойындағы, қоғамдағы жөнсіздіктерге қарсы күреспен өтеді дерлік. Ал қоғамдағы рухани кеселдерге қарсы ашық күрес – кез келген адамның қолынан келе бермейтін, ұлтын шын сүйгендердің ғана пешенесіне жазылған мәртебе. Бұған адамзаттың күллі тарихы – куә. Бұрын да солай болған, қазір де – солай. Абай да – қалың халықтың арасынан шығып, ұлтын рухани өрлеуге шақырған ұлылардың бірі.

Тарихтың аумалы-төкпелі замандарында не бір сын сәттерде қиындықтардан аман-есен өтіп, бүгінгі күнге жеткен ұлттардың барлығы да өздерінің арасынан шыққан рухани көшбасшыларын көкке көтеретіні де осы себептерден. Отаршылдықтағы халқының азып-тозып бара жатқанына шын жаны ашып, шырылдаған Абай одан шыға білудің жолы білім-ғылымда, рухани байлықта, «ақыл бірлігінде» екенін көре біліп, ұлттық дамудың даңғыл жолын көрсетті. Мұндай құбылыстар ғасырлар көгінде сирек көрінсе, Абай қазақ тарихында халқының рухани көгінде жарқыраған жарық жұлдызға айналды.

Мақалада бүгінгі таңдағы қазақ мектептерінде Абайдың қалай оқытылып жүрген мәселесі көтеріледі. Шындығында да тәуелсіз Қазақстанда жаңа мазмұндағы оқулықтардың сын көтермейтіндігі ақпарат құралдарында кеңінен талқыланып жатыр. З.Батаева да үшінші сынып оқулығында Абайдың екі өлеңімен қатар, 9-10 жасар бала түгілі ересек адамның өзі әрең түсінетін «Отыз сегізінші қарасөзінен» берілген қысқа ғана үзіндіде тоғыз, қосымша тапсырмаларды қосқанда, он жеті негатив сөздің кездесетінін, онда да мұның барлығы қазақтың адресіне айтылатындығын орынды түрде қатты сынға алыпты. Осы сияқты алтыншы сыныптағы «Жетінші қара сөздегі» Абайдың пессимистік ойларын оқыған оқушы қазақ туралы қандай қорытындыға келер еді деген сауал тастауы да – ойландыратындық.

Бұл жердегі бізді ойландыратыны – бұрын қазақ әдебиеті, оның проблемалары жайлы еңбектерімен көрінбеген аудармашының ұлы ақынның 175 жылдығын ұлықтап жатқанда, жаңаша зерттеу «әдістемесін» қолдана отырып, қазақ әдебиетінің классигі Абай өмірде болмаған, Абай деп жүргеніміз Әлихан деп, айды аспанға бір-ақ шығаруы. Мақаланы оқып

отырығанда, ең алдымен байқалатыны, автордың абайтану ілімімен, әсіресе тәуелсіздік дәуіріндегі соңғы еңбектермен, осы салада атқарылып жатқан соңғы шаралармен, қазіргі таңдағы ғылыми ізденістердің барысымен онша таныс еместігі, көбіне бұрындары жарық көрген орыс тіліндегі зерттеулерге сүйенгендігі көрінеді. Мейлі десек те әдебиеттің ғылыми мәселелерімен бұрын айналыспаған адамның бірден анау-мынау емес, қазақ әдебиетінің классигі Абайға жармасып, оны жоққа шығаруға ұмтылуы көңілге күдік ұялатады.

Қазақ даласындағы қарама-қайшылықтардың барынша өріс алған қилы заманда өмір сүрген Абай «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» атты өмірмен қоштасу, кейінгілерге өсиет мазмұнды өлеңінде:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!
Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!
[1, 280], –

деп, өмірінің қандай жағдайда өткені, нені атқарып, нені атқара алмай кетіп бара жатқаны жайлы ағынан жарылыпты. «Жұмбақ адам» Абайды түсіну үшін алдымен, оқылатын өлең – осы. Керек десеңіз, Абай біздің қорғауымызды керек етпейді; керісінше, Абай еліміздің ел болып, қазақтың қазақ болып қалуы үшін бізге қажет. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған Абай» қазақ бар жерде жаңғырып, жасарып, бұзылып бара жатқан заманда адам болып, қазақ болып жасай беруімізге қызмет ете беретін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
3. Ақселеу Сейдімбек. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2010. – 584 б.
4. Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 288 б.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар / Құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбев, Е.Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н.Нұрәлі; жауапты ред. Ә.Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж.Дәднбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 136-143 беттер.
6. Ақсұңқарұлы С. Менің Абайым // Егемен Қазақстан. – 20.01.2020.

7. Пірәлиева Г. Жаңсақтықтарға жол берілмесе екен // Егемен Қазақстан. – 17.08.2020.
8. Сұлтан Хан Аққұлы. «Геростратова слава Зауре Батаевой» // «Абай.кз», 30.11.2020.
9. Омаров А. Абай болмаған деген не сұмдық! // «malim», 23.07.2020.
10. Сейітхан А. Абайды жеңген кім? // «Абай.кз», 28.07.2020.
11. Екеу. Журнал туралы // Абай. – 1918. – № 1.
12. Кенжебайұлы Б. Абай // Еңбекші қазақ. – 28-29.08.1925.

Абай ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері
Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ

АБАЙ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫ

Ұлы ақын, қазақ жазба поэзиясын жаңа сапалық биікке көтерген, әдебиетімізге көркемдік құндылықтардың әлемдік үлгілерін алып келген, өзіндік ақындық мектеп, қайталанбас дәстүр қалыптастырған Абай Құнанбайұлы поэзиясының көп қырлы сипаты әдебиеттану ғылымында аз сөз болып жүрген жоқ.

Әсіресе Абайдың ақындық мектебі, оның өз тұстастары мен өзінен кейінгі шәкірттеріне әсер-ықпалын былай қойғанда, Абай поэзиясының өзінен кейінгі тұтас қазақ әдебиетіне тигізген игі әсері, қазақ поэзиясының жаңа сапалық арналарына жол ашуы, тақырыптық ауқымын кеңейтуге, тұтас көркемдік мектептер мен жаңашыл ақындық ізденістердің дүниеге келуіне негіз болуы әлі де тереңдеп зерттеуді қажет етеді. Соның бір саласы – қазақ поэзиясындағы дастандық дәстүрдің Абай арқылы жаңа биікке көтерілуі және жаңа сапалық кезеңге қадам басуы.

Дәстүрлі қазақ поэзиясында сюжеттік оқиғаларды арқау етіп, тарихи кезеңдердің шындығын биік көркемдік деңгейде, тартымды суреткерлік шеберлік аясында жинақтап көрсете алған эпикалық шығармалар молынан кездеседі. Қазақ поэзиясындағы осынау құнарлы көркемдік ізденістердің арғы бастауларына назар аударатын болсақ, бірінші кезекте Абай поэзиясының көркемдік тағылымы, поэтикалық қуаты, ақындық шеберлік мектебі ойға оралады.

Абайдың қаламынан қалған асыл мұраның тарихи құндылығын осыдан бір ғасыр бұрын, 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетінде «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов былайша айшықтайды: «Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр

нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз». Бұл баға – Абайдың поэмаларына да қатысты айтылған баға. Абай шығармаларының тарихи ауқымына, яғни тереңдігіне, арғы тамырларына, қайнарларына Ахаң үлкен білгірлікпен назар аудартып отыр. Ары қарай осы пікірін тағы да жалғастырып: «Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған», – дейді. Абайдың әлем әдебиетінің жауһарларын да жақсы білгендігін меңзеп отыр.

Ал Мұхтар Әуезов өзінің «Абай Құнанбаев» атты зерттеуінде: «Абайдың оригиналдық поэмасы үш шығарма: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі». Бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, соның ішінде бұрнағы шығармаларындай өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалар емес. Үшеуі де шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады», – деп атап өтеді. Мұхаң бұл жерде Абай шығармашылығының диапазоны, тақырыптық ауқымы, тарихи маңыздылығы туралы кең қамтып, тоқталып отыр.

Абай Құнанбаевтың халық басынан өткен белгілі тарихи кезеңдерді және осы тарихи кезеңдерде тағдыр кешкен немесе ел өміріндегі ірі-ірі оқиғаларға ұйытқы болған тарихи тұлғалардың өмірінен алынған сюжеттік желілерді арқау ете отырып, терең гуманистік, адамгершілік, азаматтық, моральдық идеяларды көтеретін туындылары кейінгі қазақ поэзиясына да өзінің игі ықпалын тигізді.

Абай жырлаған бұл тақырыптардың ішінде қазақ поэзиясының ғасырлар бойы жалғасып келе жетқан алтын арқауы – адамзаттық гуманистік құндылықтар, биік адамгершілік қасиеттер, мәңгілік махаббат, жастар арасындағы сүйіспеншілік, Отанды қорғау, туған жер үшін күресті бейнелеу идеялары да алдыңғы қатарға шығады. Тек бір ғана мұраларымызды, лиро-эпостық жырларымызды алып қарасақ, Абайға дейінгі поэзиялық дәстүріміздің соншама құнарлы болғандығына көз жеткіземіз. Абайдың жоғарыда Мұхаң атап өткен «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты поэмалары осынау қазақ әдебиеті үшін әрі арналы, әрі өзекті тақырыптарды бейнелеудің дәстүрлі поэзиямыздағы озық үлгілері болып табылады.

Абайдың «Ескендір» поэмасы ақындық шегіністен басталады. Ұлы ақын, алдымен, халық санасына сіңген ескі тарихты қозғап, Ескендір патшаның кім екендігін, қайдан шыққандығын, қандай іс-әрекеттерге барғандығын, өз заманында қандай билік жүргізгендігін шолып айтуды мақсат етеді.

Ізгілік пен қатыгездікті, жақсылық пен жамандықты бірден ажыратып, ақындық поэзиясын бірден анықтап, айшықтап жеткізген хакім Абай Ескендір патшаға, оның тұлғасына, тарихи орнына деген өз көзқарасын бірден ажыратып алады.

Оқырман да ақын дүниетанымына тән, авторлық мақсатқа сай автор Абай қандай гуманистік құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді алдыңғы қатарға шығарғысы келгендігін бірден аңғарады. Сондықтан поэманың басталуындағы алғашқы шумақтардың өзімен-ақ Абай өз дүниетанымын, адамзат тарихындағы орын алған заманауи оқиғаларға қатысты өз бағасын бүркелемей, астарламай, ақ пен қараға бөліп тастағандай етіп, оқырманға ашық, тайға таңба басқандай анық, түсінікті әрі поэтикалық аяда шашыратып алмай, түйіндеп, жинақтап жеткізеді. Поэманың:

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге,
Көз алартып қарады оңды-солды.
Сұмдықпен ғаскер жинап қаруланды,
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды,
Көп елді күтінбеген қырды, жойды.
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды,
Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодан қылып,
Өкіметін қолына тартып апты.
Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады», –

деген жолдармен басталуында осындай үлкен авторлық мақсат, ақындық дүниетаным жатқандығын аңғармау мүмкін емес.

Ақын және заман, ақындық дүниетаным және тарихи тұлға болмысы категорияларын Абай саналы түрде жіктеп, жіліктеп көрсеткісі келмегенімен, осынау поэма шумақтарының мазмұнынан, поэтикалық астарынан қазақ оқырманы поэма авторы мегзеп отырған, айтқысы келген гуманистік, қала берді жалпы адамзаттық құндылықтарды жан жүрегімен қабылдайды. Адамзатқа алапат апат алып келетін, адам өмірін ойыншыққа айналдыратын соғыс өртін ақын айыптайды. Ескендір тұлғасы арқылы адамзат баласының ойланбаса қандай катаклизмаларға ұрынатынын ескертеді. Өркениет көші соғысқа әкелмесе екен деп тілейді. Себебі адамзат жады тарихи тұлғалар Шыңғыс хан, Иван Грозный, Наполеон, Гитлердің не істегенін ешқашан ұмытпайды.

Ең бастысы, ақын дүниетанымындағы рухани құндылықтардың бір

адамның, яғни белгілі тарихи оқиғалар арқылы қалайша жарқырап көрініс табатынына куә боламыз. Поэманың астары қалың сюжетке құрулы, ішкі динамикасының ширақ, жинақы болып келуі, өте тартымды, жатық тілі, сонымен бірге шығарманың көркемдік санасынан, поэтикалық жүйесінен Абай қолтаңбасының айшықты көрінуі поэманың негізгі құндылығы ретінде бағалануы тиіс.

Абайдың осынау поэмасына байланысты Мұхтар Әуезов өз монографиясында дастанның сюжеттік арнасын анықтау мақсатында бірнеше тұжырымдар жасаған. «Шығыс елдерінде, әуелі, Иранның аристократиялық аңыздарында Ескендір образы көп әңгімеленген. Сол замандардан бері қарай Византия (Рум) аңыздарында да оның жайы көп айтылады. Атақты Фирдауси өзінің «Шаһнамасында» Ескендірдің туындысын жоғарыда аталған Иран аристократтарының лақабы бойынша баян етеді», – деп дәлелдейді. Осы тарихи аңыздардың барлығын терең талдап келеді де: «Ескендірді соңғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды түгелімен Низамидің «Ескендір намасынан алған», – деп түйіндейді. Ары қарай Абайдың «Ескендірі» мен Низамидің «Ескендір намасының» сюжеттік желілерін қатар жарыстыра талдап, баяндап келеді де поэманың еңбасты құндылығын Абайдың ақындық концепциясына әкеліп тірейді. «Абай XIX ғасырдың орыс пен Европаның ағартушылық, гуманистік және сыншыл реализм бағытындағы үлкен үлгілерімен тәрбиеленген ақын болғандықтан Ескендір жайында өз заманының тың сындарын еркін пайдаланады. Және өз поэмасының соңғы шумақтарында алыстағы Ескендір жайынан әңгіме қозғап келсе де, қорытынды өсиеттерін өз замандарына, өз оқушыларына арнайды. Бұрын өз өлеңдерінде өзі айтып келген негізгі ойларға әкеліп саяды», – деп қорытындылайды. Абайдың да Низами, Навои, Физули сияқты өзі қадірлеген классиктердің назирағөйлік үлгісін шығармашылық жолмен пайдаланып қолданғанын баса көрсетеді. Мұхаң Абайдың шығармашылығын ұзақ жылдар зерттеп, терең білгендіктен оның поэмаларының поэтикалық, тарихи-танымдық астарына да кең тоқталады.

Ақынның көркемдік қабылдауында Ескендір сияқты тарихи тұлғаның жеке тағдырынан бастау алатын сюжеттік желі өрби келе поэманың көркемдік шешіміне орай айрықша әсерлі, айрықша тартымды, тағылымдық, тәрбиелік маңызға ие болады. Яғни жеке тұлғаның өмірінен алынған тарихи оқиғалар шоғыры көркемдік дүниетаным, философиялық ой-толғамдар арнасында ақын үшін бүкіл адамзаттық идеяларды көтеруге мол мүмкіндіктер ашқан.

Тарихи тұлға Ескендір патшаның қанқұмарлығы, тойымсыздығы, дүниеқоңыздығы сияқты жағымсыз қасиеттері шығарма арқауында үзбей жалғасып, бір-бірімен іштей сабақтасып отыратын сюжеттік оқиғалар арқылы оқырманға әсерлі жеткізіледі.

Поэманың сюжеттік желісінде ашкөз, қанқұмар патша Ескендірге қарама-қарсы бейне ретінде ғұлама ғалым, данышпан, дана қария Аристотель бейнеленеді. Поэманың көркемдік шешімі ретінде Абай өз шығармасында арнайы Аристотель сөзіне кезек береді. Дүниені жаулап алу мен қатыгездікке

ерік берген, тоқтау, қанағат, рахым дегенді білмеген қанқұмар патшаға Аристотель сөзі ой салады. Қатыгез патшаны райынан қайтарады. Адам баласының көзі тірісінде дүниеге тоймайтынын, барға қанағат етпейтінін мегзей отырып, поэма кейіпкері Аристотель:

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні,
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.
Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат! –

деп, терең астарлы өсиет сөзін айтады. Поэманың аяқталар тұсындағы осынау шумақтар шығарманың күллі көркемдік шешіміне сыйып тұрған тақырыптық-идеялық ойды, автордың концептуалды көзқарасын, терең дүниетанымын аңғартады. Демек, Абай сомдаған көркем бейнелер тарихи кезеңдер шындығын авторлық идеяға сәйкес қайтара жаңғыртып, қайтар құбылтып, мүлде жаңаша мазмұндық аяда оқырманға ұсынуға болатындығын көркемдік тұрғыдан дәлелдеді.

Осылайша, Абай негізін қалаған, жаңа сапалық, көркемдік биікке көтерген құнарлы суреткерлік шеберлік мектебі жиырмасыншы ғасыр поэзиясында да келесі буын қаламгерлер шығармашылығы арқылы өрісін кеңейтіп, тың ізденістерге, ақындық өзіндік көркемдік әдістерге жол ашты. Тарихи сюжеттерге құрылған немесе шығыстық аңыздар мен исламдық құндылықтарды арқау еткен дәстүрлі ақындық дастандық жырлар жаңа заманға сай жалғасын тапты. Он бесінші ғасырда дүниеге келген Мырза Мұхамед Хайдар Дулатидың әйгілі «Жаһаннаме» дастанынан бастау алатын шығыстық, түркілік үлгідегі жыр-дастандардың әсер-ықпалы XX ғасыр әдебиетінде де терең із тастағанын аңғарамыз. Мысалы, тазару жолы ханға да, қараға да біреу, жалғыз. Ол Аллаға барар жол дегенді ұлы ойшыл, данышпан ақын Мұхамед Хайдар Дулати тарихи шындық арқылы философиялық-поэтикалық тілмен оқырманға әсерлі жеткізеді. Дастанның соңында өмірлік ғашығы, сүйген жары, жан сұлуы Перизат Назбойдан айырылған әмірші Фируз шах тағынан өзі бас тартып, тақуалық, дәруіштік жолға түсуге бел буады. Патша тағын тастап, алтын тәжден баз кешеді. «Жаһан наме» дастанының тақырыптық, идеялық, көркемдік түйіні де осы тұстан көрінеді. Елдік мұраттарды, ел қамын биік қоятын ақын, ойшыл сан қилы шығыстық сюжеттік желілерді бір арнада тоғыстырған. Түптің түбінде ақиқат жолы Алла жолына бастайтынына ақын сенеді. Адам тағдырының қас қағым сәттік өткіншілігі мен жалған тіршіліктің мәніне терең бойлайтын ақын поэтикалық метафора, айшықты ой, даналық толғамдар арқылы және басқа да дастан жанрына сыйымды, қиял-ғажайып оқиғаларға құрылатын құнарлы көркемдік

әдіс-тәсілдерге иек арта отырып, поэтикалық жаратылысы бөлек, тағылымдық-тәрбиелік маңызы тереңге тартатын көп қырлы туынды келтіреді. Дастанның тарихи мәні де, тарихи тағылымы да осында. Осынау біздің бес ғасыр бұрынғы өркен жайған, әлем әдебиетіне құнарлы ағыс алып келген дастандық жырлау дәстүрі Шығыс поэзиясына да, Абай шығармашылығына да, кейінгі қазақ поэзиясына да игі әсер-ықпалын тигізгенін ұмытпауымыз керек. Әсіресе түркі өркениетінің шарықтау дәуіріне, түркілік поэзияның гүлденуіне көне түркі, шағатай, парсы тілінде жарық көрген мұраларымыздың бел ортасында дастандық дәстүр алыстан көз тартады.

XIX ғасырдағы Абай Құнанбаевтың, XX ғасырдағы Шәкәрім, Жамбыл, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Иса Байзақовтың халық басынан өткен тарихи кезеңдерді немесе тарихи тұлғалардың өмірінен алынған сюжеттік желілерді арқау ете отырып, терең гуманистік, адамгершілік, азаматтық идеяларды, исламдық құндылықтарды көтеретін туындылары қазақ поэзиясының шоқтығын көтерді.

Сонымен бірге XX ғасырдағы М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», С. Сейфуллиннің «Көкшетау», І. Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», «Құлагер», С. Мұқановтың «Сұлу шаш», И. Байзақовтың «Құралай сұлу», «Алтай аясында», алпысыншы жылдары дүниеге келген Қ. Бекхожиннің «Ақсақ құлан», Х. Ерғалиевтің «Құрманғазы», Ж. Молдағалиевтің «Кісен ашқан», т.б. поэзиялық шығармаларымыз әдебиетіміздегі тарихи тақырыпты, тарихи тұлғалар тағдырын бейнелеуді жаңа белеске алып шықты. Осынау шығармалардағы сюжет құрудағы пішіндік ізденістер, тарихи тұлғаны даралаудағы көркемдік әдіс-тәсілдер Абай дәстүріндегі суреткерлік арналармен әр қырынан келіп сабақтасады. Бұл туындылар ішкі көркемдік қуаты, халықтық сипаты жағынан да Абай шығармаларынан үлгі-өнеге алғанын, қазақ поэзиясында бұрыннан арқауы үзілмеген бай дәстүрлерді жаңа көркемдік сапалық деңгейде қайтара жаңғыртқанын таныта келді. Қазіргі қазақ поэзиясында да бұл өнер көші, құнарлы дәстүр тоқтап, толастаған жоқ.

Осынау шығыстық арнадағы, ең бастысы, түркілік, исламдық дүниетаным тұрғысынан жырланатын дастандық үлгілердің озық түрлері Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығынан ерекше көрінеді. Т. Ізтілеуұлының жыршы, жырау, ақын ретіндегі бір ерекшелігі – өзі жырлаған шығармаларында біздің басты құндылығымыз ислам тақырыбын мол қамтып, осы арқылы дастандық үлгіде имандылық тақырыбын, пайғамбарлар өмірбаянынан таратып айтатын сюжеттік желілерді өнегелік және тағылымдық мақсатта көп жырлағандығы.

Даналық ой-толғамдар, фәни жалғанның қас-қағым сәттік өткіншілігі мен адам бойындағы алуан мінез-құлықтың көріністері барлығы ой елегінен өтеді. Шайыр осынау тақырып, ой арналарының барлығын көркем тілмен, поэтикалық айшықтаулар арқылы оқырман жүрегіне әсерлі жеткізеді. Қазақ танымындағы таныс сюжеттер, таныс кейіпкерлер ақын дүниетанымы арқылы жаңаша жинақтық мәнге ие болғандықтан олар өзінің көркемдік құндылығын

тереңдете түседі. Поэтикалық әсері де осы арқылы жаңаша пайымдалады.

Айталық, ақынның «Жасыл құс», «Хабибулла мен Аллаяр», «Мұхаммед туралы», «Мәрді диқан хикаясы», «Соқыр мен ақсақ», «Қойшы хикаясы», «Ескендір хикаясы», «Лұқман баласының хикаясы», т.б. дастандық үлгіге жақын, хикаялық сюжеттерді арқау еткен, көлемі жағынан қысқа-қысқа туындыларында дін тарихынан, пайғамбарлар өмірінен тарата отырып, ізгілік жолына бастайтын адам бойындағы жақсы қасиеттерді уағыздайды, үлгі етеді. Жауыздық пен жамандық, өтірік пен өсек, жала мен пәле, ұрлық пен сұмдық сияқты адамзатты аздыратын, жарға жығатын мінез-құлықтарды, нақты өмір көріністерін нақты кейіпкерлер арқылы әшкерелеп отырады.

Таза дін тақырыбы, яғни пайғамбарлар өмірінен сюжет тарқатып, оқиғалар құраудың тағылымдық, тәрбиелік астарына үңілетін ақынның осы мақсаттағы туындыларынан «Сүлеймен хикаясы», «Самыруқ хикаясы» атты екі дастанын бөле-жара қараған жөн. «Сүлеймен хикаясы» дастаны өзіміздің аңыз-эпсаналарымызда, ертегілік, хикаялық жыр-дастандарымызда жиірек суреттеліп, кеңірек сөз болып келе жатқан Сүлеймен пайғамбардың өмірбаянынан алынған көне деректердің бірін арқау еткен. Әлемдегі жанды-жансыз атаулының барлығының тілін білген пайғамбарымыздың ел ішінде ежелден аңызға айналған бір тағылымды оқиға желісі тұтас дастанның тақырыптық-идеялық арқауын көтеріп тұр.

Дастанда, алдымен, сабыр мен ақыл, даналық марапатталады. Ілім мен білім, көрегендік, тапқырлық адам баласын ізгілікке бастайтындығы айтылады. Дәуіт пайғамбар осыларды уағыздайды. Тұрмағамбет ақынның осынау сюжетті таңдауының өзінде үлкен сыр бар. Күллі тіршілік заңын, әлем жаратылысын түсінуге шақырады. Адамның ізгі мақсаты осы деген идеяны алға тартады.

Ал «Самұрық хикаясы» дастанында Алланың пешенеге жазған тағдыр бұйрығынан асып, ешбір пенде тіршілік ете алмайды. Ақын өз дастанында «Адамның тағдыры – бір Жаратқанның иелігіндегі дүние» деген идеяны насихаттау мақсатын көздеген. Дастан: «Жол табам жалғыз өзім» дегендердің, «Өсірмейді, өшірмесе Алла бойын, Жаздырып жақсы-жаман жұмысыңның. Қалдырмайды қалайда да сіркедейін», – деген дидактикалық жыр жолдарымен тәмамдалады. «Барлығы, әр басқан қадамың, әрбір қимылың, әрбір іс-әрекетің, ей, пендем, бір Аллаға аян, Жаратқанның көз алдында», – деген идея бой көтереді. Тазалыққа, адалдыққа уағыздаудың жолын ақын осылай мегзейді.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының дастан, хикаяларының өн бойынан сан ғасырлар бойында арқауы үзілмеген шығыс шайырларының жырлап өткен мәңгілік идеясы – Ұлы Жаратушыға жақындай түсу идеясы, Алланың болмысынан тарайтын күллі жақсылық, ізгілік атаулыға ұмтылу идеясы самал желдей есіп, жаныңа нұр құяды. Алланың дидактары ақындастарында ақиқат жолына бастайтын шамшырақтай биіктей береді.

Кішкене шегініс жасасақ, адамзат тіршілігіндегі осынау құндылықтардың барлығы Абайдың «Ескіндір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» поэмаларында да көтерілген еді. Абай шығыс ақындарын көп пайдаланса,

Тұрмағамбет осы құнардан нәр алады. Шығыс өркениетін, түркі өркениетін, ислам құндылықтарын терең зерттеген, терең білген, соны өз шығармашылығына дарытқан, лирикалық, дастандық туындыларында, қара сөздерінде сан қайтара жырлаған, сөз еткен Абай феномені, яғни ұлы ақынның ақындық дәстүрі сан қырлы екенін аңғарамыз. Соның бір ғана қыры – қазақ дастандарындағы Абайдың қолтаңбасы, Абайдың үлгісі, Абайдың мектебі әлі де терең зерттеуді қажет ететін заманауи, әдеби-ғылыми мәселе екендігі анық.

Доктор филологических наук, профессор
Бакинского славянского университета
Низами Мамедов ТАГИСОЙ

Творчество Абая в мировом литературоведении

«Абай – зрячее око, Абай – отзывчивое сердце, Абай – мудрость народа» именно так сжато и ёмко высказывался Мухтар Ауэзов – автор крупного эпического полотна «Путь Абая», о великом реформаторе казахской культуры об Абае Кунанбаеве.

Творческое наследие Абая, его лирические стихи, поэмы, «Искендер», «Масгуд» и «Сказание об Азиме» (написанные в 1887 г.), «Слова назидания», философские мысли художника без всякого преувеличения можно отнести к сокровищнице мировой литературы. Именно в творчестве Абая казахская письменная литература впервые начала своё становление. Несмотря на то, что порою просветительские идеи поэта местами выступали в религиозной оболочке (что особенно выпукло просматривается в его «Гаклии»), где он не отрицает основы исламской религии, признает Аллаха единым, а Мухаммеда – его пророка, толкует о необходимости веры и долга человека перед всевышним [11, с. 194], тем не менее «Слова назидания» имели огромное прогрессивное значение для развития казахской общественной мысли и художественной прозы.

Следует подчеркнуть ещё одно важное обстоятельство. Имя Абая и его произведения долгое время оставались малоизвестными для мировой художественной мысли, в то же время через десятилетия это имя было введено в научно-художественный обиход, начиная с начала XX в. Знакомство зарубежного читателя началось переводами его произведений на монгольский и китайский языки. Один из исследователей творчества Абая Айнура Машакова пишет о нём следующее: «На китайский язык произведения Абая переводил профессор Ха Хуаньчжан, пишущий под псевдонимом Хабай. В 1950 году он перевёл поэму «Искандер» на китайский язык... В 1958 году осуществил перевод двух других поэм Абая, которые вместе с первой были изданы в форме сборника «Абай Кунанбаев три поэмы» [14, с. 190].

Именно после этого произведения Абая зазвучали на многих иностранных языках. Почему притягивали внимания произведения Абая? Потому что он боролся против невежества и коварства, несмотря на жёсткие преследования, он отдал весь свой талант во имя служения своему народу. Он для своей эпохи, для той среды, в которой жил и творил, был загадкой. Его призвание было в том, что как светило и солнце служил родной литературе. Его творчество полно народностью и реализмом. Именно поэтому яркая и талантливая поэзия Абая обрела бессмертие не только среди родного народа, но и, перешагнув границы национального, зазвучала на многих языках мира. Творения Абая народны потому, что они дают читателю возможность думать о разносторонности творческого процесса писателя. Будучи выразителем стремлений народа, в его поэтическом подвиге ему опорой служили передовые демократические идеи и других народов. Философские раздумья Абая, его помыслы о природе, об истории казахов помогали преодолевать вековую изоляцию и отсталость народа. Неслучайно, что многие критики едины во мнении о том, что Абай как писатель, склонный к реалистическому изображению окружающей действительности, ввёл в казахскую литературу картины современной ему действительности. Абай – любимый писатель не только казахского народа. Его также горячо любят азербайджанские читатели, критики, литературоведы. Неслучайно, что ещё с 50 – 60-х годов к его творчеству обратились азербайджанские переводчики. Стихи и поэмы Абая [3], «Гаклия» [2], «Абай» [1] и мн. др. были изданы азербайджанскими переводчиками, издателями, и представлены требовательной читательской аудитории. Азербайджанский исследователь Фируза Агаева опубликовала две книги, посвящённые жизни и деятельности Абая, отдельные произведения писателя рассмотрев в сопоставительном плане с произведениями азербайджанских авторов, а также изучая азербайджанские переводы Абая [6; 7].

С большим вдохновением переводили произведения Абая представители зарубежной литературы. Так, например, в Республике Корея была издана книга «Абай. Песни золотой юрты» (второе, дополненное издание). Этот поэтический сборник на казахском и корейском языках стал открытым окном для корейских читателей, направленным на казахскую литературу [15].

Правы критики, утвердившие мысль о том, что в поэзии Абая отражается широкая душа обитателя степи. Корейский критик Джонг Санг Дин утверждает, что, когда я читаю стихи Абая, переведённые на мой родной язык, я чувствую аромат степи. В степи дует ветер, скачут кони, летают орлы, прелестные девушки поют, а природа цветёт. И чётко вижу образ Абая как мыслителя, мучающего человека, как страдающего человека и мыслителя [15].

В Европе ещё в 1959 г. была издана «Слова назидания» Абая. Автор предисловия книги Ф.Соукуп подробно описывал всю жизнь поэта и представил общую картину творческого пути Абая. Вместе с тем, там же представлены вниманию читателей общие черты казахской истории, культуры, кочевой образ жизни народа. Заметим, что в тот период весьма нормальными

были дружеские отношения Казахстана с европейскими странами, в том числе с литературной общественностью Чехославакии, Венгрии и др. странами, проявлявшие интерес к творчеству Абая. Чешский критик А.Костан в одной своих статей особое место отводил основоположнику казахской письменной литературы Абаю, тогда как чешский лингвист и тюрколог Людек Гржебичек проводил исследования отдельных проблем казахского языка, осуществляя это на примере произведений Абая.

Профессор Будапештского университета Имре Тренчени – Вальдапфель занимался отдельными вопросами казахской литературы. С оригинала переводил казахских классиков, в том числе знаменитое стихотворение Абая «Лето», опубликовав его в венгерской печати в 1969 г. [10, с. 51].

Заметим, что весьма важную роль в популяризации имени и творчества Абая в мире сыграло появление выдающейся эпопеи М.Ауэзова «Путь Абая». Читая роман, мировая общественность хотела как можно побольше знать о воззрениях Абая, ближе познакомиться с его поступками и поэзией.

О популяризации творчества Абая зарубежом рассказывает книга «Казахская литература в оценке зарубежной критики» [13]. В этой книге наряду с другими материалами представлены взгляды европейских литературных деятелей, в частности немца Штерна, чеха Ф.Соукуп, Л.Гржебичека и А.Костана, венгра Имре Тренчени Вальдапфеля и Е.Фехер о великом классике.

Во Франции также были изданы стихи Абая Кунанбаева. Избранные произведения Абая в 1995 году были изданы и в Турции с предисловием Зии Йылмазера [16].

В 2000 году на немецком языке читателям представляется сразу три книги писателя. В 2001 году в ФРГ издается книга Абая с предисловием посла этой страны в Казахстане Андреаса Кертинга, а в 2007 г. немецкий литературовед Лео Кошут издаёт в собственном переводе произведения Абая. В 2010 г., когда проводился «Год Германии» в Казахстане, в честь Абая была издана книга «Абай. Поэзия и проза. Чёрные слова». Велика роль в популяризации и пропаганде творчества Абая и других казахских писателей немца Герольда Бельгера, жившего в Казахстане. В одной из статей Бельгер привлёк сравнительно-сопоставительному анализу стихотворения И.В.Гёте «Завещание» и Абая «Когда смерть за тобой идёт» [9]. Заметим, что кроме сказанного у Г.Бельгера издана специальная статья «Абай и Гёте – нравственные отголоски» [12, с. 61].

Творческое наследие Абая известно иранским и пакистанским читателям. Произведения Абая были подготовлены к печати работавшим тогда послом Ирана в Казахстане Расулом Ислами. Книги с избранными произведениями Абая появились и на языке хинди.

Следует сказать, что имя основоположника реализма в казахской литературе Абая с каждым годом стало известно широкому кругу зарубежных читателей. Так, например, начиная с XXI века поэзия этого титана в истории казахской культуры зазвучала на русском, немецком, белорусском и корейском

и мн.др. языках. На русский язык поэзию Абая переводили самые маститые поэты-переводчики, в общей сложности около 20-ти мастеров художественного слова.

История переводов Абая обогатилась новыми изданиями «Абай. Тридцать семь стихотворений» [5].

Здесь же следует отметить, что в Азербайджане совсем недавно издана объёмистое сочинение Абая в переводе на азербайджанский язык «Абай. Стихотворения. Поэмы. Слова назидания» двумя переводчиками Э.Залом и И.Ильясы [4].

Как мы убеждаемся, разностороннее творчество Абая Кунанбаева, имея существенное значение в развитии казахской письменной литературы, служит ярким примером для популяризации творчества поэта и в мировом масштабе. Благодаря талантливым переводам русских, белорусских, немецких, чешских, венгерских, китайских, монгольских, пакистанских, арабских, турецких и др. деятелей культуры, произведения Абая стали достоянием других народов и приобрели широкую известность далеко за пределами Казахстана.

Хочется отметить также недавно изданную книгу азербайджанского автора Теймура Атаева «Величие Абая, или попытка создания портрета мыслителя в XXI веке», в значительной мере, служащую популяризации творчества поэта, где сделана попытка сопоставить нестареющие мысли Абая с аятами Корана [8]. Автор в этой книге старается по-своему осмыслить связующую нить между откровениями Корана и «Словами назидания». Данная книга, по нашему убеждению, позволит более глубоко понять нравственные качества и суть всего творчества Абая.

Итак, как мы видим, аспекты изучения проблемы «Творчество Абая в мировом литературоведении» многогранны и многоаспектны. Основные векторы этой темы, нам представляется, неисчерпаемы, как неисчерпаемы художественные мысли великого писателя Абая.

Список использованных источников:

1. Abay. Tört. ed. F.Dursunova. Bakı, "Mütərcim", 2017, 252 s.
2. Abay. Əqliyyələr. Tərc. Orıkov. "Ulduz" jurnalı, № 7, 2000
3. Abay. Şeirlər və poemalar. Bakı, 1970
4. Abay. Şeirlər. Poemalar. Qara sözlər. Bakı, "CBS-PP", 2020, 448 s.
5. Абай. Тридцать семь стихотворений // Сост. и пер. М.Адибаева. Алматы, Дом печати «Эдельвейс», 2006.
6. Ağayeva F. Abay. Şəxsiyyəti və ədəbi irsi. Bakı, "Elm", 2010, 176 s.
7. Ağayeva F. Abay və Azərbaycan. Bakı, "Elm", 2011, 136 s.
8. Атаев Т. Величие Абая, или попытка создания портрета мыслителя в XXI веке. Нур-Султан, Фолиант, 2020, 160 с.
9. Бельгер Г. На пути к немецкому Абаю // Журнал «Аманат», 2004, № 6.
10. Вальдапфель И.Т. Я люблю поэзию Абая, романы Ауэзова // Мир Абая. Алматы, МКА, 2004.
11. История казахской литературы. В 3-х т., т. 2. Алма-Ата, Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1979, 339 с.
12. Интернациональные процессы и казахская литература. Алматы, «Аппа», 2011, 256 с.

13. Казахская литература в оценке зарубежной критики. Алма-Ата, Изд-во, «Наука» Казахской ССР», 1971.
14. Машакова А. Восприятие творческого наследия Абая Кунанбаева за рубежом // Литературно-художественный диалог. Алматы, Ин-т лит-ры и исуст. Им. М.О.Ауэзова, 2008, с. 190 – 207.
15. Абай в мировом лит... kazpravda.kz
16. Творчество Абая Кунанбаева...cyberleninka.ru

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
профессоры Қанипаш МӘДІБАЙ

АБАЙ МҰРАСЫ МЕН ІЛІМІН ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ТАҢУ

Абайтанудың тарихындағы дерекнамалық негіздердің абайтанудың қазіргі заманғы зерттеу ұстанымдарын қалыптастырып дамытудағы ықпалды мәні Абайдың соңғы үш томдық академиялық басылымын (2020) әзірлеу барысында да Абайдың шығармаларын баспадан шығару үрдісінде ұдайы көлденең түсіп отырған Абай шығармаларының текстологиялық мәселелері өзектілігінде айқындала түсті.

Мұхтар Әуезов Абайдың өмірбаянын 1933, 1940, 1945, 1950 жылдарда қайыра өңдеп, қайта қарап, төрт нұсқасында жазуының түп себебінде кезеңдік саяси идеологиялық талаптардан өмірбаяндық фактілердің қолжетімсіздігі болғандығы сынды бірнеше мәселе бар. Абайдың әдеби мұрасының таралу, сақталу, жиналу, баспа жүзін көру деректері жылма жылғы ыждаһатты еңбектің нәтижесінде біртіндеп түзілді. Қилы дереккөздерді Абай өмірбаянының 1933 жылғы алғашқы нұсқасы жазыла бастаған 1924-1927 жылдарда тұтас қамтып қарау, зерттеу, зерделеу де қолжетімді бола қойған жоқ.

Мұхтар Әуезов жазған өмірбаяндық төрт нұсқада қамтылмаған деректер де (негізінен архивтік деректер) кейінгі кезеңде айналымға түскеннің өзінде қайсыбір мәселеде деректің нақтылығы бойынша келісіп, келіспейтін пікірлер де туындады.

Абайды тануда ақын тұлғасының жеке бас өмірбаяндық деректері де, шығармашылық ғұмырбаянына қатысты деректер де елеулі маңызға ие болатындығы тұрғысында абайтану тарихындағы дерекнамалық негізді арнайы зерттеудің қажеттілігінде Абайдың жеке бас өміріне, қалыптасып өскен ортасына, Абай дәуіріндегі тарихи-әлеуметтік мәселелерге, руханияттағы өзекті күйлердің дерекнамалық негіздеріне; Абай шығармаларының жазылу мерзімі, туу себебі, сақталу жолдары, жиналу реті, баспа жүзін көруі, жеке жинақ болып шығу фактілері және Абай мұрасының текстологиялық мәселелерінің түп себебі турасында, сонымен бірге

абайтанудағы іргелі зерттеулердің осы мәселелерді қамту, қозғау дерегі мен деңгейі; Абайдың әдеби мұрасын шет тілдерге аударудың өзекті мәселелерінің абайтану саласы мәнінде әлі күнге арнайы зерттеу нысаны есебінде қамтылмай, қарастырылмай отырғандығы; абайтану бойынша толықтырылған жаңа библиографиялық көрсеткіштің қажеттілігі; абайтану тарихын толықтырып, тұтастандырып жазу өзектілігі сынды күн тәртібінен түспейтін басым зерттеу проблемалары мен жүзеге асырылуы тиісті міндеттері бар.

Мұхтар Әуезовтің Абайдың туысы мен өмірі мәселесінде 1933 жылғы жинақта тұлғалық өрісіне кең тоқталған Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлының өмір тағылымын Абай өмірбаянының кейінгі нұсқаларында шектеп баяндауына тура келді. Абайдың болыстық қызметі туралы да тартына сөйлемеске болмайтын.

Мұхтар Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағында ел арасынан жиған Абай туралы естеліктердің басым көпшілігі басылым көрді. Абай туралы естеліктер жеке жинақтарда да шығып келеді. Мерзімді басылымдарда да жарияланып отырды. Абайдың ресми өмірбаянына кірмей қалған көп дерек атаулыны тықпалай беру, ретсіз. Ал ақындық тұлға болмысын ұғыну, тану, тұтас, бүтін бітімінде білмекке ұмтылуда, әлемдік тұлғатану тәжірибесіндегі дерек атаулыға зеректік, ұсақ-түйек әңгіме деп қарамай, тұлға тағдырына тиесілі ірілі-ұсақты дереккөздердің барлығын қисынды тұтастықта ғылыми негіздеу өнегесінде естеліктердің мейлінше толық қамтылып, қорытылуы абайтануда Абай өмірбаянын толықтырып жазудың өзіндік бір факторы есебінде мәнді.

Қазіргі абайтанудағы белгілі бір фактілерге қатысты болжал деректердің қосарланып келуі; нақтылы адам есімдеріне қатысты жаңсақтықтар; шығармалардың жазылу мерзімін көрсетудегі сәйкессіздіктер; бір туындының шығу тарихына қатысты қосарлы деректер, қосалқы мағлұматтар; өлең мәтінінің әр басқа болып хатқа түсу фактілерінен туындайтын текстологиялық түйткілдер, бір сөздің жазылу фактісінде мәтін аясындағы мағынасынан түпнұсқа мәнін айыру қиындығы туындайтын тілдік қолданыстың күрделі иірімдері; туындының түпнұсқалық немесе аударма туынды мәніндегі айқындалуы тиіс шығармашылық сырлары; Абай мұрасын шет тілдерге аудару үдерісіндегі мәтінтанымдық ұстанымдар мәселесін арнайы зерделеу; т.б. өзекті шығармашылық мәселелер бар.

Абайтануда кейінгі кезеңде зәру деректермен толыға түскен Абайдың ақындық кітапханасы мәселесінде де арнайы, мақсатты зерттеулер қажет. Қолда бар деректің ізімен түгендеудегі салғырттық; қолда жоққа аса ынталы емес екендігіміз бір мәнде ғылымның қаржыландыру жағынан қағажу көріп келе жатқандығына да байланысты.

Абайды тануды күрделі философиялық категорияларда қамдаудың алдында Абайдың шығармашылық ғұмырбаянын айқын ғылыми жүйеде сіңіру өзектілігі тұр. Абай өлеңдерінің таралу, жиналу, сақталу фактілерінде Абай мұрасын арнайы көшіріп, қолжазба кітап етіп ел арасына таратуда көп еңбек жасаған, Мұхтар Әуезов ол адамның көшірме қолжазбаларын Абай

шығармаларының түпнұсқасы мәнінде тануға болады деп айрықша мән берген Мүрсейіт Бікеұлының осы бағыттағы еңбегіне қатысты Мұхтар Әуезовтің белгілі бір себептерден көшірмеші еңбегін екінші планға ысырып сөйлеген тұсы да бар. Сонымен бірге Абай мұрасының бас текстологы Мұхтар Әуезовтен кейінгі жоқшысы Қайым Мұқаметханов Мүрсейіт қолжазбалары дегенде ұдайы «кұрақ ұшып» тұрмайды. Абай шығармаларының 2020 жылғы толық академиялық басылымын дайындау барысында Мүрсейіт Бікеұлының 1905 (1906), 1907 жылғы, Абайдың тұңғыш жинағы жарық көргенге шейінгі (1909) көшірме қолжазбаларының қазіргі жазуға тұтас көшірілген нұсқасында текстологиялық салыстырулар жүргізе отырып жұмыс істеуге тура келді. Үш томдық толық жинақтың баспадан шығуын ақпараттандыруда бұл фактілер де аталып отырды. Осы мәнде көпшіліктің көкейінде жұмыс тек Мүрсейіт көшірмелері арқылы жасалған, Мүрсейіт көшірмелеріне қатысты Қайым Мұқаметханов ескертпелері ескерілмеген ғой дегендей де сауал тұрды деп ойлаймыз. Себебі кейінгі бір ашық дәріс тұсында осы сұрақ қойылды да. Академиялық басылымның жұмыс тобына Абай шығармаларының 1933, 1939-40, 1954, 1957, 1977, 1995 жылдардағы ресми, ғылыми толық басылымдарының барлығымен жұмыс істеуге тура келді.

Текстологиялық саралауда түпнұсқа мәнді мәтіндер болып табылатын Абайдың немере бауыры Кәкітай Ысқақұлы мен баласы Тұрағұл Абайұлы шығарған 1909 жылғы тұңғыш жинақ пен Мүрсейіт Бікеұлының көшірме қолжазбаларындағы басым нұсқасы – «дүние дос». Бұл тіркес Абайдың қара сөздерінде де бар. «Махаббатпен жаратқан адамзатты» дейтін Абай Алласына шәк келтірмесе керек. Дүниенің махаббаттан тұратынын бір білгенде Абай білер. Дүние қай махаббатсыз бос? Ол Алланың махаббатымен жарылқанып жаралды емес пе! «Дүние достың» мәселесі басқа. Материалдық игілікке құнығу. Махаббатпен жаратылған дүниені сезінбеу. Қара сөздің қисыны да көп, қиюы қашып, қасаң ұғымдарға байланып қалғандары да бар.

Осы мәндес екі сөздік қосарлы ұғымдар Абай шығармаларының әр басылымында «өріп» жүр. Солай әр басқадан айнымай, бірі біріне «бағынбай» келе жатқан басылымдар бар, бола да беретін сияқты.

Жинақты дайындау барысында жұмыс тобы мүшелерінің кейде бір сөзді сағаттап, табандап отырып талқыға салған уақыттары болды. Бұл басылымның да уақыт тығыздығына қарамастан ғылыми ұстанымдарда дайындалғандығы, ілгерідегі басылымдар өнегесі де, әлемдік тәжірибе де, кейінгі кезеңнің текстологиялық қолайлы мүмкіндіктері де ескеріліп, кәдеге асып отырып дайындалған басылым болғандығы айтылуы керек.

Қаншама сөз салыстыру, қолжазба нұсқалар қолдан өтті. Қилы қисындар, өзекті мәселелер қарасы қалыңдап, малтықтырып тастаған күндер болды. Біртіндеп жүйесі сұлбаланып, сұрыпталып отырды.

Абайтану тарихында текстологиядан тысқары тұрған дерекнамалық негіз жоқтай болып көрінеді кей тұста. Өмірбаян да, архив те, естелік те, т.б. текстологиялық түйткілге әлдебір ыңғайында қатысты болып шығып отырады.

Адам есімдерінің ресми деректерде әрқилы жазылуы абайтануда бір бұл

емес. Абай өлеңдерінің көшірме қолжазбалары XIX ғасырдың соңында Санкт-Петербургке де жеткен. Осында Абай өлеңдерінің Сәдуақас Шормановтың 1897 жылғы қолжазба жинағынан көшірілген Қудашев деген адамның да қолжазбасы бар. Осы Қудашевтің «князь» титулын өзіне есім етіп жазған деректер бар. Бірде С.Қудашев, бірде В.С. Қудашев, бірде К.В. Қудашев деп жазылады.

«Қудашев В.А. (т.-ө. ж.б.) – князь. Қазақ халық әдебиетінің үлгілерін жинақтауға атсалысқан. К. қазақ әдебиеті мұраларын Садуақас Мұсаұлы Шормановтың қолжазбасынан көшіріп алып, «Қырғыз әндері мен аңыздарының аудармасы» деген атпен (1897) Санкт-Петербургтегі геогр. қоғамның архивіне тапсырған. Онда Абай өлеңдері де бар. Қолжазбаның фото-көшірмесі Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы [1, 293].

Мұхтар Әуезов энциклопедиясында Қудашев туралы дерек берілмеген. [2].

М.Мырзахметов құрастырған «Абайтану» библиографиялық көрсеткішінде Қудашев есімі аталмаған [3].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты А.Әбдіғаппарова «Абай Құнанбаевтың естілік мәселесі төңірегінде жазған қара сөздері» атты зерттеу мақаласында К.Н. Қудашев еңбегіне сілтеме жасайды [4, 108].

«Абай шығармаларының аудармасы туралы айтатын болсақ, орыс тілінде ең алғаш аударма 1897 жылы Абайдың көзі тірісінде жасалған. Оны 1946 жылы Өлкей Марғұлан тапқан К.Н. Қудашевтың «Перевод киргизских песен и легенд» қолжазбаларынан көруге болады» [4].

Князь Қудашевтің есімі абайтану тарихында әр уақытта да аталып келеді. Және жазылуында ұдайы өзгеріс бар.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы ақынның көзі тірісінде баспа жүзін көргенімен, текстологиялық мәселелерде нақтылайтын түйткілдерінің аз емес екендігі де айтылып келеді. Бұл – өз алдына кең тақырып. Арап Еспенбетовтің Шәкәрім мұрасын текстологиялық тұрғыдан зерттеу мәселелерін ғылыми негізде қисындау ұстанымдарында Зәки Ахметовтің Абай текстологиясына орай келтірген деректерінің бірінде К.Н. Қудашевтің аты-жөні «Құдашев» деп берілген (Техникалық, типографиялық қате болуы да ықтимал – Қ.М.) [5, 268].

Содан барып Сәйфи Қудашев деп жіберген зерттеулер де бар. Кейінгі бір деректе, Абай мұрасының орыс тіліне аударылу фактілеріне қатысты аударма мәселелері бойынша зерттеуде бұл есім К.Н. Қудашев болып жазылып жүр. Қайсысы дұрыс дегенді арнайы қарастыру қажет.

Қайым Мұхамедханов Абай өлеңдерін көшірушілерден Р. Жандыбаев, Оразке Уақбаев, Әкімал Мамырбаев, т.б. қолжазбаларын пайдаланғанын айтады.

«Сонымен қатар Абай өлеңдерінің көбін ерте кезден жаттап, естеріне сақтаған Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Шәкір Әбенев ақындардың, Өрхам Кәкітайұлы Ысқақов, Шабдан Әлмағамбетов, Рахымжан

Мамырзақовтардың мағлұматтарын ескердік. Абайдың шәкірттері, жақын достары – Көкбай, Кәкітайдың жазбаларына ерекше көңіл аудардық» [7, 317].

Қайым Мұхамедханұлы «Абайдың бір өлеңі» атты зерттеу мақаласында Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден» атты күні бүгінге шейін кімге арналғаны тұрғысында әр қилы дерек айтылып келе жатқан бір өлеңінің мәселесінен ой қозғайды.

Осы ойтүрткі мақала бізді де біраз ойландырған кезінде. Жазба дерегі тапшы беймәлім уақыттың қай сыры қайда қалмаған. Белгісіз дүние бір бұл емес деп «жылы жауып» қойғанбыз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастаны қайта ой қозғады [10].

Қазақтан қажылық сапарға барған адамдар туралы дастандар топтамасында берілген бұл туындыда Нүсіпхан атты Тобықты елінің адамы саудамен Омбы барып, қайтар жолда қатты науқастанып қалып, ел-жұртымен, сапарлас жігіттермен қоштасып жатып досы Ыбырайға сәлем жолдайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинағында берілген [10] «Нүсіпхан» дастанында баяндалатын оқиға, Тұрсын Жұртбайдың «Құнанбай» кітабында [11] айтылған «Түсіпхан» дастаны, оның шығу тарихы, Бейсенбай ақын туындысы екендігі туралы дерек, дәйектер Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында әр қилы түсінік беріліп жүрген, 1995 жылғы 2 томдық толық жинақтың бірінші томында [12] басылған «Немере інісі өлгенде айтқаны» тақырыбы жақша ішінде берілген «Көз жұмғанша дүниеден» деп басталатын жоқтау сарынды жырдың бір сыры осы бірде «Нүсіпхан», бірде «Түсіпхан» аталып жүрген дастанға қарай тартады. Қайсыбір айырмашылықтары болғанымен, екі дастанның да әңгімесі бір. Қызылжар жағына саудамен барған Тобықты елінің бір жас адамының жолда ауырып қайтыс болуы, төрт жамағаты бар екендігі, жасының жиырма беске келгендігі, баласыз екендігі, бейсенбіден жұмаға қарағанда дүниеден өтіп, өлерінде Ыбырайға (Абайға – Қ.М.) сәлем айтып кеткендігі, Құнанбайдай үлкеннің қажылық парыз өтеуге баруын қалайтыны, кіші әйелі Жамалды қоса ала баруды аманат еткендігі, әрі қарай өлімін естірту, қажылық, Меккедегі қонақ үй, Жамалдың Меккеде бақилық болуы баяндалады. Шығарманың негізгі желісі – мұсылмандық жолы, дін, иманның жайы.

Авторы кім болғанда да, бір адам сияқты. «Нүсіпханның» да, «Түсіпханның» да шығу тарихына, сақталу жайына қатысты қилы деректер бар. Не дегенде де осы дастандағы оқиға жаңғырығы Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден» өлеңінде байқалатындай.

Дастан кейіпкер – Тобықты елінің кісісі. Ыбырайдың – Абайдың ең жақын, дос адамы. Сауданы кәсіп етіп, мол дәулет жиған, Қарынбайлығы жоқ, жұрт аузына іліккен, көпке жаққан бір жан.

Қайым аға Мұхамедханов 1933 жылғы жинаққа кірген бұл өлеңге ол жолы түсінік берілмегенін, «Жылы белгісіз өлеңдер» ретінде басылғанын хабарлайды. 1939 жылғы жинақта «Әкімбай өлгенде» деген атаумен басылған. «Әкімбай өлгенде» өлеңі 1939 жылғы жинақта басылып (1 том, 235-236 бб.), былайша түсінік берілген:

«Әкімбай өлгенде» деген өлең дәл Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа бір жақынының өліміне арналған ба, осы күнге шейін анық емес. Әкімбай өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асырап алып, соның қолында жүргенде жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда, өзінің екі бауыр жақыны туралы өлең сияктанғандықтан айтушылар Әкімбай деп ұйғарды», – деген (275 бет).

1945 жылғы жинақта да «Әкімбай өлгенде» деп басылған (261-262 бет), 487-бетте «Әкімбай (1865-1874) Ділдадан туған Абайдың баласы...» деген түсінік берілген» [7, 333].

Қ.Мұхамедханов бұл өлеңнің 1957, 1977 жылғы жинақтарда «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» болып басылғанын да айтып өтеді.

Және өлеңнің көпшілік сол тұста (1956 жыл) біле бермейтін бір тың дерегін келтіреді.

«Ал шынында бұл өлеңді алғаш рет Мұхтар Әуезов 1925 жылы, Семейде шығып тұрған «Таң» журналының екінші санында (73-74 бет) жариялаған. Өлеңнің басында: «Абайдың басылмаған өлеңдері» (Бір немере інісі өлгенде айтқан) деп анық түсінік берген» (335 б.)

Бұл өлеңге қатысты өлең Абайға туыс, дос, сауда кәсібімен айналысқан ауқатты, жомарт мырза Түсіпхан дейтін Тобықты елінің азаматының қайғылы қазасына арнап шығарылған жоқтау үлгісіндегі туынды деген ойымызды болжам ретінде 2020 жылғы толық академиялық жинақтың бірінші томының түсініктер бөлімінде шет жағалап айтқан едік [12, 534].

Бейбіт Сапаралының дерегіне қарағанда осы болжамымыз шындыққа жақындайтындай көрінеді [13].

Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден» өлеңінің кімге арналып айтылғандығы тұрғысында Б.Сапаралының аталған еңбегінде бірқанша толымды дерек бар.

«Оу, әке, өрістен жау әкетті саяғыңды», – деп келетін тұсына қарағанда ел ішінде кең тараған «Түсіпхан», «Түсіпханның қоштасуы» деп аталатын жыр Абай ауылының Қайролла Әліпбаев, Қабден Есенғариннің айтуында Абайдың немере інісі болып келетін Түсіпхан Сәдуақасұлы туралы дейді автор. Және бұл жырдың толық нұсқасы белгілі архивші Бейсенбай Байғалиевтің қолында екендігін, ШҚО Тарбағатай ауданында ақын, термеші Тілеш Мәткәрімов орындап жүргенін баяндайды. Түсіпханның төртінші әйелі Жамал Ноғайқызының, Құнанбай Өскенбайұлының қажылық сапарында күйеуінің өсиет етуімен сол кісіге ілесіп уәкіл қажылыққа барғаны, сол жерде қайтыс болғаны туралы да М.Ж. Көпейұлының «Нүсіпхан», Абай еліндегі «Түсіпхан» дастандарындағы оқиға желісін өмірлік негізде қанықтыра түскен деректермен бөліседі.

Бұл – Абайдың бір туындысының жазылу тарихына қатысты әлі де айқындауды күтетін бір дерек.

Абайдың әр туындысының жазылу, сақталу, таралу, басылым көру деректерін, сондағы текстологиялық ауытқуларды түгендеп, салыстырып отыру қазіргі Абай текстологиясының жалпы әлемдік текстология теориясы

мен тәжірибесіне ұштасып жатқан бір міндеті.

Абайдың әдеби мұрасында текстологиялық түйткіл көп дегендік – Абай шығармаларының авторлық құқықтағы абайлық маңызына күдік, күмән келтіретін факт есебінде қабылданбауы керек. Тұтас сүйегі мығым туындыдағы бірер сөз, бірлі-жарым тыныс белгісінің қойылуындағы әрқалыптылық шығарманың төлтумалығына сенімсіздік тудыратын факторлар болып табылмайды.

Әлем әдебиеті тарихында әдеби мұраны жадқа сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру тәжірибесі арғы замандардан қалыптасқан ықпалды шығармашылық дәстүр. «Институт жади» деп те зерттеулерде аталып отырады [14].

XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдарда бір автордың бірнеше туындысы жариялануы себепті, басқа да саяси себептері болуы мүмкін бүркеншік есіммен берілген материалдар жиі кездеседі.

Абайтану тарихында арнайы зер салуды қажет етіп отырған бір сала – Абайдың әдеби мұрасының шет тілдерге аударылу тәжірибесінің дерекнамалық негізі. Бұл бағытта арнайы библиографиялық көрсеткіш түзу қажеттілігі де бар.

Абай сөзін орыс тіліне аудару тарихы бойынша деректерді жүйелеп, реттеу осы бағыттағы жалпылама, кей тұста жалаңдау, бір зерттеуден бір зерттеуге «көшіп» жүрген дайын трафарет пайымдаулардың түпнегіз тереңдегі мәніне қарайлауға мүмкіндік туғызар еді.

Абайтану тарихында ескерілуі тиіс бір сала құнды жәдігер – Мұхтар Әуезовтің «Абайтану» арнаулы курсынан оқыған дәрістерінің конспектілері. Осындай конспектілердің негізінде жазылған Бексұлтан Нұржекеұлының «Әуезовтің үш лекциясы» эссесі лектордың «Абайтану» курсының бағдарламасында көзделген дәріс мазмұнының шартараптан, шалғайдан қамтып, еркін шығармашылық кеңістікке «шығып кететін» сәттерін қаз-қалпында, қаймағын алмай жеткізілуімен өтімді [15].

Абайтану тарихында жеке салалар бойынша дерек жинау, қорыту, толықтыру тәжірибесінде жүйелі сабақтастықта жұмыс жүргізіп отырудың толыққанды жүргізілмегендігі туралы мәселе қозғалуы керек.

Абайдың орыс тіліне, әлем тілдеріне аударылу үрдісі тарихи теориялық-тәжірибелік аспектіде зерделеніп, арнайы танымдық мазмұн түзуінің қажеттілігі де бар.

80 жылға жуық оқытылып келе жатқан «Абайтану» арнаулы курсына Абайдың әдеби мұрасын шет тілдерге аудару оқу бағдарламасында қамтылған емес. Абайтанудың бір мәселесі мәнінде Абайдың орыс, Батыс әдебиетінен аударма шығармалары қамтылады, ал Абайды аударудың тарихы, өзекті поэтикалық талап-шарттары, тәжірибесі оқытылмайды.

1914 жылы Нұқ Рамазанов мазмұнын қара сөзбен орыс тіліне аударған Абайдың «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Адамның кейбір кездері», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» өлеңдері «Әл шарихат» («Восточный сборник») жинағында жарияланған.

Семейлік ағайынды Белослюдовтардың Абай шығармаларын орыс тіліне аудару, орыс жұртшылығына Абайды таныстыру, жеткізу бастамашылдық ынтасы анықтамалық ақпараттар ауқымында айтылып келеді.

Абай мұрасының қытай, қарақалпақ, басқа да туысқан түркі халықтары тілдеріне аударылу тәжірибесі туралы шетелдерде жазылған толымды тарихи-теориялық саралаулар жасаған еңбектер [16], [17] абайтану айналымына түсіп отырғандығы туралы да ауыз толтырып айтарлық танымдық зерттеулер отандық абайтануда әзірге жазылған емес.

Абай шығармаларының шет тілдерге аударылу, басылым тарихы, Абай мұрасын насихаттау шараларына қатысты жекелеген деректердің қайшылықтары кездесіп отырады. Бұл мәнде басын ашып, айғақтайтын, айғақтау мүмкін болмаған жағдайда ескертпемен көрсетіліп отыруы тиіс бұрмаланған мәліметтер бар.

«Косталецкий Николай Федорович (19 ғ.б. – ө.ж.б.) – орыс демократы, педагог. Қазіргі Павлодар облысы ауылдарында қазақ балаларымен аралас өсіп, жергілікті тілді жете меңгерген. Қазан университетінің Күншығыс факультетін бітірген соң, Омбыдағы кадет корпусында Күншығыс тілдерінің оқытушысы болған. Осында Ш.Уәлихановқа, Халиулла Өскенбаевқа дәріс берген. Ол Халиулладан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» киссаларын, «Есімханның ескі жолы», «Қазақ билерінің ерте кездегі шешімдері» туралы материалдармен қатар, Абай өлеңдерін жаздырып алған. Ол Абай өлеңдерінің көшірмесін кітап етіп бастыру мақсатымен 19 ғасырдың 60 жылдары Петербург университетінің профессоры И.Н. Березинге табыс еткен. Бұл қолжазба атақты ғалымдар П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің, П.М. Мелиоранскийдің қолдарынан өтіп, жақсы баға алған. Бірақ қолжазба белгісіз себептермен жарық көрмей қалған. К. тапсырған бұл қолжазба қазір С.-Петербургтегі Орыс геогр. қоғамының архивінде сақтаулы. Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты, Құнанбай мен Ғабитхан молданың С.-Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттейтін институттың кітапханасындағы хаттары да осы К. арқылы келіп түскен. (*Т. Барақұлы*) » [1, 279].

Бұл деректі осы ыңғайлас басқа деректермен салыстырып қарау қажет. Басқа мәліметтер жөн де болар, ал Абай өлеңдерін кітап етіп бастыру мақсатымен XIX ғасырдың 60 жылдары Березинге табыс етті деген ақпарат Абайдың сол 60 жылдарда, тіпті 60 жылдардың соңына қарай болғанда да өлең жазуға түбегейлі кіріспегендігін ескергенде, сенімсіздеу.

Бұл мәселеде арнайы салыстыру, саралау, зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі бар.

Ғылыми басылымдардың түпнұсқаны сақтау, соған қарайлау мәдениетінде ойласатын, ықтияттауытын мәселелер баршылық.

Абай энциклопедиясындағы мәліметте Нәзипа Құлжанованың 1915 жылғы Семейдегі әдебиет кешін «Қазақ» газетіне жазғандығы туралы мағлұмат жоқ. Ал «Қазақтың» 1916 жылғы №164-нөмірінде шығарды дейтін «Әдебиетімізге көз салсақ» дейтін мақаласының дерегін де нақтылау қажет

сияқты. «Қазақ» газетінің қазіргі қаріппен шыққан жинағынан ол мақаланы таппадық. «Ол Абайдың «Желсіз түнде жарық ай...», «Жазғытұры» деген өлеңдерін алғаш орыс тіліне аударды («Сибирьский студент», 1915, Кн.3-4. с.82-83)», – деген дерекке орай ағайынды Белослюдовтар Абай өлеңдерін орыс тіліне аударатын адам іздегенде бұл істі Нәзипа Құлжановаға тапсырулары да мүмкін деген ой түседі.

Абайдың шығармашылық өмірбаянындағы нақтылы даталы уақыт шегі таңбаланған сәттер, оқиғалар, кезеңдерден, тарихи тұлғалар, адам есімдерінен, жеке туындының мәтіннамалық тұғыр, басылым тарихынан т.б. тұтастанған дерекнамалық талаптарда тұтас қарайлап зерделеу мүмкіндігі шектеліп, шет жағалап ғана меңзелген фактілерді, қилы себептерден орнығып қалған жекелеген жаңсақтықтарды, абайтанудың тарихи тәжірибесінде, осы заманғы өзекті бағыттарында арнайы зерделеу қажеттілігі бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Энциклопедия (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов, Л.М. Әуезова, Б.Т. Ерзакович т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы (Бас ред. С. Қасқабасов; ред. алқасы: Б.Қ. Майтанов, Н.Е. Ақбай, Р. Әбдіғұлов т.б.). – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
3. Мырзахметов М. Абайтану (Библиографиялық көрсеткіш). – Алматы: Ғылым, 1988. – 240 б.
4. Әбдіғаппарова А. Абай Құнанбаевтың естілік мәселесі төңірегінде жазған қара сөздері (орыс, ағылшын тілдеріне аудару жолдары) // «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша, 2020 жыл (Құраст. және электр. баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Г. Қасымқын, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 130 б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
6. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы, РГЖИ «Дәуір», 1995. – 320 б.
7. Мұхаметханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Алаш, 2005. – 344 б.
8. Мұхамедханов Қ. Хаттар сөйлейді / Письма говорят. – Алматы. 2016 – 336 б.
9. «Абай» журналы. –1992, №3.
10. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш. – Том 3: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар. 2004. – 326 б.
11. Жұртбай Т. Құнанбай (Тарихи және әдеби тұлға). – Алматы: Алаш, 2004. – 400 б.
12. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Мәдібаева Қ.Қ. (түсініктерін жазған), Шапай Т.М., Қыдыр Т.Е., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А.Н. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 640 б.
13. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1995. – 288 б.
14. Гринцер П.А. Древнеиндийский эпос. Генезис и типология. – Москва: ГРВЛ «Наука», 1974. – 422с.
15. Нұржекеұлы Б. Әуезовтің үш лекциясы. Эссе // Қазақ әдебиеті, 42 (2724), 19 қазан, 2001.

16. Ван Юн. Абай Кунанбаев в Китае // Созвучие творчества Абая и Пушкина. Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Семипалатинский государственный университет имени Шакарима. – Семипалатинск, 2006. – 515 с.

17. Жұмажанов Қ. Абай және қарақалпақ әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1995. – 137 б.

18. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті
Сәуле ЖУСАНБАЕВА

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пән бойынша білім беру ісіндегі әр сабақ – өзінше біртұтас күрделі әлем, білім беру үдерісінің белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінде мақсаты мен міндеттері анық, логикалық тұрғыда аяқталған, мағына мен мазмұны нақты бірлігі. Оның тиімділігі білім мазмұны, оқудағы мақсаттар мен міндеттер, оқу аяқталғанда қол жететін нәтижелер, оқытудың әдістері мен құралдары, нормативтік негіздері бойынша жүйелілігіне, тереңдігіне, өмірлік маңызы мен мәніне тікелей байланысты.

Абай шығармашылығын, «Абайтану» пәнін оқытудың дидактикалық негіздері – бүгінгі білім беру ісі саласындағы ғылыми және өмірлік маңызы зор, өзекті мәселелердің бірі. Оны зерттеу ғылым үшін қандай маңызды болса, өмірлік тәжірибеде де сондай пайдалы. Бұл пәнді оқытудың әдістерін зерттеу бағытында қазіргі кезеңде едәуір тоқырау бар деп білуге тура келеді. Өйткені аталған пәннің мазмұны, оны оқытудағы мақсаттар жүйесі білім берудің тиісті стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларында, оқулықтарда лайықты дидактикалық шешімін таба алған жоқ.

Абайтану пәнін орта мектептегі оқыту әдістемесінің жоғары сапалы болуы – білім беру ісінің нәтижелілігінің басты шарты. Орта мектептің оқу пәндері қатарында абайтану пәнін жете білу – басқа пәндер бойынша сапалы білім алудың қажетті негізі болып табылады. Оқушының өз ойын әдеби тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, айтуы, жазуы, негіздеуі – орта білім алудың басты нәтижесі. Абайтану пәнін оқыту қазақ әдебиеті, қазақ тілі, орыс әдебиеті, орыс тілі ғана емес, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытудағы мақсаттармен өзектес, сабақтас. Сондықтан орта мектепте абайтану пәні бойынша білім мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне аса зор көңіл бөлінуге тиісті.

Қазақ тілін оқытудың бірнеше бағыттары бар: а) ана тілі ретінде оқыту; ә) екінші тіл ретінде оқыту; б) шет тілі ретінде оқыту. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары бар. Оларда бірқатар ойлар, пікірлер жинақталған. Бұл ойлар мен пікірлердің өзектілігі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ әдебиеті, абайтану пәндері бойынша да ізденістер жоқ емес. Алайда орта мектептегі қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жұмысының сапасы бүгінгі талаптар

деңгейіне көтерілді деп айтуға ерте [3, 112-124].

Қазақ тілі пәні – қазақ мектептерінде білім беру ісіндегі басты пән. Қазақ тілінің басқа пәндерден айырықша айырмашылығы бар. Ол айырмашылық қазақ тілінің білім жүйесіндегі белгілі бір пән ғана емес, сонымен қатар барлық басқа пәндерді оқып-үйренудің бірден-бір құралы екендігінде. Осы себепті қазақ тілін оқытудың сапасы оқушылардың тек осы пән ғана емес, басқа барлық оқу пәндері бойынша алатын білімдерінің деңгейіне ықпал етеді. Ал қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін білім алушының ақылына, қиялына, көңіліне негіздеп оқу мен оқытудан алатын рухани байлықты, кісілік негіздерін орта мектеп оқушысы басқа бір де бір пәннен ала алмайды.

Жоғары мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану пәндерінің мұғалімін даярлау ісі өте күрделі құрылымдық тұтастығымен ерекшеленеді. Негізінде, жоғары білімді маман даярлау ісі қай мамандық бойынша да оңай емесі рас. Өйтсе де қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерінің болашақ мұғалімдерін даярлау басқа сала мамандарын даярлаудан күрделі ғана емес, сонымен қатар өзіндік қиындығы бар, жауапкершілігі үлкен іс болып есептеледі. Өйткені осы аталған пәндердің болашақ мұғалімдерін даярлау оларды оқыту ісін Ахмет Байтұрсынұлы қағидаларына сай ақылға, қиялға, көңілге негіздеуге, осы негізде мектеп оқушыларымен кәсіби деңгейде жұмыс жасай білуге баулиды. Ал қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің, абайтанудың мұғалімін даярлау ісі болашақ мұғалімдердің мектеп оқушыларын өмірдің түрлі салаларында қазақ тілі мен әдебиетінің, абайтанудың мазмұны мен мәнін дұрыс, тиімді пайдалана білуге қабілетті болып шығуын көздейді. Мұндай мақсаттың мейлінше маңызды, өмірлік мәні зор болатын себебі – дүние есігін ашып келген қазақ баласы қазақ мектебінде өзінің өмірі үшін қажетті адамшылық қасиеттердің бәрін қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану арқылы табады, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану арқылы қалыптастырады. Адамзат қоғамы тарихында адамның өмір тәжірибесі мен ақыл-ойы негізінде жинақталған ақпараттық құндылықтар, білім қоры тіл арқылы сақталады, тіл арқылы игеріледі, тіл арқылы болашақ ұрпаққа беріледі. Білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін меңгерудің құралы да тіл. Осының бәрі тілдің адамзат өміріндегі маңызы мен мәнінің қаншалықты жоғары екеніне көз жеткізеді. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, абайтану пәндерінің мұғалімін даярлау ісінің осындай өзіне ғана тән ерекшеліктері және үлкен жауапкершілігі болады. Сондықтан қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту ісіне, бұл пәндердің мұғалімдерін даярлау ісіне абай болу, оған үлкен жауапкершілікпен қарау – білім беру жүйесіндегі әрбір маманның, әрбір басшының басты міндеті.

Бүгінде жоғары білім беру жүйесінде зерттеу университеті туралы айтылуда. Зерттеу университеті Ресейде бізден бұрын қолға алынып, арнайы құқықтық-нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілді, зерттеу университеті болуға талапты университеттер арасында конкурс жарияланды, қажетті қаржы көздері анықталды. Бүгінде Ресейде зерттеу университеті ретінде қызмет атқарып жатқан университеттер аз емес. Олардың ішінде ілгеріден келе жатқан іргелі университеттер педагогикалық ғылымды дамытуға ерекше назар аудара

бастады. Оның да өзіндік негізі бар екені дау тудырмайды. Олар өздерінің отандық білім беру жүйесін дамытуда.

Қазақстанда зерттеу университеті жайында ауық-ауық айтылады. Сондағы ойлардың негізі мынадай: бүгінгі классикалық университеттер зерттеу университеті болу үшін педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлауды тоқтатуы керек. Білім және ғылым министрлігінің ұстанымы осындай болғанға ұқсайды. Ұстанымның жөні барын жоққа шығарудың жөні жоқ. Ғылыми-зерттеу университетінің жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінде өзіне тән ерекшеліктері болуы заңды. Бірақ зерттеу университетінің оқу мен оқыту теориясы саласында зерттеу жүргізуіне шектеу қойылмақ емес. Өйткені оқу мен оқыту зерттеу университетінің басты міндеттерінің бірі болып қала береді. Оның үстіне оқу мен оқыту теориясы – Қазақстанның ғылыми-зерттеу жүйесіндегі артта қалған сала. Мұндай саланы дамытуда зерттеу университеттері мен ғылыми-зерттеу институттары өз әлеуеттеріне сәйкес ұдайы ғылыми ізденіс үстінде болуы шарт.

Ғылыми-зерттеу университетінде жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру деңгейлерінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерінің мамандарын даярлаудың мынадай құрамдас бірнеше саласы бар: а) қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндері бойынша жеткілікті теориялық білім; ә) қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту әдістемесінің теориясы; б) қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқыту әдістемесін іс жүзінде пайдалана білу дағдысы; в) қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқыту күзиреттілігі. Бұлар өзара тығыз байланысты. Бұлардың бірі жоқ жерде басқалары да болмайды.

Студент, болашақ жоғары мектеп оқытушысы өз пәнінің теориясын білмейтін болса, онда ол қалған салалар бойынша да білімсіз болып қалмақ. Ал егерде ол өз пәнінің теориясын білгенмен, оны оқыту әдістемесінің теориясын білмейтін болса, онда бұл оның әдістемелік ойлауының қалыптаспағандығын көрсетеді. Ал әдістемелік ойлауы қалыптаспаған оқытушы әдістемелік ұғымдардан бейхабар қалады. Әдістемелік ұғымдардан бейхабар оқытушы білім алушыларға сапалы білім бере алмайды. Айналып келгенде, әдістемелік ойлауы, оқыту әдістемесінен тиісті білімі қалыптаспаған болашақ маманның кәсіби күзиреттілігі де қалыптаспайды. Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндері оқытушыларын даярлау дегеніміз болашақ маманға қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану бойынша білім беру ғана емес. Студент ғылыми-зерттеу университетінде мол білім жинағанмен, сол білімін іс жүзінде пайдалана алмайтын болса, онда оны білімді деп есептеуге болмайды. Пайдаға аспаған білімнен қайыр жоқ. Маман өзінің бойындағы білімді іс жүзінде пайдалануы, пайдаға жаратуы үшін, оған арнайы құрал керек болады. Пәнді оқыту әдістемесі маманның өз бойындағы білімді іс жүзінде пайдалануын, пайдаға жаратуын қамтамасыз ететін осы құрал қызметін атқарады. Пәнді оқыту әдістемесі бойынша теориялық білім беру болашақ оқытушының өз пәнін оқыту үдерісі туралы іргелі ғылыми-әдістемелік білім қорының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, пән оқытушы білім алушыларға тиісті білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге пән мазмұны арқылы тәрбие берудің

негізін үйретеді. Бұл өте маңызды. Бұл жерде білім беру мен тәрбие берудің өзара сабақтастығын анық түсінудің пайдасы зор. Бүгінде білім беру мекемелерінде білім беру ісі бір бөлек, тәрбие беру ісі бір бөлек жүріп жататыны бар. Бірақ мынаны ескеру керек: білім беру ісі – адам, маман тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Білім беру ісінен тыс, білімсіз тәрбие беремін деу – үлкен қателік. Білімсіз беруге болады деген тәрбие құмға құйған су сияқты болмақ. Тәрбие адамға ізгі білім, игілікті дағды, біліктілік арқылы беріледі. Тәрбиелеудің білім беруден басқа жолы жоқ.

Тәрбиесіздік білімсіздіктен шығады. Білімнің жоқтығы – ақылдың жетімсіздігі деген сөз. «Ақылмен аңдау, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау» – білудің, білім алудың басты құралы. Білім ақылмен *аңдау, ойлау*, нәрселердің жайын *ұғу, тану* болмаған жағдайда білім де, тәрбие де жоқ. Қиял ісі деген *меңзеу*, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне *ұқсату, бернелеу – суреттеп ойлау*, болмаған жерде қиял ісі де болмайды, қиял ісі болмаған жерде ақылмен аңдау, ақылға салып ойлау, ұғу, тану да мүмкін болмайды. Ақыл ісі мен қиял ісі қатар жүзеге асқанда және оған көңілмен талғау, көңілге түю ісі серіктес болғанда ғана білім беру мен тәрбие беру мақсатына жетуге жол ашылады. Осындағы А.Байтұрсынұлы негіздеген *ақыл, қиял, көңіл* туралы үш үзік ойдың әрқайсысы білу, білім беру, оқу мен оқыту ісі үшін маңызды және олар өзара тығыз байланысты. Қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің, абайтанудың болашақ маманы осыны есте мықтап ұстауы шарт.

Болашақ маман үшін қазақ тілін, қазақ әдебиетін, абайтануды оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру жолдарын игерудің қажеттілігі даусыз. Сондықтан жоғары оқу орындарында қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің, абайтанудың оқытушыларын даярлауда оқу үдерісінің барлық кезеңдерін қамтитын оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін оқытуға ерекше жауапкершілікпен қарауға тура келеді.

Зерттеу университетінде білім алушылардың тілін, тілдік ойлауын дамытудың әдістемесін, олардың білімін бақылау мен бағалаудың әдістері мен тәсілдерін арнайы зерттеу, оның нәтижелерін өндіріске енгізу, тиімді пайдалану әрқашанда ерекше өзекті мәселелердің қатарында тұрады. Оқытудың қазіргі құралдарын пайдалана білу, қажетті дидактикалық құралдарды жасаудың, іс жүзінде пайдаланудың амалдарын, тәсілдерін меңгеру – өз алдына бір сала. Осындай әр сала бойынша қалаптасатын білім, дағды, біліктілік негіздері аясында оқытушы үшін оқыту әдістемесінің жалпы теориялық қағидаларын, соны жетістіктерін озық тәжірибемен ұштастыра отырып, өзінің кәсіби қызметін жоғары сапалық деңгейде атқаруға ұдайы ұмтылу қажет. Оның мынадай себептері бар: белгілі бір пәнді оқыту әдістемесі ғылыми тұрғыда қаншалықты толық зерттелгеніне қарамастан, ол зерттеулер бүгінгі күннің даму қарқынына ұзақ шыдас бере алмайды. Бүгін жаңа болып есептелген ғылыми-әдістемелік үлгі ертең де сол жаңа, пайдалы болып қала алмайды. Екіншіден, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндерін оқыту әдістемесі ғылым пәні, оқу пәні ретінде қаншалықты маңызды екеніне қарамастан, бұл салада осы күнге дейін іргелі ғылыми зерттеуге немесе сапалы

оқулыққа қолымызды жеткізе алмай келе жатқанымыз рас. Қолда бар еңбектер бүгінгі күннің өскелең талаптарына жауап бере алмайды десек, артық айтқан болмаймыз. Мұндай жағдайда қазақ тілі, қазақ әдебиеті, абайтану пәндері оқытушысының кәсіби білімі мен дағдысын, біліктілігін жоғары оқу орнынан кейін өздігінше ұдайы жетілдіріп отыруының өмірлік пайдасы үлкен. Оқыту әдістемесі пәннің адам өміріндегі, қоғамның әлеуметтік дамуындағы маңызы, тіл мен сана, сөз бен ойлау арақатынасы туралы қағидаларға сүйенетіні белгілі. Бұл ретте оқыту әдістемесі пәннің әлеуметтік қызметі мен мәні жайындағы теориялық қағидаларына сүйенеді. Бірақ оқыту әдістемесін қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің не абайтанудың құрамдас бір саласы ретінде түсінуге болмайды. Іс жүзінде оқыту әдістемесі пәні мен қазақ тілі немесе қазақ әдебиеті, я болмаса абайтану пәндерін бір санап, жоғары оқу орындарының оқу жоспарынан бірін шығарып тастауды жаңалық, инновация деп есептеу тәжірибесі де кездеседі. Мұндай тәжірибе жалпыға міндетті мемлекеттік стандартты (білім беру бағдарламасын) орындаудан бас тарту ғана емес, мұндай тәжірибенің болашақ пән мұғаліміне, оның болашақта оқытатын оқушыларына қиянат болатынын ескеру артық емес.

Оқыту әдістемесі педагогикалық ғылымдардың саласына жатады. Зерттеу университеті пәндерін оқыту әдістемесі, оқытудың мазмұны, оқытудың нормативтік негіздері – жоғары мектеп дидактикасындағы іргелі мәселе. Онда білім алушылардың дұрыс ойлау, дұрыс сөйлеу, бір-бірінің сөзін дұрыс түсіну, ауызша да, жазбаша да ойын дұрыс, жүйелі жеткізе білу қабілетін дамытып, қажетті дағдыларын, білігін, жеке тұлға ретінде дүниеге көзқарасының, дүниетанымының негізін қалыптастырудың жолдары оқу мен оқытудың теориясына, озық тәжірибесіне негізделеді. Бұлар – оқу үдерісінің бөлектенбес құрамдас бөліктері. Оқыту әдістемесінің, оқу, оқыту теориясының нысаны – оқыту үдерісі.

Жоғары мектептегі Абай ілімі, абайтану пәні – білім алушылар үшін ақылға, қиялға, көңілге бірдей әсер ететін мазмұн әрі таным құралы, білім, тәрбие алу құралы, ойлау жүйесін қалыптастыру құралы. Білім алушылардың болашақ маман ретінде дамуы, қоғамның лайықты мүшесі болып қалыптасуы оның тілінің, ақыл-ойының, ойлауы мен сөйлеуінің, қиялы мен қиялдауының, көңілі мен көңіл күйінің тиісті талаптарға сай жетілуімен, кемелденуімен тікелей байланысты. Абай ілімі, абайтану пәндерін оқу мен оқыту ісін осы тұрғыдан бағалау ләзім.

Ахмет Байтұрсыновтың: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Көңілге», – деген қағидасының ғылыми маңызын, теориялық тереңін жоғары бағалай отырып, оны Абай ілімі, абайтану пәндерін оқу мен оқытуға қатысты қолданудың да жөні бар. Абай ілімі, абайтану пәндерін оқыту теориясы осындай мақсаттарды көздейді. Сондықтан оқыту теориясы оқыту үдерісін тұтас қамтиды. Сөйте тұра оқыту үдерісінде оқыту әдістемесінің мазмұны білім алушылар үшін беймәлім болып қала беруі мүмкін. Білім алушы пән мазмұны аясында тиісті білім, дағды, білік алғанмен, пәнді оқыту әдістемесінің мәніне бойлай алмауы ғажап емес. Оқыту

әдістемесі оқытушының пән мазмұны бойынша тиісті білімді білім алушылардың меңгеруіне қызмет ететін құралдар мен әдістерді тиімді пайдалану әрекетінде жүзеге асады.

Оқыту әдістемесі оқу үдерісінің барлық кезеңдерін, құрамдас бөліктерін тұтас қамтиды дедік. Оқу үдерісінің құрамдас бөліктері мынадай болады: а) білім мазмұны (білім, дағды, білік); ә) оқытушы әрекеті; б) білім алушылардың әрекеті. Білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау әдістері де оқыту үдерісі аясында қарастырылады. Бұл жерде мынаны ескеру дұрыс: оқу үдерісінде білім алушының әрекеті мен оқытушының әрекеті екі дара емес, бір-бірімен тығыз байланысты, өзара бірлікте жүзеге асады. Сондықтан оқыту әдістемесі оқу үдерісіндегі білім алушы мен білім берушінің әрекеттерін өзара үйлескен, бірлескен әрекет ретінде қарастырады. Айтылған жайлар негізінде оқыту әдістемесінің мынадай бірнеше міндеттерін атауға болады: а) оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау; ә) оқытудың мазмұнын анықтау: оқу бағдарламаларын, оқу кешендерін жасау, оқулықтар жазу; б) оқытудың әдістерін, тәсілдерін, дәріс үлгілерін, әдістемелерін, құралдарын әзірлеу; в) оқу нәтижелерін бақылау әдістері мен бағалау өлшемдерін анықтау. Сөйтіп, оқыту әдістемесі дидактикалық мақсаттар мен міндеттерді, білім мазмұнын анықтайды, әдістерін жасайды, бақылау мен бағалау өлшемдерін қалыптастырады.


Оқу үдерісін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етудің маңызы жоғары. Сонымен қатар мынаны ескеруге тура келеді: білім алушыларға қажетті білімді белгілі бір жүйеге түсіріп, оның құрамдастарын модельдеу, сол арқылы білім алушылардың ұзақ мерзімді есте сақтау және қолдану қабілетін дамыту аса маңызды. Әсіресе білім беру жүйесін ақпараттандыру кең қанат жаюы жағдайында білім мазмұнын, білім берудегі мақсаттар мен міндеттерді, білімге деген әлеуметтік қажеттілік пен сұранысты ескере отырып, пәннің оқу-әдістемелік құралдарын тұтастай жаңғыртудың, ақпараттық кеңістік шарттарына бейімдеудің өзектілігі ұдайы күшеюде. Қалыптасқан жағдайда әр тақырыпты, әр дәрісті, жалпы пәнді педагогикалық дизайн үлгісінде жасалған дидактикалық құралдармен қамтамасыз етудің маңызы өлшеусіз жоғары. Осы орайда белгілі тақырыптың мағыналық-құрылымдық болмысын модельдеудің практикалық қажеттілігі өте жоғары. Мұндай модель үлгісі білім алушылардың өмірлік тәжірибесі мен танымына лайықты болуы – басты шарт. Осы орайда «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы бойынша орындалған жұмыстардың нәтижесінде жоба жетекшісінің Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық жүйесі, тетіктері бойынша жасаған модельдерінің бірін мысалға келтіргенді оң көреміз.

Модельде Абайдың бес асыл ісі шегіндегі бес категория (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) [4, 65] жүйесі бейнеленген. Бес асыл – бес категория. Бейнеленген үлгіде аталған бес категорияның әрқайсысы бір үшкіл түрінде көрініс тапқан.

Үшкіл жайы басқа модельде сипатталған, ол «Абай үшкілі» деп аталады.

Тақырыптың мағыналық-құрылымдық бірліктері үш не бес болған жағдайда осы модельді қолдануға болады. Мысалы, әдеби шығарманың тақырыбын бір үшкіл мысалында, өзекті ойын (идеясын) бір үшкіл мысалында талдап, жинақтауға болады. Сюжетке, композицияға, образ жасау жолдарына т.б. мәселелер бойынша тиісті үшкілдерді пайдалануға мүмкіншіліктер бар.

Бес асыл іс категориясының моделі бес үшкіл жүйесінде ұсынылған.



Педагогикалық дизайнның тиімділігінің ең бір қарапайым түрлерінің бір көрінісі осындай. Бұл бағытта жүргізілетін ізденіс жұмыстарының ұшы-қиыры жоқ десек, қателеспейміз.

Оқыту әдістемесінің жалпы ұстанымдары дидактикада негізделетіні түсінікті. Оқу мен оқытудың ұстанымдары жалпы дидактикалық ұстанымдарды негізге ала отырып, пәнді оқытудың өзіне тән мақсаттары мен міндеттеріне сай анықталады. Дидактика ұстанымдары жалпы болғанда, пәнді оқыту ұстанымдары жалқы ерекшеліктерімен сипатталады. Пәнді орта мектепте оқытуда мынадай дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады: а) оқытуда теориялық білімге сүйене отырып, практикалық бағытты ұстану; ә) қатынас құралы ретінде оқыту; б) сөйлеу әрекеті ретінде оқыту. Оқыту әдістемесінің даму кезеңдеріне байланысты аталған ұстанымдар өзгеріп отырады. Әр кезең оқытудың жаңа ұстанымдарын ұсынады. Жалқы дидактикалық ұстанымдар пәнді оқытудың құрамдас бөліктерін қамтып, басты бағытты белгілейді.

Абай ілімі, абайтану пәндерін оқыту әдістемесі пәнінің маманы өзінің кәсіби қызметінде оқытушының, әдіскердің, педагогтың, психологтың, тілші мен әдебиетшінің ісін бірдей атқаратыны сырттан қараған қарапайым адамның көзіне де шалынбай қалмайды. Бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, ғылыми тұрғыдан қараған жағдайда, оқу әдістемесінің арнасында бірнеше ғылым салаларының ұштасқан қызметі аңғарылады. Мұның өзі Абай ілімін, абайтануды оқыту әдістемесінің ғылым ретінде бірнеше ғылым салаларымен тығыз байланыста, бірнеше ғылым салаларының тоғысында тұрған,

пәнаралық сипаты басым пән екендігін көрсетеді.

Оқу мен оқыту теориясы педагогика ғылымының бір саласы ретінде жеке тұлғаның қалыптасуының белгілі бір қырларын қарастыратыны белгілі. Оның басқа ғылым салаларымен байланысы осыдан басталады. Бұл ретте пәнді оқыту әдістемесінің ғылым ретінде тіл білімімен, әдебиеттанумен, педагогикамен, психологиямен байланыстарының тамыры тереңде және барынша анық екендігі түсінікті. Сонымен бірге бұл пәннің философиямен, мәдениеттанумен, әлеуметтанумен тығыз байланысы бар. Пәнді оқыту әдістемесінің пәнмен байланысы мына салалар бойынша жүзеге асады: а) оқу пәнінің ғылыми ұғымдары, терминдері пайдаланылады; ә) пәннің даму деңгейі оны оқытудың мазмұнын анықтайды; б) оқытудың әдістері, түрлері, дидактикалық құралдары пәнінің мазмұнына сәйкес анықталады; пәнді оқыту әдістемесінде жалқыдидактикалық ұстанымдар қолданылады.

Философия бар ғылымның әдіснамалық негізі қызметін атқаратыны бұрыннан айтылып келеді. Қазіргі заманда да бұл қағиданың өзектілігі жоғары. Оқыту әдістемесінің әдіснамалық жүйесі философияға негізделеді. Оқушының жаңа тақырып негізінде жаңа білім алуы, өзіне бұған дейін белгісіз болып келген құбылысты қабылдауы, тануы, білуі, түсінуі, ұғуы – күрделі үдеріс. Оқушының жаңа білімді игеру үдерісі, жалпы сипаттағанда, сезімдік және ойлау сатылары арқылы өтіп, нәтижесін тәжірибе жүзінде тексерумен аяқталады. Басқаша айтқанда, баланың білім алуы өмірдің шындық құбылыстарымен тығыз байланыста болады [5, 138-140]. Философияда бұл таным үдерісіне сәйкес келеді. Оқушылардың білім алу әрекетін осы үдеріс сатылары туралы философиялық қағидаларға сүйене отырып тануға болады. Ал бұл үдеріс тілдік формалар түрінде жүзеге асады. Сондықтан оқушының таным үдерісінде тілдік бірліктер (сөз, сөз тіркесі, фразеологизм, сөйлем, мәтін) арқылы алған білімін өзінің өмір тәжірибесінде, іс жүзінде (оқуда, ойында, еңбекте және басқа салаларда) орнын тауып пайдалануына ерекше көңіл бөлінеді.

Тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың арасындағы байланыс бары да ертеден айтылып келеді. Адамның ойы тек тіл арқылы ғана нақтыланады, тіл арқылы ғана ұғылады. Оқушы тіл арқылы өзінің ойын жүйеге түсіреді, нақтылайды, негіздейді, басқаларға жеткізеді. Тілдік бірліктерсіз, тілсіз оқушының ойын, ойлауын дамыту, танымын байыту мүмкін болмайды. Оқыту әдістемесі ғылым ретінде өзінің әдіснамалық ұстанымдарын философияның осы бағыттағы іргелі қағидалары негізінде анықтайды. Оқыту – оқыту әдістемесі оқушының пән туралы білімді қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау, еске түсіру және өзінің өмір тәжірибесінде пайдалану, ойлау қабілетінің даму үдерістерін бақылау мен бағалауда психология ғылымының қағидаларына сүйенеді.

Абай шығармашылығын мектепте оқу мен оқыту, білу мен түсіну – әрқашан өзекті ғылыми мәселе. Мектеп оқушыларының көркем шығарманы оқып-білуіне, білгенін түсінуіне қол жеткізу – мұғалім үшін үлкен дайындықты талап ететін күрделі жұмыс. Мектепте көркем шығарманың мәтінін оқуға, оқығанын біліп, терең түсінуге оқушылар айтарлықтай

қызуғышылық, ынта білдірмейтін жағдайлар болатыны рас. Кез келген жағдайда пайда ойлау ыңғайында өсіп келе жатқан жас Абайды, жалпы тіл мен әдебиетті оқу мен оқытудың бағасын тиісті деңгейде біле бермеуі, білуге ұмтылмауы мүмкін. Оның үстіне қазір ғаламтордан кез келген көркем шығарманың мазмұнын тауып алуға болады. Оқушы сол дайын мазмұнды әңгімелеуге бейім, образ жайын да сол мазмұн бойынша талдауды оңай көреді. Мұғалім, ата-ана білім алушылардың тіл мен әдебиет пәндеріне салғырт қарауына жол бермеуге тиіс. Адамзат баласы үшін дүниедегі ең қымбат байлық – адамшылық, кісілік. Адамшылығы жоқ, кісілігі жоқ жандарды адамзат баласы қатарына қосу артық. Адамшылық, кісілік сабағының жарқын үлгісін тіл мен әдебиет пәндерінен ғана алуға болады. Әдебиет пәнінің өзекті желісін Абай шығармашылығын тану арқылы табудың өмірлік маңызы жоғары. Негізгі орта білім, Жалпы орта білім беру жүйесінде Абай шығармашылығын дұрыс оқып, дұрыс оқытпаған жағдайда әдебиет те, тіл де оқу пәні болудан қалады. Абай өлеңдері мен қара сөздерін оқу мен оқытудың, оқыған өлең мен қара сөздің мазмұны мен пішінінің ерекшеліктерін анықтап білу мен түсінудің өзіндік қиындығы бар. Мұғалім осы жағдайларды ескере отырып, Абайдың өлең сөздері мен қара сөздерін оқытудың, талдаудың, түсіндірудің өзіндік үлгісін пайдалануға мүдделі болуы орынды.

Өлеңді қара сөзбен мазмұндау, жаттату немесе буын санын, ұйқасын, көркемдеуіш құралдарды тауып көрсету оқушылардың көркем шығарманы өнер, сөз өнерінің үлгісі ретінде эстетикалық қабылдауына жеткілікті негіз бола алмайды. Абайдың қара сөздерін оқытуда пішін ерекшеліктерін айта отырып, білім алушылардың автор ойларының маңызы мен мәнін, логикалық қисынын, адамгершілік негізін анық, нақты, бейнелі, толық түсінуіне қол жеткізуге күш салу қажет. Ақынның көркем дүниетанымы, образдар жүйесі, көркем ойлауының даму сатылары туралы ұғымдар білім алушының білу үдерісінен тыс қалмайтын болуы шарт. Білім алушылардың Абай шығармашылығын меңгеру деңгейін бақылауға қажетті бақылау құралдарын жасауының қажеттілігі зор. Мысалы, Абайдың қара сөздері бойынша бақылау құралдарын, тест тапсырмаларын жасауда білім алушылардың Абайдың қара сөздерінің мәтінін өздерінше оқып білу деңгейіне баса назар аударуы дұрыс болмақ. Тест тапсырмалары бақылау құралы ғана емес, білім алу құралы болуын ескерудің де артықшылығы жоқ. Оның бір үлгісін осы тарауға қосымша ретінде ұсынып отырмыз.

Өлеңді талдау барысында шын мәніндегі өнер туындысында мазмұн мен форманың бірлігі ұғымы бір-бірінен ажыратуға келмейтін тұтастықта түзілетінін оқушы санасында қалыптастыру үлкен еңбекті талап етеді. Өлең мәтінінің мазмұнын оның пішінінен бөлек қарастыруға болмайтыны секілді пішінді де мазмұннан тыс түсіндіру оның жасырын терең сырын білуге мүмкіндік бермейді. Оқушының эмоциялық көңіл-күйіне, қиялына, ассоциативті ойлауына өлең мәтінінің әсерін мұғалім өз бақылауында ұстауға тиіс. Бұл оңай емес.

Абайдың өлеңдерін оқушы мен оқытушыға да, түсінуші мен түсіндірушіге де

үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өлең сөзді, поэзияны оқу мен оқыту, білу мен білдіру, түсіну мен түсіндіру ақындық пайымды, поэтикалық сауаттылықты, поэтикалық қызығушылықты қажет етеді. Мұндай қабілеттің негізі дамымаған жағдайда поэзияның өзіне тән ерекшелігін, өлеңнің мазмұны мен пішініне тән басты қасиеттерді білу, түсіну мүмкін емес.

Өлең сөзді, поэзияны оқу мен оқытудың өзіндік ерекшелігі, тіпті қиындығы бар. Бұл жерде үш актант бар деп білі керек: бірі – поэзия; екіншісі – оқушы; үшіншісі – оқытушы. Оқу нысаны – біреу. Оқытушы, түсіндіруші тұлға – біреу. Ал оқушы, түсінуші тұлға – екеу. Бұл екеуінің оқитыны біреу болғанмен, олардың әрқайсысының түсінуі әр басқа. Сөйте тұра бұл екеуінің түсінулерінде қарама-қайшылық жоқ. Осы аталған үштік қарым-қатынаста көзге көрінбей тұрған тағы бір тұлға бар. Ол – автор. Оқытушы өзінің оқушыларымен бірлесе жүргізетін іс-әрекетінде автор тұлғасын да ұдай есте ұстауы шарт. Поэзиялық шығарманы оқу мен оқыту ісінде оны түсінудің деңгейі бірдей бола алмайтыны рас. Алайда оқу нысаны болып отырған поэзиялық шығарманы тереңге бойлап түсіну басты міндет болып қала беереді.

Өлең мәтінін оқушының оқып қабылдауы бірнеше кезеңнен тұрады. Әр кезең мәтіннен көркемдік бейнелеу құралдарды іздеп табуға, олардың мәтіндегі қызметін, басқа да тілдік бірліктермен арақатынасын талдауға әкеледі.

Абай өлеңдерін оқушының эмоциялық қабылдауы қандай жағдайда тиімді болатыны ассоциативті қабылдау теориясы заңдылықтарына сай анықталғаны оңды. Білім алушының білім алу үдерісінде белгілі бір құбылыстың қыры мен сырын қабылдауы оның екі жақты, бір-біріне қарама-қарсы белгілерін қатар, салыстыра отырып анықтау барысында барынша тиімді, толымды болатынын ескеру дұрыс. Бұл мәселе ассоциативті қабылдау психологиясында ғылыми тұрғыда жеткілікті негізделген [6, 363-381]. Өнер туындысын, өлең сөзді эстетикалық қабылдаудың басты психологиялық заңдылығын, әдістемелік негізін осы арнадан іздеген дұрыс.

Абайдың өлеңдерін, шығармашылық мұрасын оқытуда адам болам деген баланың асық болатын бес асыл ісі мен қашық болатын бес жаман ісі есте тұруы қажет. Бұл айтылғандар адамның адамдық қасиеттері туралы басты рухани құндылықтарды танып, білуде өте маңызды. Мұны ақынның бір өлеңі көлемінде оқып, содан кейін оған қайтып оралмау дұрыс болмайды.

Ақын: «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап» [4, 267], – дейді. Осы ойдың бейнелі, жарқын мысалы – Абайдың И.А. Крыловтан аударған «Қарға мен түлкі» өлеңі. Мақтаудың, ішке қулық сақтап өтірік мақтаудың айрықша үлгісі осындай. Өлеңде бір-біріне қарама-қайшы екі мінез, екі болмыс, екі тұлға жете дараланған. Бірі – ішіне қулық сақтап өтірік мақтаудың қас шебері. Екіншісі – мақтаншақ, өтірік мақтағанға имандай сенген алаңғасар, ақымақ. Бір-біріне қарама-қарсы осы екі мінезді, екі тұлғаны даралай түсіп, олардың әрқайсысының эмоциялық мазмұнын жеке-дара және бір-біріне қатысты терең ашуға тура келеді. Қулық, өтірік дегенде, мақтау, мақтаншақ дегенде, оқушының ойында олардың мәнісі ақынның бір

шығармасы ғана емес, бар шығармашылық мұрасы көлеміндегі білім, ақпаратты тұтас жаңғыртып, нақты бейне, нақты сурет, образ, қарама-қарсы эмоциялық күй түрінде бір-бірімен тоғысып, бір-бірімен қайшыласып, бірін-бірі толықтырып тұратын жағдайға қол жеткізу – оқу ісіндегі, білу мен түсінудегі, түсінгенді күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданудағы басты жетістік. Осындай жетістікке жеткеннен кейін, ақынның қандай өлеңін оқытуда қандай тиімді ахуал қалыптасатынын ескеру орынды.

Л.С. Выготский оқушы санасында қарама-қарсы эмоциялардың күресі туғызатын эмоциялық қозғалысты эстетикалық әсер алу деп атайды. Осы заңдылықты негізге алғанда, көркем шығарманы талдаудың кез келген түрі қарама-қарсы екі бағытты іздеп, табудан басталады [7, 181]. Өлең мәтінінде оқушы санасында бір-біріне қарама-қарсы эмоцияны, көңіл-күйді тудыратын жағдайлар әртүрлі болуы мүмкін: жағымды-жағымсыз бейнелер, мақсат-мүдделер, іс-әрекет, табиғат көріністері т.б.

Оқушылардың ассоциативті ойлау қабілетіне әсер ете алатын тақырып олардың ассоциативті эмоциясын тудырып, қиялын қозғайды. Л.С. Выготскийдің пікірінше, көркем мәтіннен осындай бір-біріне қарама-қарсы екі полюсті табу оны қабылдаумен тікелей байланысты болады. Автордың қиялы тудырған көркем шығарманың оқырманға қатты әсерінің сырын да осы психологиялық заң түсіндіреді [8, 13].

Ойдан шығарылған образ неғұрлым жарқын, биік болған сайын оның эмоциялық әсері де күшейе береді, оқырман өмірінің әртүрлі жағдайларының белгісі ретінде есінде қалған түйсік-сезімдер, бейнелер өлең мәтінінде ашылатын сырлармен тоғысып, ассоциациялар тудырады. Өлең мәтініндегі бейнелі сөздің әсерінен туындаған елес-сезімді, ассоциацияларды дамыту – мұғалімнен тиянақты ізденісті, терең білімді, педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бейнелі сөздің астарында жатқан терең мағынаны ашу, оны оқушылардың білуі мен түсінуін қамтамасыз ету жұмысы да оңай емес.

Бастауыш сыныптан басталатын қиын да күрделі әрі жауапты жұмыс жоғары сыныптарда өзінің жүйелі жалғасын табуы үшін, мұғалім қазақ әдебиеті пәнінен сыныптан тыс оқуды ата-анамен бірлесе отырып ұйымдастырады. Ата-аналарға сыныптан тыс оқитын көркем әдебиет тізімін ұсынып, оны уақытылы тексеріп отырған орынды.

Өлең мәтініне талдау жасауда оның образдық жүйесінің құрылымына, сөздің мағынасына, мәтіндегі тірек сөздің көпмағыналылығына, бұл көпмағыналықтан туындайтын сөздің түрлі мән-мағыналары мен ассоциациялар тізбегін мәтіннен түсініп табу іс-әрекеті оқушылар үшін бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1) Оқушы өлең мәтінінің әрбір сөзіне мән беріп оқиды.
- 2) Мағынасын түсінбеген сөздерін дәптеріне теріп жазады.
- 3) Ол сөздердің түсініктемесін сөздіктерден қарайды немесе мұғалім көмектеседі.
- 4) Өлең мәтінінен тірек сөзді табу міндетті.
- 5) Тірек сөз ақын ойының дамуына байланысты әр тармақта көріне ме келесі тармақта әлде басқа сөзбен ауысты ма деген сұраққа жауап іздейді.

6) Өлең мәтінінде тармақтар арасындағы байланыс тізбектеле немесе жарыспалы байланысатынына мән береді.

7) Мұғалім оқушыларға осы байланыс түрлерін түсіндіреді, үш-төрт шумақтан тұратын өлең мәтіндерінен мысалдар келтіріп, байланыс түрлерін ажыратуға жаттықтырады. Мысалы:

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп [4, 103].

Берілген шумақтың алғашқы екі тармағы тізбектеле байланысқан. Екі тармақты бір жай сөйлем жүйесінде (*желсіз түнде жарық айдың сәулесі суда дірілдеп тұр*) оқыту арқылы олардың араларындағы мағыналық байланыстың сипатын оқушылардың байқап, аңғаруына қол жеткізі қажет. Бірінші тармақта құбылыстың ерекше сипаттары көрсетілген, ондағы басты мағына екінші бунақта берілген құбылысқа (жарық ай) тән (желсіз түндегі жарық ай), екінші тармақта алдыңғы тармақтағы басты мағынамен байланысты құбылысқа тән іс-қимыл суреттелген. Енді өлеңнің осы екі тармағы арасындағы мағыналық-құрылымдық байланысты шартты белгілермен белгілейтін болсақ, мынадай құрылымдық жүйе белгілі болады:

$A \leftrightarrow B$

Мұндағы А – құбылыс (нәрсе), В – сол құбылысқа (нәрсеге) тән іс-қимыл. Кейінгі екі тармақтың мағыналық-құрылымдық пішіні дәл осы әуелгі екі тармақ арасындағы мағыналық-құрылымдық үлгімен бірдей.

8) Өлең мәтініндегі шумақтар араларында байланыс қалай жүзеге асқанына да оқушылардың назарын аудару маңызды. Шумақтар арасындағы байланыстың қандай ретпен жүзеге асатынын мұғалімнің көрнекі мысалдармен түсіндіргені қажет.

8) Өлең мәтінінің құрылымы мен мағыналық тұтастығы әр шумақтағы тірек сөздің (образдың) келесі шумақта басқа бір образға (тірек сөзге) ауысуынан түзілуі мүмкін. Талдау барысында образдар арасындағы байланыс жүйесі салыстырмалы түрде тұтас аяқталған мағыналық тұтастыққа тән үлгі болып шығатынын көрсету орынды.

9) Өлеңді мағыналық бөліктерге бөлдіру. Осы тапсырманы орындауда мұғалім оқушылардың назарын өлеңнің тақырыбы мен поэтикалық ойдың дамуына, олардың қандай тірек сөздермен берілгендігіне аударады. Бірақ кез келген өлең мәтіні мағыналық құрылымдық бөліктерге бөлшектеуге келе бермейді. Көлемі шағын өлеңдер бір ғана мағыналық құрылымнан тұруы мүмкін.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіне мағыналық құрылымдық талдау жасаудың жолдары әртүрлі. Оны білу маңызды. Өлең мәтінін әрбір оқушының бес-алты рет оқуын мұғалім қадағалайды. Өлең мәтінін мәнерлеп оқығаннан кейін оқушылардан өлең не туралы екенін сұрайды. Өлең ғылым туралы деп оқушылар қиналмай, тез жауап береді. Өлең

мәтінінен тірек сөздерді табыңдар деген тапсырманы да жылдам орындайды. Ол тірек сөздер – «ғылым», «бала».

Түсінбеген сөздерін дәптерлеріне жаздырады. Өлең мәтінін мағыналық бөліктерге бөлуге тапсырма беріледі. Оқушылар өлең мәтінін үш мағыналық бөлікке бөледі. 1 – мағыналық бөлік – мен (ақын) және ғылым туралы. 2 – мағыналық бөлік – мен (ақын) және бала туралы. 3 – мағыналық бөлік – ақынның өзі туралы. Өлең мәтінінің алғашқы мағыналық бөлігіндегі тірек сөзді (ғылым сөзін) өлеңнің әр тармағына қатысын анықтап, даралау маңызды.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды деп сермесем, өстер ме едім? [4, 43]

Енді осы алты тармақты мұғалім оқушыларға қайталап оқытады. Алты тармаққа ортақ мағынаны – ақынның жас кезінде білім алып оқымаған өкініші туралы ойды оқушылар мұғалім көмегімен қорытады. Тармақтар арасындағы байланыстың тізбектелу арқылы жүзеге асқанын мұғалім оқушыларға сұрақтар қою арқылы аңғартады. Өлеңнің алғашқы алты тармағына ортақ мағына – «ақынның жас кезінде оқымаған өкінішіне», «кім жазалы» екеніне оқушылар жауап іздеп пікір алмасады.

Өлең мәтінінің одан кейінгі 7, 8, 9, 10-тармағын мұғалім оқушыларға қайталап оқытып, осы тармақтағы тірек сөзді табуға тапсырма береді. Тірек сөздің «бала» екенін оқушылар тез табады, себебі «бала» сөзі әр тармақта қайталанады. Мұғалімнің көмегімен «адамның бір қызығы – бала» деген тармақты оқушылардың қалай түсінетіні талқыланады. Баланың ата-ана үшін болашағы, үміті болуының мәнісі ашылады. Бұл 7, 8, 9, 10 – тармаққа ортақ мағына – ата-ананың баласына үміт артуы. Ақынның «Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», – деген жолдарымен ақынның екінші бір өлеңіндегі «Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы – Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой, Я тілмаш, я адвокат Болсам деген бәрінде ой» дегенмен мағыналастығын көрсету үшін де өлең мәтіндерін қайтадан оқыту да артық болмайды. Екі өлең мәтіндерінде келтірілген тармақтарда бір-біріне қарама-қарсы екі ойдың қатар тұрғандығын көрсету де дұрыс. Алғашқы өлеңнің екі тармағында «біл» сөзіне (ғылым мағынасындағы) қарсы мағынада қандай сөздер қолданылғанына арнайы назар аударуға болады. Оқушыларға «қызмет», «шен» сөздерінің қарсы мағынада қолданылғандығын табу қиындық туғызған жағдайда түсінік беру артық емес. «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой, Я тілмаш, я адвокат Болсам деген бәрінде ой» дегенде де «Салтыков пен Толстой» сөздеріне «тілмаш», «адвокат» сөздері қарсы мағынада қолданылғандығын табуға мұғалімнің көмегі керек болуы мүмкін. Бірақ бұл сөздер осы мәнмәтіннен /контекстен/ тыс басқа кезде бір-біріне қарама-қарсы

қолданылмайтынына, дәл осы контексте ғана олар қарама-қарсы мағыналық қатынаста тұрғанында түсінік берілсе болады.

Ақын «қызмет», «шен», «тілмаш», «адвокат» сөздерін қандай мағынада қолданған, не себепті деген мұғалім сұрағына оқушылар ойланып жауап іздейді. Сонымен қатар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіндегі «біл» сөзі «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегі «Салтыков, Толстой» сөздерімен бір мағынада қолданылып тұрғанын дәлелдендер деген тапсырма беріледі. Осы тапсырмалармен қатар: мұғалімнің «Пайдасын көре тұра тексермедім» – деген тармақта ақын ғылымнан түсетін қандай пайданы айтып тұр деген сұрағына оқушылар ойланады. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде ақын: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» дейді. Осы екі өлеңде ақын «пайда» сөзін бірдей мағынада қолданған ба деген сұраққа жауап іздетеді. Күнделікті өмірде пайда табу жақсы ма, жоқ әлде жаман ба? Пайданы қалай тапқан жақсы деген сұрақтар төңірегінде оқушыларды ойландыртады. Ол тапсырмаларға жауапты табу үшін мұғалім Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқуға кеңес беріп, өз ойларын эссе түрінде жазуды ұсынады.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңнің соңғы шумағын білім алушыларға тағы бір қайталап оқыту артық емес. Білім алушылар шумақтың кім туралы екенін анықтаған соң, «Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазаққа қара сөзде дес бермедім» деген жолдарға талдау жасалады. Тармақтар бір-бірімен қалай байланысқандығына (тізбектеле не жарыспалы) назар аударады. Осы тармақтардағы «басқа шауып, төске өрледім, қара сөз, дес бермедім» тілдік бірліктерінің мағынасын білім алушылардың қалай түсінетінін анықтау маңызды. Өлеңнің 11,12,13,14-тармағы ақының өзі туралы екенін оқушылар өлең мәтінін мағыналық бөліктерге бөлген кезде де тапқан болатын. Әсіресе өлеңнің соңғы екі тармағына тоқталып, «Еңбегінді білерлік еш адам жоқ, Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім» жолдарына да ортақ мағынаның тағы да «өкініш» екеніне тоқталады. Сонымен қатар бұл екі тармақтың Абайдың бүкіл шығармаларындағы ойлармен үндестігін мұғалім ақын өлеңдерінен мысалдар келтіріп түсіндіреді. Бұл соңғы төрт тармақтың 11,12-тармағы мен 13,14-тармағы да бір-біріне қарсы мағынада қолданылған. «Басқа шауып, төске өрлеген», «қара сөзге дес бермеген» мықты, шешен ендігі тармақтарда «тыныш жүргенді /үндемеуді/ теріс көрмейді». Бұл тармақтардағы бір-біріне қарама-қарсы ой – «сөйлеу және үндемеу». Не себепті ақын үндемеу жолын таңдайды деген сұрақ та оқушыларды ойландырады. Ақын жалғыздығының себебі оның сөзін тыңдайтын, түсінетін ортаның жоқ екендігі жайлы ой қорытындысын оқушылардың өздері жасауына қол жеткізу шарт.

Өлеңнің қай жақта айтылғанын, қандай шақ формасында тұрғанын ажырату туралы тапсырма оқушылар үшін аса қиындық туғызбайды. Өлең 1-жақтан, яғни ақынның өзінің атынан айтылғанын, баяндауыштарының барлығы жедел өткен шақта тұрғанын табады. Келесі тапсырма өлең мәтіні сөйлемдерінің мағыналық құрылымын анықтау. Бұл – күрделі тапсырма. Себебі өлең мәтінінде сөйлемдер бір немесе бірнеше тармаққа, шумаққа созылуы мүмкін.

Өлең мәтінінің алты тармақтан тұратын алғашқы «Өкініш» мағыналық құрылымы салдар-себеп қатынасты үш құрмалас сөйлемнен құрылған. Бірақ осы грамматикалық формалардың барлығы өлең мәтінін байланыстыруға қызмет етіп, бір кеңістікте қабылдауға үлес қосқанын мұғалім түсіндіреді. Келесі төрт тармақтан тұратын «Бала, үміт» мағыналық құрылымындағы «Адамның бір қызығы – бала деген» тармағының қандай көркемдік құрал деген мұғалім сұрағына оқушылардың ол тармақтың метафора екенін білмеуі де мүмкін. Ғалым З.Қабдоловтың: «Метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», – деген пікірімен таныстырады. Мұғалім «Адамның бір қызығы – бала» метафорасы өзінен кейінгі үш тармақты бір-бірімен байланыстырып, жалпылау мәніндегі сөйлемнің қызметін атқаратынын, өлеңнің соңғы «ақынның өз өкініші» туралы үшінші мағыналық құрылымдық бөлігінде тармақтар бір-бірімен себеп-салдарлық қатынаста құрылғандығын түсіндіреді.

Өлеңнің бірінші мағыналық – құрылымдық бөлігіндегі ақын өкініші туралы ой мен соңғы үшінші мағыналық бөлігіндегі ақынның өз өкініші туралы ойдың қайталануы арқылы өлең мағыналық тұтастыққа жетіп, өзінің көркемдік шешімін тапқандығына мұғалім оқушылар назарын аудартады. Көркем мәтіннің мағыналық тұтастыққа қалай жететіні, көркемдік шешімі туралы ұғымды мұғалім қосымша мысалдармен дәлелдейді.

Көркем поэтикалық мәтінді талдау барысында оқушылардың күнделікті шындық өмір туралы, білім, ғылым, шен-шекеп алу, халыққа адал қызмет ету жайлы ой-толғаныстырын ортаға салып, пікір алмасуға шақыруға болады. Ақын Абайдың өз дәуіріндегі арман-тілегі бүгінгі күнде өзекті ме деген сұрақ төңірегінде де оқушыларды ойландырған орынды.

Қазіргі компьютерлік технологияны оқушылардың шектеусіз көп қолдануы олардың интеллектуалдық дамуына кері әсер етіп жатқаны белгілі, соған байланысты қалаларда жеке тұлғаның эмоцияналды интеллектін дамытатын орталықтар пайда болды. Д.Б. Эльконин – В.В. Давыдовтың, Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйесін қолдаушы әдіскерлер де осы бағытта, оқушының эмоциясы мен қиялына әсер ететін тапсырмалар жүйесін құрудың маңыздылығына назар аударады.

Өлеңнің тақырыбы мен идеясын оқушылар әдетте қиналмай табады. Шын мәнінде тақырып пен идея кез келген, көркемдік деңгейі әртүрлі шығармаларда болады. Көркем мәтінді алғаш рет оқығанда пайда болатын әсер – оның бергі бетіндегі мазмұндық жағы, яғни негізгі поэтикалық ойдың дамуының бірінші баспалдағы екендігін мұғалім түсіндіреді. Мұғалімнің міндеті – оқушыларға автор ойының даму кезеңдерін аңғарту, оның мәтінде қандай тілдік бірліктермен көрініс тапқандығын байқату, шығарманың маңызды, терең, астарлы философиялық қабатына бойлату.

Көркем өлең мәтінін алғашқы эмоциялық қабылдаудан басталатын

үдерісті мұғалім оның тереңіне бойлауға, қиялдауға, интерпретациялауға дейін алып барады. Осы тұста оқушылардың ассоциативті ойлау қабілетіне қозғау салу өте маңызды. Қыран бүркіт мықты, алғыр, адал бейне де, ал оған қарама-қарсы топтың іс-әрекеті соншалықты жеккөрінішті. Қарқылдаған қарға да, шықылықтаған күйкентай да күнделікті өмірде кездесетін, үнемі өзінен күштілердің айтқанын бұлжытпай орындайтын, еш нәрсенің байыбына бармайтын, өзіндік пікірі жоқ, іс-әрекетіне ойланбайтын адамдар бейнесі екені түсінікті болады.

Өлең мәтінінде қыран бүркіттің іс-әрекетіне екі-ақ тармақ арналса, оған қарама-қарсы топтың іс-әрекеті өлеңнің он бір тармағын алып жатыр. Бұл топтағылардың іс-әрекетін суреттеуге ақын не себепті көп орын берген деген сұрауды оқушыларға қоюға болады. Оқушылар оған нақты жауап айтуға қиналғанмен, ойланады, ізденеді, жақсы мен жаманды айыруға талаптанады.

Күйкентай мен қарға бейнелері оқушы санасында жеккөрінішті, жандайшап адамдармен астасады. Ақынның сол кездегі толғанып жабырқаған көңіл-күйін оқушылар да сезінеді. Көркем шығарманы оқығанда пайда болатын ассоциативті байланыс әркімде әртүрлі.

Оқытудың инновациялық технологиясы қағидаларының бірі – әр оқушы жеке тұлға екені, оқыту үдерісінің жеке тұлғаға бағытталады. Оқушының қателесуге құқығы бар екендігін ұмытпау да маңызды. Әр оқушының тек өзіне тән білім алу траекториясы, жаңа білімді меңгеру жолы болады. Мұғалім өлең мәтінін талдауда барлығына бірдей жоғары талап қойғанымен, әр оқушының қабілет-қарымы, мүмкіндігі ескеріледі. Көркем шығарманы оқуда өзінің жеке сезініп түсінуіне сүйенеді. Әсіресе уақыт жағынан алыс, өзі куә болмаған тарихи кезеңде жазылған шығармаларды оқығанда, сол тұста өмір сүрген адамдардың ойлау ерекшелігімен жете таныс еместігі оның білуі мен түсінуіне үлкен қиындықтар келтіреді. Соған қарамастан сауатты мұғалімнің міндеті – автордың түпкі ойына, көркем ойлауына оқушыларды барынша жақындату, оқушылардың оқып отырған шығарманың мазмұнын ғана емес, құрылым-жүйесін, көркемдік табиғатын танып білуіне, білгенін терең түсінуіне қол жеткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбаев, Е.Кәрбозов, Л.Мұсалы, Н.Нұрәділ; жауапты ред. Ә.Тарак; жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 136-143-беттер.
3. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев; баспаға дайынд. Л.Мұсалы, Б.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған: З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, М.Жармұқамедов, М.Мырзахметов, М.Мағауин, Қ.Сыдықов;

- баспаға дайындасуға көмектескен Г.Тұрсынова мен С.Дәуітов; жалпы редакциясын басқарған, алғы сөзін жазған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған: З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, М.Жармұқамедов, М.Мырзахметов, М.Мағауин, Қ.Сыдиқов; баспаға дайындасуға көмектескен Г.Тұрсынова мен С.Дәуітов; жалпы редакциясын басқарған, алғы сөзін жазған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
 6. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.I. Вопросы теории и истории психологии / Под ред. А.Р. Лурия, М.Г. Ярошевского. – М.: Педагогика, 1982. – 488 с.
 7. Выготский Л.С. Психология искусства / Предисл. А.Н. Леонтьева; коммент. Л.С. Выготского, В.В. Иванова; Общ. Ред. В.В. Иванова. – 3-е изд. – М.: Искусство, 1986. – 573 с.
 8. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: Психол. Очерк: Кн. для учителя. – 3-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 93 с.
 9. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М.: Педагогика, 1986. 240 с.
 10. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М.: Издательство Московского университета, 1975. – 344 с.
 11. Ильясов И.И. Структура процесса учения. – М.: Издательство Московского университета, 1986. – 200 с.

Доценты КазНУ им. аль-Фараби
Малика АЙМАГАМБЕТОВА
Гульназ ИСКАКОВА

АБАЙ КУНАНБАЕВ - ГЕНИЙ МИРОВОГО ЗНАЧЕНИЯ

Абай Кунанбаев (1845 – 1904 гг.) – это широко известный казахский поэт, просветитель, мыслитель, композитор и общественный деятель. Именно Абая принято считать основоположником казахской литературы в письменном виде, причем он же является одним из всемирно признанных классиков литературы Казахстана. Кроме того, именно Абай был активным защитником реформ в сфере культуры, которые были направлены на сближение культуры Казахстана с европейской культурой, в основу чего, по мнению Абая, должен был лечь просвещенный ислам [7].

Формирование личности и основных мировоззренческих установок Абая проходило под влиянием идей наиболее известных поэтов, философов и ученых Востока, исповедовавших гуманистические идеи. Среди них можно назвать Фирдоуси, А. Навои, Низами, Физули, Ибн Сина (Авиценна) и др. Помимо этого, как указывал сам Абай, огромное влияние на него оказали также произведения русских классиков, с которыми он был хорошо знаком, и некоторые литературные произведения стран Европы. Абай активно переводил

на казахский язык произведения таких классиков русской и зарубежной литературы, как Крылов, Пушкин, Лермонтов, Гете, Байрон и др.

Абай Кунанбаев является гордостью Казахстана и может быть назван гением мирового значения. Он бы личностью и мыслителем, поскольку ему удалось в полной мере постичь всю уникальность и глубину духовного мира казахов. Стихи, философские зарисовки, а также краткие назидания Абая представляют собой зеркало, в котором ясно и четко отражаются особенности национального бытия и самосознания казахского народа.

В 2020 году в Казахстане широко отмечалось 175-летие Абая Кунанбаева. Значимость этой даты для всего казахского народа можно объяснить тем, что творческое и философское наследие великого мыслителя представляет собой наследие огромной ценности как казахского народа, так и всего человечества. Интересно отметить, что день рождения великого мыслителя и просветителя – 10 августа, в настоящее время является одним из официальных праздничных дней в Казахстане.

В своих многочисленных произведениях Абай постоянно подчеркивал необходимость доброты, единения, согласия и взаимопомощи. В контексте того, что происходит в мире в настоящее время, призывы Абая обладают огромной значимостью, поскольку весь мир сейчас проходит через очень сложный период, который требует максимальной взаимопомощи не только от представителей казахского этноса, но и от каждого человека в целом.

Творчество Абая представляет собой лейтмотив значительного количества конкурсов, творческих фестивалей, чтений и т.д. Организаторы подобного рода событий говорят о том, что их основной целью является знакомство как можно большего количества людей с творческим наследием и особенностями мировоззрения Абая. Кроме того, такие события дают возможность талантливой казахской молодежи заявить о себе, следствием чего является знакомство казахской и мировой общественности с новыми яркими именами в сфере культуры и просвещения Казахстана.

В разных уголках Казахстана также имеет место успешная реализация и иных проектов, в основе которых лежат идеи Абая Кунанбаева. Так, к примеру, в августе 2020 г. в Караганде была торжественно открыта первая «Литературная остановка». Она была установлена в соответствии с программой «Рухани жаңғыру», а ее главной целью было ознакомление жителей Казахстана и гостей страны со «Словами назидания», написанными Абаем [7].

Абай, будучи, как уже было сказано выше, мыслителем, философом, поэтом и просветителем, уже более полутора сотен лет восхищает многие поколения глубиной своих мыслей и яркостью таланта. Абай уже давно и хорошо известен далеко за пределами Казахстана, что дало возможность включить его талант во всемирное достояние. Особенно необходимо отметить ту огромную роль, которую Абай сыграл в духовном объединении русских и казахов. Значительное место в его трудах отведено попыткам охарактеризовать сущность жизни и особенности взаимопроникновения культур. Его выводы представляют собой ту базу, которая в настоящее время является фундаментом

философии современного Казахстана. В настоящий период времени казахская философия выступает в качестве неотъемлемой и необходимой части общественного сознания не только народа Казахстана, но и всего евразийского общества.

Казахская философия находится в тесной взаимосвязи с конкретными фактами из истории казахского народа, оказавшими огромное влияние на судьбу всей нации, на особенности ее менталитета, также на принятые способы решений мировоззренческих проблем на разных этапах исторического развития Казахстана. В качестве даты отсчета истории казахской философии можно назвать период формирования философии казахского Просвещения, датируемый XIX столетием. Эта философия вобрала в себя философию Востока и русскую просветительскую мысль, поскольку после того, как Казахстан был присоединен к России, начались стремительные изменения в мышлении казахов, их укладе жизни, этнических традициях и т.д. [2, с. 45].

Для того, чтобы понять, каким именно образом шел процесс формирования казахской философской мысли, представляется целесообразным рассмотреть особенности мировоззрения и учения Абая Кунанбаева, который и по сей день является едва ли не самой яркой фигурой в культуре Казахстана. Абай, являющийся истинным сыном своего народа, сумел вобрать в свое учение все лучшее, что могла предложить многовековая культура казахского народа, и при этом в рамках своего учения он обогатил эти сокровища значительным и благотворным влиянием ряда идей русской культуры.

Философская направленность учения Абая в первую очередь хорошо видна в его литературном творчестве. Абай был обличителем и поэтом-сатириком, причем в этом смысле его можно сравнить с Омаром Хайямом. Стихи Абая обладают яркой просветительской направленностью, особенно явной в стихах-притчах и стихах-назиданиях. Однако во всех без исключения произведениях Абая можно четко уловить основную мысль, которую поэт стремился донести до своего слушателя: любовь к человеку и природе – это именно то направление, в котором следует развиваться душе каждого человека. Абай неоднократно подчеркивал, что его философское мироощущение повлияло на то, что ему были близки такие русские поэты, как А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, И.А. Бунин, Л.Н. Толстой, М.Е. Салтыков-Щедрин и др. Именно в силу того, что произведения вышеперечисленных поэтов нашли отклик в душе Абая, он активно переводил их стихи на казахский язык. Особой любовью мыслителя пользовались стихи М.Ю. Лермонтова: Абай перевел 29 его стихотворений на казахский язык. Вероятно, такая любовь к произведениям М.Ю. Лермонтова может быть объяснена тем, что у Абая и Лермонтова был очень похожая гражданская позиция по отношению к собственному народу.

Весьма самобытными и оригинальными можно назвать переводы Абая басен И.А. Крылова, причем необходимо отметить, что в казахском варианте

произведений Крылова можно обнаружить множество исконно казахских пословиц и поговорок.

Объединив все вышеперечисленное одной мыслью, можно сделать вывод о том, что русских поэтов и Абая объединяют четко прослеживающиеся в их творчестве искания в рамках диады «народ - поэт».

В учении Абая можно также найти много общего с философией Л.Н. Толстого. У обоих мыслителей прослеживается множество схожих идей, касающихся педагогики, а именно: мыслей об особенностях воспитания и просвещения народа. Кроме того, оба литератора выражают свои этические идеи с помощью использования литературных форм. Наиболее значимой философской мыслью Абая и Л.Н. Толстого можно назвать идею о том, что человек не является нравственным или безнравственным от природы, становясь тем или иным только в рамках процесса воспитания. Абай говорил о том, что «Если бы в моих руках была власть, я отрезал бы язык всякому, кто говорит, что человек неисправим» [4, с. 43]. Далее мыслитель утверждает, что исправление человека возможно только через знание, в то время как «целью познания является достижение истины» [4, с. 45]. В качестве основной цели знания Абай полагает очеловечивание человека, подкрепляя свою мысль рассуждениями о том, что человек не сможет стать человеком, если он не раскроет для себя видимые и невидимые тайны Вселенной и не объяснит для себя все то, что нуждается в объяснении. Таким образом, можно с достаточно высокой степенью достоверности утверждать, что Абай был первым казахским мыслителем и литератором, выбравшим для себя путь самосознания и самопознания, в качестве наиболее значимых признаков которого можно назвать просвещение и гуманизм.

Абай полагает, что человек должен в этой космической «песчинке на земле» приложить все усилия для того, чтобы найти свое место и самого себя:

В душу взглядись глубже, сам собою побудь:
Я для тебя загадка, я и мой путь!
Знай, потомок, дорогу я тебе открывал.
Против тысяч сражался, не обессудь! [5, с. 119].

Необходимо отметить, что идея, выраженная в словах «познай сам себя» представляет собой одно из наиболее древних направлений философии практически у всех народов. Познание себя дает возможность обретения Истины. Корни этого постулата лежат в религиозной философии. И в данном случае философские идеи Абая перекликаются с таковыми у некоторых русских религиозных философов, среди которых можно назвать, к примеру, П.А. Флоренского и Н.А. Бердяева.

В силу того, что наука не может в полной мере открыть человеку истину, Абай стремится к нахождению ее (истины) сосредоточия и полноты. Так, в 38 «Слове» мыслитель не просто поднимает вопрос о направлениях познания Истины, но и стараясь очертить горизонты познания, вводит в контекст пути познания истины такие составляющие, как «мир», «самих себя» и «Аллаха».

Он очень прозрачно намекает на то, что существуют два уровня истины, а именно: истина «от земли», к которой человек стремится посредством разума, и «чистая истина», истоки которой могут быть обнаружены только во Всевышнем.

Абай рассуждает о том, самые мудрые из людей не могут разгадать даже тайну мироздания, не говоря уже о том, что природа Аллаха совершенно им недоступна. Мыслитель постоянно подчеркивает идею о том, что Аллах бесконечен, в то время как разум человека имеет свои пределы, что ведет к риторическому вопросу о возможности предельного измерить бесконечное:

Легко сказать: вот Бог! Но путь
К нему лежит не через слово.
Душой и сердцем чистым будь –
Не надо истине иного.
Но Бога не постичь умом,
Зря мой язык о нем толкует.
Сомненья нет! Господь во всем,
Что в зримом мире существует [5, с. 139].

Для казахского народа Абай является столь же великой фигурой, как А.С. Пушкин для русских, У. Шекспир для англичан и т.д. Наследие великих мыслителей и поэтов прошлого является достоянием не только того народа, из которого они вышли, но и всех народов на Земле. И Абай занимает среди этих поэтов достойное место.

Обращение к философским мыслям Абая дает возможность отметить тот факт, что они обладают ярко выраженным национальным и, в то же время, вненациональным характером. Центр внимания мыслителя фокусируется на судьбе казахского народа и казахском вопросе. Подвергая оценке положение народа Казахстана, философ, фактически, ставит ряд универсальных, глобальных и философских вопросов, ответить на которые представляется возможным только в рамках всемирно-исторического контекста развития Казахстана. В своих трудах Абай все время возвращается мыслями к вопросу о том, каково предназначение человека, каковы цель и смысл жизни, что собой представляют категории добра и зла, что такое справедливое и несправедливое, прекрасное и безобразное, что такое благо и идеал. Мыслитель старается придать четкую словесную форму отношению человека к прошлому, настоящему и будущему.

Будучи одним из самых ярких представителей своего времени, Абай поднимает множество философских вопросов, многие из которых представляют собой проблемы вселенского масштаба, одновременно давая ответы на многочисленные вопросы, что и стало сутью его назидательных произведений.

Творческое наследие Абая является настолько многогранным, что свое отражение в нем нашли все категории человеческого бытия: надежда, борьба, боль, тоска, безысходность, радость жизни и т.д., то есть, все те экзистенциальные вопросы, которые поднимались множеством философов как

до Абая, так и после него.

Несмотря на тот факт, что Абаям не было создано каких-либо специализированных философских или педагогических работ, практически все то, что он создал на протяжении всей жизни, содержит в себе множество нравственно-этических назиданий, истоки которых лежат в интересах, нравственных идеалах и мудрости трудового народа, в творчестве народной интеллигенции Казахстана – акынов и композиторов, а также в многочисленных достижениях общественной мысли разных народов Востока и Запада.

Центром миропонимания у Абая, равно как и множества мыслителей до и после него, выступает человек. Именно человек с его этическим и эстетическим обликом, образованием и воспитанием, всей гаммой чувств и интеллекта, идеалами, смыслом и целью жизни, был наиболее привлекательным объектом размышлений с точки зрения Абая. Мыслитель рисовал внутренний мир человека не только посредством использования художественно-изобразительных средств, как это свойственно поэтам, но и в рамках научно-понятийных форм.

М.О. Ауэзов говорил о том, что анализ творчества Абая дает возможность сделать бесспорный вывод о наличии в его произведениях многообразных, разнокачественных и глубокомысленных идеях, касающихся проблем социальной жизни современного ему общества, вопросов поэтики, мастерства, эстетики, проблем воспитания юного поколения, обучения, педагогической мысли, и особенно проблем, которые напрямую связаны с философией человека и человечности, а также с философией, имеющей прямое отношение к совести и морали [1, с. 28].

Вплоть до настоящего времени крайне актуальными являются идеи Абая об особенностях формирования нравственных принципов и нравственных ценностей в процессе жизни человека в противовес религиозным идеям о том, что мораль имеет божественную предопределенность. Абай полагал, что человек не имеет каких-либо готовых качеств личности, имеющих у него сразу после рождения. Все то, что касается добродетели, правил поведения и т.д., приобретает человек на протяжении всей его жизни. Он обращается к молодежи со следующими словами:

Не кидайся на все сгоряча,
Дарованьем своим ты гордись:
И ты, человек, кирпич мироздания
В здание жизни своей ложись [5, с. 144].

Абай полностью убежден в том, что все люди от природы равны, вне зависимости от их социального положения. Именно об этом биологическом равенстве, которым человек обладает просто по факту рождения, Абай говорит в 34 слове «Назиданий»: «В этом мире рождение и рост, сытость и голод, горе и смерть, строение тела и место, откуда взялся человек и куда он должен отправиться, - все одинаково» [5, с. 201].

Наивысший этический идеал был выражен Абаем в формуле «Адам бол!», что можно перевести на русский язык как: «Будь Человеком!». Все, о чем пишет Абай в своих стихах и философских наизданиях, подчинено этой формуле. Всем своим творчеством он старается внушить людям идею о том, что человек, чья жизнь в юности была пустой и бездеятельной, аукнется тяжелым осадком в старости; что отрада и богатство человека составляют суть самой жизни, которая, в свою очередь, заключается в том, чтобы усердно трудиться, учиться и т.д., иными словами – постоянно возвращать в себе Человека с большой буквы.

Все рассуждения Абая, касающиеся человека и его поступков, были предопределены логикой просветительского гуманизма. Проблему человека Абай воспринимал с различных точек зрения: с биологической, психологической, этической, эстетической и философской.

В качестве наиболее значимой задачи жизни человека Абай считал обретение человеком духовности. С его точки зрения духовность представляет собой своеобразную меру, посредством которой может быть определена истинная человечность в самом человеке. Иными словами, духовность по Абаю представляет собой своеобразный показатель осмысленности индивидуального бытия и, таким образом, один из способов самоформирования и самостановления (самостроительства) личности, что, в конечном счете, представляет собой цель и смысл человеческого существования.

Фундаментом духовности является, в первую очередь, чувства, обладающие социальной и нравственной значимостью. К такого рода чувствам необходимо отнести чувство долга, чувство ответственности перед природой и людьми за свои действия, милосердие, любовь к ближнему, сострадание и жалость.

Только тогда, когда будет достигнута наивысшая точка духовности, человек сможет оправдать собственное предназначение. Кроме удовлетворения собственных биологических потребностей и реализации психологических устремлений, человек также на протяжении всей своей жизни пытается найти ее смысл, причем только все вышеперечисленное в совокупности делает человека полным (совершенным). Эта духовная полнота представляет собой особое смысловое измерение, которое является сосредоточением ценностных параметров, делающих человека существом нравственным. Иными словами, простой борьбы за существование и стремления продолжить свой род недостаточно для того, чтобы человек стал «полным», в то время как обретение смысла жизни и духовных потребностей делают его таковым.

В качестве идеального существования Абай называет гармонию, в рамках которой вера не является оскорбительной для разума, а разум, в свою очередь, облагораживается верой, однако, и этого недостаточно, поскольку все составляющие сознания человека должны находить свое отражение в поступках, которые были бы безупречными с этической точки зрения [6, с. 50].

С точки зрения философии и психофизиологии Абай активно развивал идею о душе («Я»), ее энергии и страсти. Он прекрасно осознавал сложность и противоречивость духовного и телесного в человеке, которые, с его точки зрения, должны находиться в полной гармонии друг с другом. Сама по себе душа еще не может быть названа человеком, поскольку она не сразу была помещена в тот образ, который был назван человеком. Тело без души также нельзя назвать человеком, так как если у тела отнять душу, то тело превратится в труп. Кроме того, в соответствии с учением Абая, тело тоже имеет божественное происхождение, поскольку Бог не мог бы поместить душу, являющуюся его творением, во что-то дурное. Таким образом, душа и тело составляют единство человека: тело одухотворяется душой, в то время как душа получает в теле полный набор чувств (зрение, слух, осязание, обоняние и т.д.), дающих ей возможность взаимодействовать с внешним миром.

Физическое тело Абай рассматривал в качестве благодатной почвы, которая дает возможность взрастания и совершенствования энергии души. Иными словами, он был уверен в том, что отсутствие познания является непреодолимым препятствием для развития и совершенствования души.

Им особо подчеркивалось, что становление энергии человеческой души не может иметь место в отсутствие развития и совершенствования тела. Абай также полагал, что вместе с природной энергией души и усилением душевных страстей абсолютно необходимым условием развития человека является как можно более раннее пробуждение духовной потребности, которое возможно только в том случае, если духовная пища доступна. Под духовной пищей мыслитель понимал духовные ценности, накапливаемые сознанием человека как один из результатов отражения в ней объективной окружающей действительности [6, с. 52].

Абай полагал, что субъективная сторона человека выступает одновременно и в качестве истинной, и действительной. Однако, будучи доведенной до крайности, она становится абсурдной и нелепой. Субъект, по мнению Абая, представляет собой личность и с этой точки зрения он выступает в качестве выражения и, одновременно, определения бесконечного духа. Из вышесказанного вытекает, что личность не должна быть ограниченной. А поскольку дух является истинным, из этого следует, что личность не должна обладать признаками эгоизма.

С другой стороны, ограниченность выступает одним из условий субъективности. Соответственно, возникает противоречие, состоящее в необходимости примирения личности человека с объективным миром в рамках их постоянных столкновений.

Разрешение данного противоречия Абай видит в следующем: относительно личных особенностей человека мир, окружающий его (то есть, объективная действительность), является враждебным человеку. Однако, относительно человеческого духа, который, по мнению Абая, представляет собой «проблеск бесконечного и общего», объективная действительность выступает в качестве «родного мира». Для того, чтобы представлять собой

действительного человека, а не его призрак, человек как духовная личность должен представлять собой выражение общего или, иными словами, конечного проявления бесконечного. В силу вышесказанного, личность человека должна отрешиться от собственной субъективности, признав ее ложной. То есть, человек как личность должен пребывать в смирении перед общим (мировым), только его признавая в качестве истины и реальной действительности. В процессе духовного роста и развития человека некоторое отрицание необходимо, однако, такое отрицание должно представлять собой именно момент отрицания, а не цель жизни.

Абай подчеркивал, что этот процесс является длительным, и его можно разделить на отдельные периоды, в своих основных границах совпадающие с периодами социализации личности. Под социализацией же Абай понимал процесс, результатом которого является, с одной стороны, интериоризация (овнутрение) социальных норм и нравственных принципов. Иными словами, в рамках процесса интериоризации имеет место индивидуализация социального, то есть, встраивания его в личность. С другой стороны, можно наблюдать и процесс, прямо противоположный вышеописанному, то есть, процесс экстериоризации, в рамках которого имеет место социализация индивидуальных качеств человека, под которой необходимо понимать преодоление отрицательных свойств личности и одновременного утверждения социально-значимых общечеловеческих качеств. Соответственно, можно говорить о том, что Абай предлагает общемировоззренческое решение проблемы нравственных противоположностей посредством их сведения в непротиворечивое единство души и тела в рамках таких феноменов, как «Мое» и «Я» [6, с. 53].

«Я» с точки зрения учения Абая является интегральным ядром духовного мира личности, его регулятивным центром. Это ядро может быть описано как внутренний стержень, который и является определяющим для характера человека, особенностей его мотивационной сферы, способов соотнесения личных интересов с социальными, его уровень притязаний, а также базу, на основе которой формируются убеждения и ценностные ориентации конкретного человека.

Это же ядро (стержень) представляет собой базу, на которую нанизываются формирующиеся «социальные чувства человека», основными из которых можно назвать такие значимые для личности и социума чувства, как: чувство собственного достоинства, долга, ответственности собственной совести, нравственно-этические принципы и т.д.

Огромное значение в процессе становления личности человека Абай отводил совести. Он был уверен в том, что именно совесть и является тем конструктом, который отличает Человека с большой буквы от обывателя:

Стыд, совесть, честь, талант –
Никто из обывателей не выберет их,
Глубокую мысль, глубокую науку никто не ищет
Зато все увлечены ложью и сплетнями [5, с. 216].

Если человек обладает совестью, то она является регулятором его поступков, постоянно напоминая ему, что за все свои деяния он несет самостоятельную ответственность. Иными словами, именно совесть делает человека человеком, и поэтому даже под страхом смерти нельзя торговать своей совестью или каким-либо образом «договариваться» с ней. С точки зрения Абая (и в данном случае с ним можно безоговорочно согласиться) поступиться своей совестью – это один из самых тяжких проступков человека, буквально его первородный грех и духовное преступление перед самим собой, причем преступление, совершенное полностью сознательно.

Таким образом, можно говорить о том, что Абай, будучи прекрасным знатоком наиболее значимых составляющих мировоззрения казахского народа, а также обладая способностью критического анализа различных ситуаций, смог сформулировать полную и стройную систему развития казахской культуры и духовности, задать вектор развития казахской нации на долгие годы и десятилетия вперед, что стало возможным только на основании следования незыблемым принципам и идеалам [8].

Президент Казахстана, подчеркивая значимость учения Абая для развития духовного и интеллектуального потенциала Казахского народа, говорит о том, что почитание Абая как человека и как значимой фигуры в развитии Казахстана представляет собой следование его мировоззренческим принципам и верность его заветам. Только в этом случае появится возможность прививания грядущим поколениям казахской молодежи правильных жизнеутверждающих ценностей [3].

Подводя итог проведенному исследованию, можно сделать ряд выводов, доказывающих, что учение Абая действительно представляет собой один из столпов духовного и интеллектуального потенциала Казахстана, а именно:

1. Абай Кунанбаев, будучи одним из духовных и интеллектуальных лидеров Казахстана, смог очень тонко почувствовать особенности духовного мира казахов, что дало ему возможность в полной мере раскрыть и отразить культурный код казахского этноса в его произведениях. Говоря другими словами, Абай очень хорошо понимал, каковы его современники, и удивительно точно предвидел, какими станут будущие поколения казахов.

2. Актуальность философских, мировоззренческих и иных направлений учения Абая выражается во множестве направлений современной действительности Казахстана. Так, к примеру, многочисленные постулаты учения Абая могут быть с успехом использованы в вопросах, касающихся образования, воспитания и общественной солидарности казахов, поскольку именно эти вопросы обладают наиболее высоким приоритетом в современных условиях. В настоящий период времени Казахстан переживает достаточно сложный трансформационный период, который требует от всего казахского народа взаимной поддержки, согласия и высокого уровня единения. Абай на протяжении всей своей жизни призывал казахский народ именно к этому, чем и объясняется необходимость обращения к его творческому наследию в

настоящее время. Духовное и интеллектуальное наследие Абая Кунанбаева оказывает значительное положительное воздействие на современный Казахстан с точки зрения его развития в условиях глобальных перемен. Воззрения и заветы Абая положительно влияют на модернизацию общественного сознания казахского социума, а также вносят неоценимый вклад в укрепление стабильности, единения, взаимопонимания и доверия в казахском обществе.

3. Взгляды Абая оказывают значительное позитивное влияние на множество социальных и культурных изменений в казахском социуме, а также вносят огромный вклад в формирование и дальнейшее развитие этнокультурного пространства Казахстана. Одно из наиболее значимых достижений Абая в рамках его деятельности на ниве просвещения – это развитие самосознания казахов, интеллигенции Казахстана, а также образования и науки в государстве.

Список использованных источников:

1. Ауэзов М. Путь Абая; пер. А. Кима. Кн. 1. – Алматы: Жибек жолы, 2012. – 446 с.
2. Габдуллин Б. Этические воззрения Абая. – Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1970. – 104 с.
3. Калиева М.Ш. Духовное наследие великого Абая. – 11.08.2020. – Электронный ресурс. – Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/31880/>. Дата обращения: 25.10.2021.
4. Кунанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. – Семипалатинск, 2001. – 218 с.
5. Кунанбаев А. Избранное. Серия «Мудрость веков». – М.: Русский раритет, 2006. – 426 с.
6. Мамырбекова А.К. Проблема духовности в творчестве Абая и Шакарима // Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2020. - №3 (132). – С. 48-54.
7. Соколова И. Творчество Абая Кунанбаева - духовный стержень и отражение национального бытия. – 12.11.2020. – Электронный ресурс. – Режим доступа: <https://www.caravan.kz/news/tvorchestvo-abaya-kunanbaeva-dukhovnyjj-sterzhen-i-otrazhenie-nacionalnogo-bytiya-689382/>. Дата обращения: 25.10.2021.
8. Шаукенова З. Учение Абая включает в себе прошлое, настоящее и будущее нации. – 10.03.2020. – Электронный ресурс. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/5035462-zarema-shaukenova-uchenie-abaya.html>. Дата обращения: 25.10.2021.

АБАЙ ІЛІМІНДЕГІ БІЛІМ және СЕНІМ КОНЦЕПТІЛЕРІ

Білім және *сенім* концептілері Абай шығармашылығында белгілі бір тілдік немесе семантикалық бірлік қана емес, ол – ақын ілімінің арнасында өз алдына жеке категория деңгейінде сараланған этномәдени сипаттағы құбылыстың тілдік құралдар арқылы белгілі бір құрылымдық жүйеде берілуі. Осы тұрғыдан келгенде, *білім* және *сенім* концептілері Абай шығармашылығында әлеуметтік өмірдегі рухани құндылықтар туралы танымның концептуалдық сипаттамасын білдіреді.

Біздің зерттеуіміздің материалы Абай Құнанбаев шығармалары, оның саласында *білім* мен *сенім* концептілерін білдіретін мәтіндік фрагменттер ерекшеленеді. *Білім* мен *сенім* концептілері жалпыұлттық сипатымен маңызды, біздің зерттеуімізде олардың Абай шығармашылығында қолданылу ерекшеліктеріне тән белгілер алынады. Мұндай концептуалды мәні бар құрылымды аудару аудармашыдан оны білуді, түсінуді, пайымдауды және тиісті шығармашылық шешім қабылдауды талап етеді. Мәтіннің концептуалды кеңістігі дерексізденудің жоғары сатысында бір семантикалық аядағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер деңгейіндегі концептілердің жалпы белгілерінің тұтасуы негізінде қалыптасады. Мәтіннің концептуалды аясының тұтастығы осылай анықталады, концепт мәтінде бейнеленген әлемнің көркем бейнесінің өзегі болып табылады. Абайдың көркемдік әлемінің ерекшелігін концептуалды өрістің өзекті мәні түзеді.

Сөздің семантикалық (басқа терминологияда – ассоциативті-бейнелі, мағыналық) өрісін зерттеу автордың идиостилінің ерекшелігін білу, түсіну құралы, оның тілдік және концептуалдық әлеміне ену жолы ретінде түсіндіріледі. Бұл көзқарасты Н.С. Болотнованың және оның студенттерінің жарияланымдары растайды, онда мәтіннің ассоциативті-семантикалық өрістері авторлық концептілерді білдірудің бір әдісі ретінде қарастырылады [1, 245].

Абай шығармаларының кеңістігінде *білім*, *сенім* концептілерінің құрылымы негізден басқа, орталық-периферия қағидаты бойынша орналасқан төрт құрамдас бөліктен – ұғымдық, бейнелі, ассоциативтік, құндылық қабаттарынан тұрады.

Абай шығармаларының мәтінінде мәтінде *сенім* концептілер синтагматикалық негізде қалыптасады, мәтіншілік сипатқа ие, бұл концептуализация процесінің өзіндік ерекшелігін қамтамасыз етеді. Л.Г. Бабенконың және басқалардың пікірінше, көркем мәтін «бір жағынан

әлемдік тәртіптің әмбебап заңдарын, екінші жағынан – жеке, тіпті ерекше, қиялдағы идеяларды бейнелейді» [2, 231]. Осының салдарынан көркем концептілерді таңбалайтын сөздердің біржақты анықталуы және сипатталуы екіталай, олардың семантикасы мәтінді шығару және қабылдау заңдарына сәйкес көптеген мағыналарды тудыруы мүмкін [3, 4].

С.Н. Троцюктің пікірінше, концептті бір «орталық» бірлік – концептуалды маркер айналасында біріктірілген, бір-бірімен үйлесімді, ассоциативті және эпидигматикалық байланысқан тілдік бірліктердің бүкіл жүйесін қолдана отырып, тілде білдіруге болады, бұл ана тілінің санасында осы ақыл-ой мәнімен тығыз байланысты. Айқын бөлінген өзегі және жеткілікті анық емес перифериясы бар лингвистикалық құралдардың осы жиынтығы концептіні білдіру жоспарын-лингвистикалық тұжырымдамалық парадигманы құрайды [3, 15].

Абай Құнанбаев шығармаларындағы *білім*, *сенім* концептілерін автор негізгі маркер – *білім*, *сенім* лексемаларының көмегімен де, *білім*, *сенім* концептілері өрісіне кіретін басқа лингвистикалық құралдар (стилистикалық, ассоциативті, лексикалық және т.б.) арқылы да түсіндіріледі. *Сенім* концептісіне қатысты лексикалық құралдардан келесі белгілерді атауға болады: сену; нану; илану. Бұлардың үстіне осы мағынаны келтірінді мағынада жеткізетін тілдік қолданыстар кездеседі. Мысалы, Абай былай дейді:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз [I т., 65]¹.

Бұдан кейін:

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз [I т., 65].

Берілген тармақтардағы *білсеңіз*, *көнсеңіз* сөздерінің мағынасы *сенім* концептісінің өрісіндегі мағынаны білдіретіні байқалады. Бұған қарағанда, білу, сену, көну сөздерінің лексикалық мағыналары, келтірінді мағыналары бір концептуалдық өрісте тоғысатыны белгілі болады.

Абай жетінші қара сөзінде: «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» [II т., 139-140], – дейді. Осындағы «көкіректе *сәуле* жоқ,

¹ Абай шығармаларына сілтеме мына басылымдар бойынша берілді: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. Том I. – 454 б.; том II. – 312 б.

«көңілде *сенім* жоқ» сөйлемдеріндегі *сәуле*, *сенім* сөздері – бір семантикалық өрістегі сөздер. *Сенім* тура мағынасында қолданылғанда, *сәуле* ауыспалы мағынада айтылған. Сәуле сөзінің ауыспалы, келтірінді мағынасы *сенім* концептісінің мәнімен шендеседі. Екі сөз бір концепт өрісінде түйіседі. Сонымен қатар *сенім* концептісі мен *білім* концептісі арасындағы сабақтастық сырын аңғаруға да болады. Берілген үзіндіде *білім* концептісінің түрлі лексикалық, грамматикалық мағыналары көрініс тапқан. Солардың жүйесінде *білім* жарық, сәуле ұғымымен жанасады. Білімнің жоқтығы надандық болғанда, надандық – хайуандық. *Білім* жоқ жерде *сенім* де болмайды. Сенімнің жоқтығы – білімсіздіктен. Кісінің көкірегінде, көңілінде білім, сенім, сәуле болмаса, онда иман бар деу бекер. Сөйтіп, *білім*, *сенім*, *сәуле*, *иман*, *көну*, *илану*, *нану* бір концептуалдық өрістегі ұғымдарды білдіреді деп пікір түйюімізге болады. Әрдайым емес, белгілі бір тілдік қолданыстар аясында.

Біз қарастырып отырған «білім мен сенім» концептілері, біздің пікіріміз бойынша, Абай Құнанбаев шығармалары үшін мағына түзуші фактор болып табылады, яғни ол – А.Құнанбаевтың идиостилінің маңызды элементі. «Идиостиль» ұғымы лингвистикалық поэтиканың аясында қарастырыла бастады. Әрине, идиостиль тілдік бірліктердің автордың шығармашылық ойлау даралығына сай түзілуінен туындайды. Автордың стильдік даралығы, тілдік тұлға болмысы ұғымдарының қырлары да тілдік бірліктердің автордың стильдік даралығы, тілдік тұлға ретіндегі болмысы аясында анықталады. Отандық ғылымда «жеке стиль» және «тілдік тұлға» ұғымдары, ең алдымен, В.В. Виноградовтың есімімен байланысты, дегенмен тілдік тұлғаның шығармашылығын тұтас сипаттау идеяларының параллель дамуын Р.О. Якобсон, Ю.Н. Тынянов, М.М. Бахтин, Б.М. Эйхенбаум, В.М. Жирмунский еңбектерінен табуға болады. Абайдың: «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын қазақтың келістірер қай баласы» [I т., 90] – дегендегі ойының түп төркінінде автордың стильдік даралығы, тілдік тұлға ретіндегі ерекшелігі жатқан болса керек.

Білуімізше, әлемнің концептуалды бейнесі тілдік бейнеден ерекшеленеді, өйткені адам қабылдаған және түсінген нәрсенің барлығы вербалды нысанға ие емес және тілдің көмегімен көрініс таба алмайды. Алайда, адам санасында қалыптасқан концептілер мен ұғымдардың белгілі бір бөлігі өзінің тілдік бейнесіне ие. Жазушының тілінде (және оның көркем шығармаларының мәтіндерінде) жеке тұлға үшін маңызды түйінді концептілерді жүзеге асыру зерттеушіге «әдеби шығарманың сөздік қабатын мұқият талдау арқылы» [4, 90] автор әлемінің тұжырымдамалық картинасының құрамдас бірліктерін қайта құруға және сипаттауға мүмкіндік береді. Осылайша, автордың дүниетанымының түйінді концептілерін көрсететін идиостилі оның әлемінің концептуалды бейнесінің өзіндік айнасы болып шығады [5, 39].

Әлемнің шынайы бейнесі – бұл объективті адамнан тыс шындық. Нақты әлемде заттар мен құбылыстар, ал тілде сөз бар. Әлем мен тілдің арасында ойшыл, тіл тасушысы бар. Әлемді қабылдау және түсіну арқылы ол өзінің әлем

туралы идеялар жүйесін жасайды. «Оларды санасынан өткізіп, осы қабылдаудың нәтижелерін түсініп, оларды сөйлеу тобының басқа мүшелеріне тіл арқылы жеткізеді. Басқаша айтқанда, шындық пен тілдің арасында ойлау бар» [9, 40].

Әрбір жеке тілге тән және осы тілді қолданатын мәдениеттің ерекшеліктерінде көрініс табатын әлемнің тілдік концептуалдануы В. Фон Гумбольдттің, Й.Л. Вайсгербердің [10, 111-112], Л.Витгенштейннің идеяларында көрініс табады. В. Фон Гумбольдт тілді ойлау мен шындық арасындағы «аралық әлем» ретінде қарастырады, ал тіл ерекше ұлттық дүниетанымды бекітеді. «Тіл - ойды қалыптастыратын орган, демек, адамның қалыптасуында, оның ұғымдар жүйесін қалыптастыруда, ұрпақтардың жинақталған тәжірибесін тілге беруде жетекші рөл атқарады» [11, 132].

Нақты әлемді байланыстыру және оның адам санасында көрінісі үшін алғышарттар – әлемнің суреттері (яғни «адамның санасына тәуелді емес әлемнің объективті шындығы және әлемнің адам санасының өнімі ретіндегі идеалды бейнесі»), В.Г. Колшанскийдің пікірінше, «тіл затындағы екінші, идеалды әлемнің» болуы, яғни әлемнің тілдік бейнесі [12, 153].

Әлемнің тілдік бейнесі «аңғал» болып табылады, өйткені ол көптеген маңызды қарым-қатынастарда «ғылыми» суреттен ерекшеленеді. Әлемнің тілдік бейнесі әлемнің арнайы суреттерімен қатар тұрмайды (химиялық, физикалық және т.б.), ол – олардың алдында тұрады және оларды қалыптастырады, өйткені адам жалпы адамзаттық та, ұлттық та әлеуметтік-тарихи тәжірибе бекітілген тілдің арқасында әлемді және өзін-өзі түсіне алады. Соңғысы оның барлық деңгейлеріндегі тілдің ерекшеліктерін анықтайды [13, 65]. Осылайша, әлемнің тілдік бейнесін лексика, фразеология, грамматикада түсірілген әлем туралы білім жиынтығы ретінде анықтауға болады [13, 66].

Әлемнің тілдік бейнесі әдетте әлемнің концептуалды бейнесімен салыстырылады. Г.А. Брутян әлемнің бейнесін адам санасында әлемнің концептуалды (логикалық) және тілдік модельдері немесе концептуалды және ауызша модельдер түрінде бейнелеуді ұсынады, ал оның түсінігінде тілдік модель концептуалды модельге қарағанда кеңірек: «... әлемнің тілдік моделінің негізгі мазмұны барлық мазмұнды концептуалды түрде қамтиды...» [14, 108-109].

Б.А. Серебренников «...тіл әлемнің концептуалды бейнесінің жеке элементтерін білдіреді ...ол сөйлеуде сөздерді бір-бірімен байланыстырып, әлемдегі концептуалды суреттің мазмұнын түсіндіреді», бірақ әлемнің концептуалды бейнесі әлемнің тілдік бейнесіне қарағанда бай «...оның білім алуына әртүрлі ойлау түрлері қатысады» деп ойлайды [8, 107].

Әлемнің тұжырымдамалық немесе тілдік моделі арасындағы шекараларды Ю.Н. Караулов «тұрақсыз және белгісіз» болып көрінеді [16, 271]. Т.Б. Радбильт түсінігінде әлемнің тілдік және концептуалды бейнесі біріктірілген: әлемнің тілдік бейнесі – бұл «...осы тілдің барлық концептуалды мазмұны», «...«менталитет» ұғымының әлемге деген көзқарастың бейсаналық жүйесі, құндылық бағдары, ынталандырылуы, ниеті және этникалық топтың,

қоғамның және қоғамның мінез-құлқы ретінде арақатынасы деп санауға болады» [17, 13, 24].

С.Г. Тер-Минасова бөлік – бүтін, тіл – мәдениеттің бір бөлігі туралы емес, өзара байланыс, қарым-қатынас және өзара әрекеттесу туралы айту дұрысырақ деп санайды: «Тіл – мәдениеттің бір бөлігі, бірақ мәдениет те тілдің бір бөлігі ғана. Демек, әлемнің тілдік бейнесі әлемнің концептуалды бейнесіне толық енбейді, егер оны адамның санасында сынған әлемнің бейнесі, яғни оның физикалық тәжірибесі мен рухани қызметі нәтижесінде пайда болған адамның дүниетанымы түсінілетін болса» [18, 47].

«Әлемнің концептуалды бейнесі мен әлемнің тілдік бейнесі ұғымдарын өсіру мүмкіндігіне қарамастан, олардың айтарлықтай қиылысуы мен қабаттасуы, сондай-ақ олардың тұрақты өзара әрекеттесуі мен өзара байытылуы мүмкін емес», – дейді Е.С. Кубрякова, ол әлемнің концептуалды моделін әлемнің тілдік моделіне қарағанда кеңірек және бай деп санайды, әлемнің тілдік моделінің саласын әлемнің концептуалды моделіне бағынатын етіп сипаттайды [19, 144].

Көркем мәтінді арнайы сөйлеу бірлігі ретінде талдауға концептуалды көзқарас ХХ ғасырдың екінші жартысында екі көзқарастың түйіскен жерінде пайда болды: антропоцентрлік және когнитивті. Антропоцентрлік аспект мәтінді автордың ұстанымымен түсіндірумен және оның оқырманға әсерімен байланысты. Өз кезегінде, когнитивті лингвистика бірнеше ғылыми бағыттардың жетістіктерін қайта қарастыра отырып, тілді әлем туралы білімді білдірудің негізгі құралы ретінде түсінуге негізделген тіл мен мәтіннің сипатына жаңа көзқарас ұсынды.

Концептуалдық талдаудың мақсаты – белгілі танымдық құрылым ретінде белгінің пайда болуын алдын-ала анықтайтын және бір белгіге сәйкес келетін мағыналарды анықтау [20, 89], ал субъект жасаған мәтін бұл танымдық құрылымдарды байқауға мүмкіндік береді. Көркем мәтінді концептуалдық талдау оны зерттеудің ерекше түрі болып табылады, онда ұғымдық санаттар негізге алынады және міндет оларды мәтінде бейнелеу құралдары мен тәсілдерін анықтау болып табылады.

Концептуалдық талдаудың объектісі – бұл сөздер, сөз тіркестері, нақты мәлімдемелер, мәтіндер және бүкіл жұмыстар түрінде типтік пропозицияларды жүзеге асыру арқылы берілетін мағыналар. Концептуалдық талдау, сөзсіз, күрделі көп құрылымды рәсім болып табылады. Әрбір операцияның маңыздылығы мен қажеттілігін барлық зерттеушілер растайды. Сөздік анықтамаларды талдау мәндерді және олармен бірге концепттерді дәл мүшелеуге көмектеседі. Сөздің лексикалық (метафоралық) үйлесімділігін зерттей отырып, лингвист концепттің өзін сипаттайтын семантикалық белгілер жиынтығын алады.

Кейбір зерттеушілер (А.А. Залевская, Р.А. Османова және т.б.) эксперимент барысында концепттің сипаттамасын психолингвистикалық әдістердің көмегімен тереңдетуге болатындығын атап өтті: концепттің ассоциативті құрамдауышын анықтауға мүмкіндік беретін сұхбат арқылы. Біз өз зерттеуімізде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілген

ассоциативті эксперименттердің нәтижелерін қолданамыз.

Зерттеушілердің көпшілігі концептуалдық талдаудың қажетті бөлігі оның этимологиялық құрамдас бөлігі болып табылады (Вежбицкая, Степанов, Телия) деген пікірмен келіседі. Мысалы, Ю.С. Степанов концепттің атауы болып табылатын сөздің этимологиясын анықтау қажеттілігін түсіндіреді, өйткені концепттегі мазмұн «концепттің жадынан» бөлінбейді – бастапқыда концептте берілген мағына болатын сөздік нысанның пайда болуының қарқынды процесі [21, 64].

Тұтас этностарға жататын мәдени ұғымдардың семантикасын қайта құруда фразеологиялық бірліктер мен паремияларды талдау маңызды орын алуы керек, өйткені олар камералық емес, белгілі бір тілдің барлық спикерлеріне қатысты (немесе едәуір көпшілігіне) ортақ білім болып табылады. Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер құнды, өйткені олар қарапайым адамдар әлемінің аңғал бейнесінің көрінісі болғандықтан, олар белгілі бір тақырып пен шындық құбылысына ғылыми нанымдар, сезімдер мен көзқарастарды камтиды, бұл концепттің бейнелі құрамдауышын анықтауға көмектеседі [22, 14].

К.А. Андреева белгілі бір жазушының идиостилін сипаттау кезінде И.А. Тарасованың әдісін қолдану маңызды деп санайды. Концепттің далалық құрылымында И.А. Тарасова алты қабатты анықтайды: ұғымдық, пәндік, бейнелі-ассоциативті, символдық, құндылықты-бағалаушылық [23, 167]. К.А. Андрееваның пікірінше, мұндай тәсіл белгілі бір мәдениетке, этносқа, қоғамға, тілге арналған жалпы, әмбебап сипаттамаларды да, тілдік тұлғалар енгізген жеке ерекшеліктерді де ескеруге мүмкіндік береді [24, 38].

Концепттің мағыналық көлемін анықтау үшін В.А. Маслова келесі эвристикалық әдістерді ұсынады: энциклопедиялық және лингвистикалық сөздіктерге жүгіну арқылы әлемнің тілдік бейнесі мен ұлттың тілдік санасындағы концепттің орнын анықтау; концепттің негізгі лексемаларының этимологиясына жүгіну және оның ерекшеліктерін ескеру; концепт вербализацияланған қосымша контексттерді тарту (поэтикалық, ғылыми, философиялық; мақал-мәтелдер, афоризмдер); концепттің негізгі лексемасының ассоциативті байланыстары; кескіндеме, сәулет, музыка және т.б. салаларда концептті жүзеге асыру [25, 46].

Теориялық әдебиеттердегі әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдарды талдау нәтижесінде біз Абай шығармашылығы жүйесіндегі *білім* мен *сенім* концептілерін жеке зерттеу барысында келесі әдістемеге сүйенуге болады деп санаймыз: *білім* мен *сенім* концептілерінің негізгі лексемаларының этимологиясын талдау; знание/knowledge/vera/faith/belief лексемасының сөздік анықтамаларын саралау; концепт (мақал-мәтелдер, афоризмдер) вербализацияланған паремиологиялық қорды талдау негізінде *білім* мен *сенім* концептілерінің бейнелі құрамдастарын белгілеу; ассоциативті тезаурустар деректерін талдау негізінде *білім* мен *сенім* концептілерінің ассоциативті құраушысын белгілеу; концепттің мәдениеттегі алатын орнын айқындау негізінде *білім* мен *сенім* концептілерінің құндылық құраушысын белгілеу;

Абай Құнанбаев идиостиліндегі *білім* мен *сенім* концептілерін шығармаларының негізінде талдау.

Осылайша, біздің концептуалдық талдауымыздың міндеттеріне «білім мен сенім» концептілерін білдіретін тілдік құралдардың құрамын анықтау, осы бірліктердің семантикасын сипаттау (сөздер, сөз тіркестері, ассоциативті өрістер, паремиялар, мәтіндер фрагменттері), лингвистикалық зерттеу нәтижелерін танымдық түсіндіру және қазақ, орыс пен ағылшын ұлттарының әлем суреттеріндегі «білім мен сенім» концептілерінің орнын анықтау кіреді.

Дәстүрлі еуропалық және кейіннен аударманың отандық теориясы негізінен лингвистикалық негізде дамыды. Осы дамудың нәтижесінде онтология құрылды, ол аудармаға теориялық көзқарастардың барлық айырмашылығымен көптеген мектептердің өкілдері бір-біріне жақындаған кезде белгілі бір аударма онтологиялық бейнесін дұрыс және дәйекті түрде орнатты: аударма – бұл бір тілдегі хабарламаны басқа тілдегі хабарламамен барабар ауыстыру өнері [26, 12].

Аударма бұл ретте субституциялар және трансформациялар жүйесі ретінде жүзеге асырылады. Дәстүрлі теорияның мәнін В.Н. Комиссаров «аударма процесі аударатын тілдің балама бірліктерінің қандай да бір түпнұсқа бірліктердің орнына дәйекті өндіріс процесі ретінде ұсынылуы мүмкін» деген анықтамада көрсеткен [27, 14]. Субституцияларды іздеу, әрине, бастапқы мәтін (a priori) түсінікті ретінде қабылданатын және ауыстыруды қажет ететін элементтерге бөлінетін қабылдаушы тіл мен мәдениетке бағдарлануды қамтиды.

Біз өз жұмысымызда Н.Л. Галеева ұсынған және рухани құндылықтарды қабылдаушы мәдениетке аударуға бағытталған жаңа онтологияға сүйенеміз. Әдеби мәтіндерде сипатталған рухани құндылықтар олардың көркемдік дәрежесін анықтайды, соңғысының қалауы мен аудармасы түпнұсқа мәтінін тікелей игеру кезінде ғана мүмкін болады. Нәтижесінде аударма басымдықтарын аударма мәтінінен және қабылдаушы мәдениеттен түпнұсқа мәтінін, оның түсіну кеңістігі мен рухани кеңістігін игеруге қайта бағдарлау ұсынылады. Түпнұсқаның мәтіні аудармашы қызметінің тікелей объектісіне айналады, оның түсінігінде аудармашының әрі қарайғы аударма қызметін ұйымдастырады және анықтайды [26, 13].

Аударманың субститутивті-трансформациялық онтологиясы когнитивті-қызметтік онтологиядан қызмет жасаушы мен қызметке қатыстылығымен ерекшеленеді. Субститутивті-трансформациялық онтологияда қызмет трансформация мен алмастыруды іздеу жүйесін оңтайландырудан көрініс табады, ал когнитивті-қызметтік онтологиясында аударма әртүрлі тілдік құралдарды басқарумен шектелмей, өзі түпнұсқада берілген бағдарлама бойынша сөйлеу әрекеті болып табылады. Демек, ғылымның назары қолайлы субституциялар мен трансморфтарды іздеуден түпнұсқаның авторлық бағдарламасын зерттеуге ауысады, ол бастапқы мәтінмен аудармашының әрі қарайғы қызметінің тәсілдерін анықтайды және түпнұсқа мәтініне мазмұнды бағдарлама бойынша мүмкіндігінше жақын

аударма мәтінін құрастырады.

Н.Л. Галеева әзірлеген қызметтік онтология аясында көркем мәтінді аудару «материалды мәдени тұрғыдан өзгертуді», яғни түпнұсқа материалын жинақталған ойлау әрекеті ретінде объективті емес түсіну формасына көп сатылы түрлендіруді, содан кейін идеалды түсінушіні басқа тілдегі мәтін түрінде жаңа пәнге ауыстыруды қамтиды [26, 14].

Басқаша айтқанда, аударманы тілдік және ақпараттық баламалылыққа жету процесі ретінде зерттеген дәстүрлі, субституитивті-трансформациялықтан айырмашылығы, когнитивті-қызметтік бағыт оны түпнұсқалық жеке білімді түсінуге және оны түсіну нәтижесін аударма мәтінінде көрсетуге бағытталған адамның когнитивті қызметінің ерекшелігі ретінде зерттейді.

Алайда аударма процесінде дәстүрлі лингвистикалық бағдарланған онтология аясында жасалған барлық практикалық әзірлемелер қолданылуы керек деген күмән жоқ, өйткені аударманың когнитивті-қызметтік онтологиясы бұрын болған және сөзсіз нәтиже берген теорияларға қайшы келмейді. Бұл өткен жылдардағы ғалымдар идеяларының толықтырылуы, табиғи дамуы болып табылады, сондықтан қазіргі заманғы, когнитивті және антропоцентрлік бағыттағы когнитивті-қызметтік теория Н.Б. Аристовтың, В.Н. Комиссаровтың немесе Я.И. Рецкердің тұжырымдарынан бас тартпайды, бірақ мәселені басқа көзқарастар тұрғысынан, басқа концептуалдық деңгейде қарайды.

Бұрын кеңінен қолданылған кейбір терминдер жаңа парадигмаға тән екендігі тәсілдердің сабақтастығы туралы айтады. Бұл, әрине, дәстүрлі аударма теориясының негізгі ұғымдары – баламалылық пен барабарлылық. Әрине, бұл ұғымдар аударма ғылымының дамуының қазіргі кезеңінде біршама жаңа түсінік алды, алайда олар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Дәстүрлі теорияны жақтаушылар барабарлықты аударма процесінің негізгі нәтижелерінің бірі деп санайды. Я.И. Рецкер жаңа тілдік негізде нысан мен мазмұнның бірлігін барабар аударма деп атайды [28, 64].

Дәстүрлі теория аударманы субституциялар мен трансформанттар жүйесі ретінде қарастырады, ал аудармашының қызметі соңғысын іздеуді оңтайландыруға бағытталған. Субститутивті-трансформациялық теорияның негізгі ұғымы баламалылық ұғымы болып табылады.

T1 мәтіні T2 мәтініне екеуінің де НЖ (нысандық жағдай) жағдаймен сәйкес келуі салдарынан ұқсас болып келеді. Бұл сәйкестілік оларды семантикалық баламаларға айналдырады [29, 112].

Когнитивті-қызметтік теориясы шеңберіндегі көркем мәтіндерді аударудың барабарлығы түпнұсқада бұлт болған жағдайда, аудармашы мағыналық бұлтты таратпауы керек, оны дайын аудармадағы рецепиенттер үшін реттелген конфигурация түрінде көрсетпеуі керек. Ол аударманың рецепиенті түпнұсқаның рецепиенті сияқты мағыналық бұлтты көре алатындай жағдай жасауы керек. Бұның «орын алуы» үшін мағыналық бұлтты аудармашы жақсы ойластырып, конфигурациялауы керек, бірақ оның кәсіби қызметінің іздері –

ұсынылған талдау немесе оның қысқа нұсқасы – аудармадағы рефлексияның түсіндірілуіне емес, тиісті құралдарды таңдауға ауысуы керек дегендей түсінікке ие [34, 53]. Сондай-ақ, мағыналардың өздері ғана емес, сонымен бірге оларды игеру тәсілдері, басқа мәдениеттерге тән түсіну тәсілдері де көрсетілуі керек. Абай шығармашылығы негізінде жоғарыда сипатталған концептілер, олардың өзара байланысы, концептуалдық өрісінің бірлігі аудармада әрдайым лайықты деңгейде шешім таппайды.

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып когниция мәселесін, когнитивті тіл білімін өз монографиясына арқау еткен ғалымдардың бірі Қ.Жаманбаева болатын. Қ.Жаманбаева сол кезде алғаш сөз болып жатқан тілдік танымға қатысты мәселелерді қарастыра келе, тіліміздегі «мұң» концептісін зерттеді. Соңғы кезде Н.Уәли, Ж.А. Манкеева т.т. тілшілердің шәкірттері когнитивті тіл білімінің әртүрлі мәселелерін кеңінен қарастыруда. Осы ізденістердің нәтижесінде *тары, қамшы* ұлттық мәдени концептілер мен *өмір, тағдыр* сияқты когнитивтік концептілер зерттелген. Орыс тіл білімінде Ю.С. Степанов, А.П. Бабушкин, Е.С. Кубрякова, В.И. Карасик, В.А. Маслова сияқты когнитивистер қалыптастырған әртүрлі деңгейдегі мектептер жұмыс істеуде. Ал қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистиканың терең мәселелері Ж.А. Манкеева, Н.Уәли, А.Ислам, Э.Н. Оразалиева, Г.Е. Утебалиева, А.Б. Әмірбекова т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылуда. Ал концептосфера туралы айтсақ, бұл терминді алғаш қолданған академик Д.С. Лихачев [35, 280-287] болатын. Концептосфера – бұл концептілер жиынтығы екені туралы ойды жас ғалымдар да айтады [36, 43-46].

Ғаламның когнитивті бейнесі және әртүрлі түрлері концептосфера бойынша ұғынылады, жалпы, тілдік ұғым туралы санадағы ақпараттар концептілік жүйеде дұрысталады. Концептілік жүйенің қызметі – ұлттық нақыштағы күрделі ұғымдарды бір мазмұнға реттеп топтастыра отырып, жүйелеу. Жалпы, бұл мәселені қазақ тіл білімінде қарастыру енді ғана қолға алынғандықтан, концептілік жүйе, оны құраушы бөліктер мәселесі әлі де зерттелу үстінде екенін айта кету керек. А.Б. Әмірбекова концептілік жүйе мен когнитивті модельдің тығыз байланысынан концептінің құрамдас бөліктері туындайды деп санайды. «Біздің пікірімізше, дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: фрейм, сценарий, ойсурет, сызба; ал сыртқы құрылымы: сөз, фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б. Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивті модельге салынып жинақталады. Когнитивті модель автор танымындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциативтік, стереотиптік бірліктер мен инсайт таңбалар арқылы қалыптасады».

Жиырмамыншы ғасырдың 50-90-жылдары Г.П. Щедровицкийдің (1929-1994) басшылығымен Мәскеу Әдіснамалық Үйірмесінің еңбектерінде аударма ғылымындағы қазіргі заманғы бағыттардың бірі – аударманың қызметтік онтологиясы сәтті негізделді.

Мәскеу әдіснамалық үйірмесінің мүшелері жасаған әдіснама, ең алдымен, идеологиялық негіз ретінде алынған жеке жетістіктеріне емес, адамзаттың мәдени тәжірибесіне сүйенеді. Сонымен қатар, әртүрлі көзқарастар өздігінен емес, диалог ретінде, мағыналар жүйесі ретінде қарастырылады. Н.Л. Галееваның пікірінше, бұл белсенділік әдіснамасының сенімділігі және оның жоғары түсіндірме және танымдық күші болып табылады. Барлық әдіснамалық әзірлемелердің негізінде ойлау әрекетінің онтологиясы – қызметке байланыстырылған ойлау жатыр.

Көркем мәтінге қатысты түсінік үш кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезең (төменгі кезең) – семантикалық түсіну (яғни лексикалық құралдарды түсіну); екінші кезең – когнитивті түсіну (контекстті интериоризауиялау және мағынаны қалыптастыру); үшінші кезең (жоғары деңгей) – затсыздандыру/мағыналық түсіну.

Затсыздандыру түсінігі тікелей атау құралдарынан бөлек, алайда соған қарамастан мәтіннің өзіндік құралдарымен таныстырылатын мәтін мәндерін затсыздандыру бойынша қызметке негізделген. Затсыздандыру дегеніміз – мәтіннің мәндерін реципиент мәндерінің құрамына аудару, сонымен қатар мәтінді түсіндіру операциясы арқылы қол жеткізіледі [Богин, 1996, 9-б.]. Басқаша айтқанда, семантикалық түсінікте тілдің белгілерін жадта сақтау тәжірибесі, когнитивті түсінікте – танымдық тәжірибе, мағыналық түсінікте – жеке тұлғаның барлық тәжірибесімен байланысты сезімдер мен толқулар тәжірибесі көрінеді. Іс-әрекет схемаларында түсінудің барлық түрлерінің белгілері орын алатыны маңызды: семантикалық та, когнитивті де және затсыздандыру да. Жалпы, схемалардың құрамы туралы мәселені зерттеу пәні ретінде түсінуге диалектикалық тәсілден тыс шешуге болмайды.

Г.И. Богин мағыналық тұрғыдан «белгіден түсінуге қарай қозғалу факультативті. Ескі білімді өзектендіру мәтіннің мазмұндылығын меңгеру процесіне қатысатын когнитивті түсінікте бұл жол міндетті болып табылады...» [37, 77].

Жоғарыда айтылғандай, түпнұсқа мәтінін когнитивті деңгейде түсіну барысында бүкіл лингвистикалық арсеналды қолдану қажет. Сонымен, Г.И. Богиннің түсіну түрлерінің типологиясы «Мәтін лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде» (1981) еңбегінде сипатталған көрнекті лингвист И.Р. Гальперин ақпарат түрлерінің типологиясымен нақты байланысы бар екенін атап өтеміз. И.Р. Гальперин өз жұмысында ақпаратты, мәтіннің үш түрлі негізгі санатын ажыратады: «... а) мазмұнды-фактуалды (МФА); б) мазмұнды-концептуалды (МКА); в) мазмұнды-кіші мәтіндік (ММА)» [38, 27].

«Мазмұнды-фактуалды ақпарат айналамыздағы әлемде болатын, нақты немесе елестетілген актілер, оқиғалар, болып жатқан, болған процестер туралы хабарламаларды қамтиды. МФА эксплицитті болып табылады, яғни, әрқашан вербалды түрде көрініс табады. МФА-дағы тіл бірліктері, әдетте, осы бірліктерге әлеуметтік негізделген тәжірибемен бекітілген олардың тікелей, пәндік-логикалық, сөздік мағыналарында қолданылады» [38, 28]. Г.И. Богиннің теориясы шеңберінде мазмұнды – фактуалды ақпарат оны түсіну

барысында ойлау әрекетінің семантикалық схемасын талап етеді.

«Мазмұнды-концептуалды ақпарат оқырманға құбылыстар арасындағы қарым-қатынасты, олардың халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өміріндегі маңыздылығын, оның ішінде жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты, олардың күрделі психологиялық және эстетикалық-танымдық өзара әрекеттесуін жеке автордың түсінуін хабарлайды. МКА барлық шығармалардан алынады және қоғамда болып жатқан және жазушы өзі жасаған қиял әлемінде ұсынған қарым-қатынастарды, фактілерді, оқиғаларды, процестерді шығармашылық тұрғыдан қайта қарастыруды білдіреді» [38, 28]. Мазмұнды-концептуалды ақпарат негізінен көркем мәтіндердің санаты болып табылады. Ол әр уақытта жеткілікті дәрежеде айқын көрініс таппайды, сондықтан оны декодтау үшін танымдық жұмыс қажет. Мазмұнды-концептуалды ақпаратты түсіну барысында ойлау әрекетінің когнитивті схемасы қажет болады. Айтылған жайлардың дені мәселенің зерттелу тарихы мен теориясы жайында болды. Оны Абай шығармашылығы негізінде білім және сенім концептілерін зерттеуге кіріспе десек болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Болотнова Н.С. Көркем шығармадағы сөздің ассоциативті-мағыналық өрісін меңгеру // XX ғасырдың соңындағы лингвистикалық парадигма: профессор С.Г. Ильенконың құрметіне жазылған мақалалар жиыны. – СПб., 1998. – С. 242-247.
2. Бабенко Л.Г. Көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасау. Теория мен практика: оқулық; практикум. 2-ші басылым. - М.: Флинта: Наука, 2004. – 496 б.
3. Троцюк С.Н. Концептуальная парадигма как средство отражения авторского мировидения: на примере повестей Н.В. Гоголя «Старосветские помещики», «Тарас Бульба». Автореф. дис. ...канд. филол. н. - Ростов-на-Дону, 2007. – 26 с.
4. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – М.: Художественная литература, 1959. – 656 с.
5. Бычкова Т.А. Жазушының идиостиліндегі концептуалды әлем бейнесінің көрінісі. // II Халықаралық Бодуэнов оқулары: Қазандық лингвистикалық мектеп: салт-дәстүр мен заманауилық (11-13 желтоқсан 2003 г.): еңбектер мен материалдар: Баспа: Казан, 2003. Т.1. – 37-39 бб.
6. Грищенко А.И. Николай Моршеннің идиостили: автореф. дис.... ф.ғ.к. Мәскеу, 2008. – 22 б.
7. Постовалова В.И. Адам тәжірибесіндегі әлем бейнесі // Тілдегі адам факторы: Тіл және әлем бейнесі. 1988. – 8-69 бб.
8. Серебренников Б.А. Тілдегі әлем бейнесінің көрініс табуы қалай жүзеге асады? // Тілдегі адам факторы: Тіл және әлем бейнесі. 1988. – 87-107 бб.
9. Тер-Минасова С. Г. Тіл және мәдениаралық коммуникация. М. : Сөз, 2000. – 259 б
10. Вайсгербер Й.Л. Тіл және философия // Тіл білімі сұрақтары, 1993. №2. – 114-124 бб.
11. Гумбольдт В. Тіл білімі саласы бойынша таңдаулы әдебиеттер. М.: Прогресс, 1984. – 397 б
12. Колшанский Г.В. Санадағы және тілдегі объективті әлем бейнесі. М. : Наука, 1990. – 103 б.
13. Маслова В.А. Лингвомәдениеттануға кіріспе: оқу құралы. М. : Мұра, 1997. 208 б.
14. Брутян Г.А. Тіл және әлем бейнесі // Жоғары мектеп ғылыми жұмыстары. Философия ғылымдары. 1973. №1. – 108-111 бб.
15. Постовалова В.И. Адам тәжірибесіндегі әлем бейнесі // Тілдегі адам факторы: Тіл және әлем бейнесі. 1988. – 87-107 бб.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКЕНШАҚ ТҰРҒЫСЫНАН ТАЛДАУ

Уақыт пен кеңістік жеке автордың дүниетанымы мен көзқарасына қарай жазушы стилін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады, сол арқылы әлемнің жеке авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болып, әлемнің көркем бейнесін қалыптастырады.

Абайға шейін қазақтың әдеби тілінің негізі бар да, өзінше мығым да еді. Мейлінше бай қазақтың ауыз әдебиеті, Бұхар, Дулат, Махамбет тәрізді әдебиет тарихының ірі тұлғалары ұлттық шеңберде әдебиеттің биік шыңы болады десек, көркем тілде де солай болады. «Не нәрсе адамның қасиеті болса, сол нәрсе – міні», – деп ұлы ақын Абайдың әкесі Құнанбай өзі айтқандай, Абайға шейінгі әдебиетіміздің ұлттық тұлғасын берік ұстау міні де, қасиеті де еді. Бұл – тілімізде де тегеуріннің беріктігін аңғартты. Қазақтың мақал, мәтел, нақыл сөздерін, не Махамбет өлеңдерін басқа тілге аударғанда, бұрала біткен емендей июге келмейтіндігі тіліміздің ұлттық тұлға, байырғы қалпын берік сақтауында еді» [1, 81], – деген сөзінде үлкен мән бар деп білуіміз керек. Абайдың тілі – ұлттық тіл байлығымыздың осындай қасиеттерін ашқан жаңа үлгідегі тіл.

Кеңістікте ақынның ортасы, жағдайы, тұрмысы тарихи тұрғыда көрініс табады. Кеңістік қозғалыстың әр сәтін қамтиды, уақыттан тыс кеңістік болмайды. Уақыт ағынында көрініс алған кез келген оқиға, іс-әрекет пен жағдаяттың болған орны осы кеңістіктің негізі болып табылады. Себебі ақын өткен уақытқа, өткен уақыт шегіндегі кеңістікке орала алмайды.

Ақын өлеңдеріндегі уақыт пен кеңістікті талдап, түсіндіру міндетін алға қоя отырып, Абай өлеңдерінің ғылыми талдауларға көп нысан болмаған «Ғабидоллаға (Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын)» өлеңін тандадық. Абай бұл өлеңді өз ауылындағы Ғабидолла Ғабитханұлы деген жас жігітке арнау ретінде жазған. Сол жігіт бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына масайып, білімді кісімсініп (кісіге ұқсап), қалай болса солай шалқып, сөз таластыра бергенде айтыпты.

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.

Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Осы бір шумақта ақын уақытты объективті түрде, ал кеңістікті абстрактілі сипатта жасырын беріп отыр. Ал оны оқырман уақыт арқылы анықтай алады. Жалпы шығарманың басты мақсаты – түсінікті болу. Ал ақын шығармаларын тез әрі оңай түсіну үшін ақын өмірінен, жай-күйінен, ортасынан, тіпті қазақтың лексикалық қорынан хабарың, білімің болу қажет.

Бұл өлеңінде ең бірінші уақыт пен кеңістікті білдіріп тұрған тілдік бірліктермен таныс болсақ. Олар: жазғытұрым, қылтиған, жауқазын, өмір, көп, аз, бәйтерек, жылы күн, жазы, күз, жазым.

Өлімнің хақ екені рас. Оның өзі әр ұлт өмірінде түлі салт-жоралғылар арқылы іске асып отырады. Бұны ақын уақыт пен кеңістік тұрғысынан оқырманына қалай жеткізіп тұрғанын талдайық.

Жас қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Абайдың бұл өлеңінде сан мен сапа ұғымының арасындағы тартыс орын ала отырып философиялық түйіндеулермен қазақ өміріндегі қазаға қатысты салт-дәстүрлерді уақыт пен кеңістік тұрғысынан көз алдымызға әкеліп көрсетіп тұр. Абай бүкіл философиясының алтын қазығын мына өлең жолдарымен нақты береді.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Нақты, айқын таным. Сонымен бірге бүтін бір өмір, ұлт, ел, тағдыр, адам болмысының уақыт сапына кіре отырып қазақ деген жер бетіндегі халықтың ұлттық құндылығы мен танымын көрсетеді. Бұл өлеңде айқындау мен алмастырудың көркемдік-эстетикалық бояуға бай. Осы тәсілдің ойындық табиғаты шығармадағы қайғылы атмосфераны өткір динамизммен суреттелген. Суықтық, үнсіздік, қараңғылық референттері уақыт пен кеңістіктің адам санасы арқылы қабылданатын екі полюсі арасындағы ымырасыз суреттер қоюлығымен психологизм мазмұнын аша түседі. Қорқыныш, үрей, шарасыздық, тәуекел эмоциясы тіршіліктің шідерсіздігі жайлы модернистік эстетикаға тән жатсыну философиясымен тамырластық табады [2, 82].

Ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі уақыт пен кеңістіктіктің көрініс табу жолдары мен олардың прагматикалық сипатын дұрыс түсінудің маңызы үлкен. Ақынның өлеңдері, поэмалары мен қара сөздерінде уақыт пен кеңістік орасан зор, әрі нәзік түрде үйлескен. Оны қарапайым оқырман байқамауы да

мүмкін, оған тереңнен көре алу қабілеті қажет. Кез келген оқиға, іс-әрекет, нысан белгілі бір кеңістікте белгілі бір мезгіл, уақыт шегінде өтеді. Ақиқат шындық өмірдің көркем шығармаға түскенде басқаша өң алып, түрленетіні қаламгердің уақыт пен кеңістікті шебер үйлестіре алуында.

Ақын жалпы адам санасы мен өміріне ортақ болып келетін кезеңдерді, оған тән оқиғалар мен амалдарды ашып көрсетіп, адам бойындағы жақсы және жаман мінездердің көрінуін де нақты кеңістік пен уақыт тұрғысынан шебер суреттейді. Сол арқылы да ақын еңбектері адамзаттың жүрегінен орын алып, өлмес мұраға айналған.

Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі саятшылық туралы жазылған.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда...

Алғашқы жауған қар кезінде саятшылар үшін аң аулауға қолайлы уақытты «Қансонар» деп атайды. Себебі, жаңа жауған қардан аңның ізі анық байқалады. Абай осы өлеңде саятшылықтың қызықты сәттерін табиғат көріністерімен сипаттайды. Саятшылық арқылы, қазақ халқы мекен еткен жердің қысы туралы, аңшылықтың сыры туралы ақпарат береді. Өлеңде қансонарда бүркіттерін алып, аңға шыққан саятшылар түлкіге кезігіп, бүркітті босатады. Түлкі мен бүркіттің арпалысы, екеуінің іс-әрекеттері нанымды бейнеленеді.

Бұл өлеңде хронотопты айқындап тұрған элементтер: қансонар, тау басында, көк (аспан), жер, аспан, ертең. Осы сөздер арқылы оқырман саятшылықтың мезгілін, уақытын айқындай алады. Уақытты білдіретін негізгі тілдік бірліктер арқылы көрініс тапқан мекеншақ өлеңнің мазмұнын ашып қана қоймай, оқырманның ұлттық таным мен түсінігіне де әсер етеді. Сол себептен де өлең кеңінен тыныстап, оқырман жанынан ойып тұрып орын алады.

Авторлық идеяның түп-төркінінде не жекелік, не жалпы дәуірдің, қоғамның мұраттары жататыны белгілі. Осы құбылысты мәтінмен байланыстырған Ю.М. Лотман: «... Мәтін өз бетінше томаға-тұйық қалыпта болмайды, ол міндетті түрде қандай да болмасын контекстен (тарихи реалды немесе шартты) шығады» [3, 204], – дейді. Сондықтан да кез келген көркем шығарманың өзегі – шындық. Ал оны объективті түрде кестелеудің құралы – хронотоптық тілдік бірліктер. Сондықтан да мекеншақтық бірліктерді кеңінен талдау арқылы автордың идеялық шешімін, автор бейнесі мен тарихи шындықты да анықтауға болады.

Болмыстың ақын шығармашылығындағы суретін болмыстың өзі,

шындық әлемнің нақты құбылысы ретінде қабылдауға дәйекті негіз жоқ. Екінші жағынан, сөз өнерінің туындысында өмір шындығының айнадағыдай дәл көрінуі мүмкін болмайтыны сияқты, оны дәл көрсетуге талпыну да міндетті емес. Өмірдің шындық болмысын болғандай қалпында көрсету – ғылымның міндеті. Осы ретте Аристотель «Поэтика» атты еңбегінің IX тарауының басында негіздеген мына қағида еске түседі: «Ақынның міндеті болып өткен нәрсе туралы айту емес, болып өтуі ықтимал нәрсе туралы айту» [4, 655]. Аристотель ақын шығармашылығында суреттелген әлемді болмыста болып өткен оқиға ретінде емес, болып өтуі ықтимал оқиға ретінде қабылдауды дұрыс деп біледі. Аристотельден қалған қағида ақындық өнер туындысының табиғатын дұрыс түсінудің, ақынның көркемдік әлемінің ықтималдылығын дұрыс танудың негізі қызметін атқарады. Осы тұрғыдан келгенде, ақынның көркемдік әлеміндегі құбылыстар бір басқа да, өмірдің шындық болмысындағы құбылыстар бір басқа. Ақынның көркемдік әлеміндегі құбылыстар – ақынның көркемдік ойлау қызметінен туған ықтимал әлем құбылыстарының көрінісі.

Абайдың шығармашылық мұрасында көрініс тапқан құбылыс, оқиға белгілі бір кеңістікте суреттеледі. Кез келген құбылыс, оқиға белгілі бір кеңістікте белгілі бір мезгілде болатыны түсінікті. Сонымен қатар болған істің, оқиғаның иесі, мәнісі, орындалу амалы, құралы т.б. болады. Оларды әдебиеттану ғылымының бүгінгі жетістіктері тұрғысынан талдап-таразылаудың, пайымдау мен бағалаудың өзіндік методологиялық мәселелері бар. Олардың қатарында актанттық, нарративтік тұрғыдағы талдаулар, мезгіл мен мекен категориялары тұрғысынан зерттеу өзекті болып табылады. Абайдың өлеңдерін осы тұрғыдан қарастыру оның ілімін білу, түсіну және қолданудың ғылыми негіздерін тануға септігін тигізеді.

Поэзиялық шығармалардан адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін, жан күйзелісін, қоғамдық ортаның жай-жапсарын біліп, түсінуге болады. Әсіресе, өлеңнің мезгілдік және мекендік өлшемдерінің поэтикалық қызметіне үңіле отырып, халықтың аңсаған арман-мұраттарын, өмір сүру деңгейін байқауға болады. Сол арқылы авторлық уақытты анықтап, әдебиеттанудағы жиі айтылып келе жатқан кеңістік пен уақытты көркемдік категория ретінде тани аламыз.

XX ғасырдан бастап әлем әдебиеттануында «хронотоп» мәселесі кеңінен қарастырылып келеді. «Хронотоп» терминін әдебиеттануда ғылыми айналымға М.Бахтин енгізген. М.М. Бахтиннің айтуынша, хронотоп термині Эйнштейннің ықтималдық теориясының негізінде математикалық жаратылыстануда қолданылған. М.М. Бахтин оған әдебиеттегі мазмұн мен пішіннің келісімі жүйесіндегі категория ретінде мән берген және әдебиеттануға, шамамен, метафора секілді енгізген [5, 341].

Әдеби-көркем шығармашылықта хронотоп өзінше көрінеді және оның қызметі де өзгеше. Грек тілінде «хронос» – уақыт, ал «топос» мекен мағынасын білдіреді. Бұл терминнің мағынасы мен мазмұны туралы Бахтиннің еңбегінде кеңінен айтылған.

Уақыт пен кеңістік автор шығармаларының әлеуметтік, тарихи және мәдени контекстін қамтиды. Сонымен қатар, прозалық немесе поэзиялық туындылардың өзіндік ерекшелігін, оның бейнелік жүйесін, поэтикалық құрылымы мен идеялық-тақырыптық ерекшелігін көрсетумен қатар автор суреттеп отырған дәуірдің өзі туралы да ақпараттар береді. Мәселен, қазақ халқының басына түскен ауыр кезеңнің бірі – тәуелділік дәуірі. XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың 60 жылдарында қазақ жері тұтастай патшалық Ресей империясының құрамына қосылды. Яғни патша әкімшілігі қазақ даласына еркін кіріп, жерді игеру үшін отарлау саясатын жүргізді. Басқарудың аға сұлтандық, хандық тәртіппен келе жатқан ұлттық жүйесі бұзылып, ел өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Елде болыстық билік орнады. Қазақ даласындағы болыстық билік суретін сол заманда өмір сүрген ақын Абай Құнанбайұлының шығармаларынан көре аламыз. Абай өз туындыларында ел өмірін көрсете отырып, қоғамдағы келеңсіз жағдайларды сынады. Оның әр өлеңінен кезең шындығын көре отырып, уақыт пен кеңістік болмысын көзге анық елестете аламыз.

XIX ғасырда өмір сүрген ақын, ағартушы Абай Құнанбаев қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық мәселелеріне ерте араласып, үстем тап билеген феодалдық қоғамға қарсы шықты. Өзінің шығармашылығында да, ел арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің барын сынай отырып, озық елдердің мәдениетіне ұмтылу қажеттілігін айтты. Батыс пен Шығыс мәдениетін жетік білген ақын өз халқын да білім мен ғылымға қол созып, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойға дарыту керектігіне баса назар аударады. Абай шығармаларынан XIX ғасырдың екінші кезеңіндегі елдегі тарихи кезең оқиғаларының салдарында байқай аламыз. Қазақ халқының Ресей империясына бодан болуының салдарынан, елдің тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрлерінде өзгерістер орын алғаны рас. XIX ғасырдың екінші жартысында туған демократиялық ағартушылық бағыттың ірі өкілі Абай Құнанбайұлы өз дәуірінің алуан түрлі мәселесін көтере отырып, өскелең ұрпақтың ұлттық сана-сезімін дамытуға бағытталған шығармалар жазды. XIX ғасырдағы орыстың ұлы ағартушыларының озық ойлы идеясын өз еліне барынша түсіндіріп, олардың шығармаларын қазақ ұғымына бейімдеп аударды. Аударып қана қоймай, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосып, жаңа бағыт әкелді. Ең бастысы әрбір шығармасынан елінің әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігінен хабар бере отырып, қиындықтан шығар жол іздеді. Уақыттың бағытын өзгертіп, болашаққа жол бастады. Халық санасын тар шеңберден шығарып, бәсекеге қабілетті болу үшін өнер мен білім, кәсіп үйренуге бағыттап, әлем кеңістігіне шығу жолды іздеді.

Шетелдік және отандық гуманитарлық ғылымдарда әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларын интерпретациялауға арналған зерттеу жұмысының өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Осы категорияларды талдау арқылы әдеби туындыны, автордың идеясын, шығарманың сюжетін, мәні мен мазмұнын тереңірек және толық түсінуге мүмкіндік туады. Көркемдік кеңістік пен уақытты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін орыс

әдебиеттану классиктері қалаған деп айтуға болады.

Әдеби шығармаларда (ең алдымен лирикада) уақыт пен кеңістік көбінесе символдық сипат алатын мотивтер мен образдар түрінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда кескін мен мотивтің құрылымының өзі кеңістік пен уақыт концепсиясын, олардың ішкі өзара байланысын қамтиды.

Абай өлеңдерінің мәтіні аясында мезгіл мен мекен өзара тығыз бірлікте, құбылыстың мекені аясында оның мезгілдік өлшемі де көрініс табады, көркем мәтіннің ерекшелігімен, автордың ниетімен байланысты олар белгілі бір мәнге ие болады. Автор белгілі бір мезгілдің өзіндік ерекше сипатын мекеннің белгілі бір кеңістігінің ерекшелігіне сай суреттейді, мекеннің кеңістігіне тән сипаттарды мезгілдің ерекшеліктерімен сабақтас бейнелейді. Ақынның көркемдік әлемінде мезгіл мен мекен әрқайсысы жеке, дара суреттеу нысаны емес, олар өзара да, өзге құбылыстармен де тығыз байланыста, бірлікте болып, суреттелініп отырған құбылыстың сыртқы сипатымен қатар ішкі мәнін де көрнекі ашып көрсетуге қызмет етеді.

Ақынның поэтикалық әлемінде мынадай қарапайым сурет үлгісі бар: «Үзілмес үмітпенен бос қуардық» [1, 58] «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» [1, 298]. Екі өлеңнің екі бөлек бір-бір тармағы түрінде берілген осы үзінділерде мезгіл мен мекен жайын аңғартар нақты тілдік бірліктер бар деп айту қиын. Соған қарамастын одан ақынның ақындық ойлау кеңістігінде ғана белгілі болатын мезгіл мен мекен ұғымына қатысты ойлардың тұтасқан образды суретін көруге болады. Жапырағы қуарған тал, ағаш, қурай, өсімдік болатыны – табиғаттың өз шындығы. Өсімдік әлемінің жазғытұрым, жаз, күз, қыс мезгілдерінде қандай күйде, қандай көрікте болатыны Абай өлеңдерінде әр қырынан көрінеді. «Жапырағынан айрылған ағаш, қурай» [1, 95] – «Күз» өлеңіндегі көрініс. Ағаш, қурайдың жапырақтарынан айрылуының алдындағы көрініс – ағаш, қурайдың жапырақтарының сарғайып, қурауы. Күзде сарғайып, қураған ағаш, қурайдың жапырақтары жел сыбдыр етсе, үзіліп жерге түседі. Бұлар – табиғаттың өзіне тән заңдылықтардың көрінісі. Осы шынайы көрініс ақындық ойлау кеңістігінде адамның өміріне тән ұғымдар мен құбылыстарды бейнелеп, астарлап танытатын көркемдік бейнелеу құралдарының қызметін атқарады. Осы тұрғыдан келгенде, ақынның «Үзілмес үмітпенен бос қуардық», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» деуінің астарынан адамның әлдеқандай бір жақсылықтың боларынан үміт етумен өмірінің жазын өткізіп, күзіне жеткендей күйі сезіледі. Мезгіл мен мекеннің ақын өлеңдеріндегі көркемдік қызметі туралы айтқанда, ақындық ойлаудың тереңінен туған осындай образды ойлардың поэтикалық қуатын ескеру ерекше маңызды деп білеміз. «Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай / Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?» [1, 252], – дегенде де осындай мән бар.

Абайдың ақындық әлемінде мезгіл мен мекен сурет, сипат қана емес, образ-символ ғана емес, Абайдың ақындық ойлау даралығын танытатын айрықша поэтикалық тұтастық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Абайдың сөз өнері // Абайтану. Таңдамалы бектер. XXXIX том. Ойлар мен толғаныстар / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 80-94-бб.
2. Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнамасы // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №1. – 79-83 бб.
3. Лотман Ю. Структура художественного текста. – СПб: Искусство. 1998. – С. 285.
4. Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе // Бахтин М.М. Собрание сочинений. Т. 3. Теория романа (1930-1961 гг.). – М.: Языки славянских культур, 2012. – С. 340-511.
5. Аристотель. Поэтика / Пер. М.Л. Гаспарова // Аристотель. Сочинения: В 4-х т. Т. 4 / Пер. с древнегреч.; Общ. Ред. А.И. Доватура. – М.: Мысль, 1983. – С. 645-680.
6. Дәдебаев Ж. Абайдың көркемдік әлемі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар / жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 37-91 бб.
7. Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы. Көп томдық. Том I. Дәдебаев Ж. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 307 б.
8. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
9. Темірболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – С. 504.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының оқытушысы
Әлібек БАЙБОЛ

Абай ілімі және оны балаларға оқыту мәселесі

Бала деген – нәзік әлем. Бала жаны – бұралаң-бұлтарысы мол ну орман. Бала жаны – қамал, қорған: лас әлемнен, беймаза тіршіліктен, мәнсіз сөзден, ретсіз іс-әрекеттен, асығыс айыптаудан, жағымсыз қылықтан, бей-берекетсіздіктен, сайқал саясаттан, түрлі интригалардан, өтіріктен, өсектен, сатқындықтан, формалды нәрселерден, жағымпаздықтан, осылай жалғаса береді. Баланы түсіну, ұғыну – тұнған ғылым, балатану ілімі. Оны меңгерген адам ғалам сырын, анау жақтан рух күйінде келетін адам бітімін, тазалық табиғатын ұғынады, физиканың барлық заңдылығын бұзып-жарады, гравитация мен левитация құпиясын ашады, өзі үшін. Баланың күлкі шашқан, нұр төккен жүзіне үңілсең дүние ауыртпалығын ұмытасың, шаршағаның басылады. Себебі, онда адам айтып түсіндіре алмайтын «рухани вакцина» бар. Балдырғанға деген құрметім бөлек, онымен бір қатарда сөйлесіп, пікірлесу үшін де деңгей керек. Тазарғың келсе соған бар. Кейбірі: «Ей, бұл – маңқа ғой...», – деп маңғазданғанда, сөз аңдыған балақай, іштей: «Еһ, өмір-ай!» – деп

мырс ететін де шығар. Баланың әлемі – күйдің әлемі, көңілдің әлемі, бізге таңсық сезімнің әлемі, біз бастан кешпеген уақиғалардың әлемі, бұл – сырлы, сұлу, көркем әлем, оған дәретсіз кіруге рұқсат жоқ, дәт шыдамайды. «Балалар әдебиеті кенжелеп келеді» немесе «балалар әдебиеті дамымай жатыр» деген сөздерді жиі-жиі естиміз. Ең басты нәрсе – жарнамада. Шетелде жарнама жолға қойылған. Балалар драматургиясы ақсап тұр, кадр аз. Қылаяғы бүлдіршіндерге, оқушыларға арналған жібi түзу ертеңгiлiктер де жоқ. Тәрбиешiлер мен мұғалiмдер жоқтан жонып, әйтеуiр өздiгiнше еңбек етуде. Сол «шикiзатты» әзiрлейтiн – қаламгер емес пе?! Сондай-ақ, қазiргi қарақты көз әлем әдебиетiн де қалдырмай оқуға тырысады. Бiрақ, жаппай оқиды деп тағы да айта алмас ем. Қазiргiлер – әсiре реалист, прагматик, өмiрге деген көзқарасы бөлек. Ендiгi жазылатын шығармалар солардың өмiрiнен сыр шертуге тиiс. Сондықтан, әлi де әдеби конкиста бастала қойған жоқ. Кейде бiр тәуiр туынды оқыған соң жалғасын асыға күтесiң, бiрақ сиквелдық, циклдық сыпат ала алмай қалып жатады.

Әсiлi, бала – қатал, әрiсi әдiл сыншы, адал төрешi. Ол атақ-дәрежеге, сыйлыққа, статусқа, қызметке, шен-шекпенге, тамыр-танысқа, аға-көкеге, регалияға қарамайды, оны көзге де iлмейдi. Тек көңiл бұрған көркем туындыға ғана мән беретiнi бар. Кiтап ұнаса оқиды, ұнамаса шетке ысыра салады, бiтгi. Оған бiр нәрсенi күштеп оқыта алмайсыз, күштеп көрсете алмайсыз, күштеп тыңдата алмайсыз, күшке салсаңыз бiр «механизмды» сындырып жiберуiңiз мүмкiн. Ересектермен салыстырғандағы ең негiзгi ерекшелiк – осында. Ал, үлкендер қайбiр дүниенi «ұят болады» деген уәжбен өздерiн қинап, еркiне қарсы шыға отыра iстеуi ықтимал. Бүгежектеудi бiлмейтiн бүлдіршінге – бұндай қылық жат. Балаларға арналған көркем шығарма қызықты, тартымды, мазмұнды, тiлi аса күрделi емес, қайта жеңiлдеу, сүгiретке, уақиғаға бай, өзегi бар, заманымен үндес, әрiптерi үлкендеу, ақыл айтып дiңкелетпейтiн, тым данышпансымайтын да және ұғынықты болғаны дұрыс.

Өткен жыл – «Балалар әдебиетi жылы» деп жарияланса, биылғы жылды Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Балалар жылы» деп белгiледi. Алдымызда екi мәселе тұр. Бiрiншiсi, балалар әдебиетiн қалай дамытамыз? Ал, екiншiсi, балаларға Абай iлiмiн қалай оқытамыз?

Бiрiншiден, балалар драматургиясына, балалар поэзиясына, балалар прозасына, балалар анимациясына, балаларға арналған иллюстрацияға жеке-жеке байқау жариялаған жөн. Екiншiден, мектеп пен балабақшалармен байланысты күшейткен абзал. Себебi, автор оларды, олар авторды жыға тани бермейдi. Мектеп пен балабақшаларға деңгей-деңгей бойынша, жас ерекшелiгiне байланысты материалдардың жетiспеушiлiгi сезiледi. Сырттай, долбармен жазу бiр бөлек те, объектiнi зерттеп-зерделеп барып жазу мүлде басқаша. Бiз – қаламгерлер болашақ оқырманды қазiрден бастап дайындауымыз қажет. Үшiншiден, көркем шығарманы оқытудың методикалары, жалпы методология өзгеруге тиiс. Алысқа шаппай, iргедегi Ресей ғалымдарының балаларға қатысты зерттеулерiн оқып жаның рақат табады. Өте ұғынықты, қызғылықты, қарапайым тiлмен жазылған-ды.

Мәселенки, солардың бірі – филология ғылымдарының кандидаты, мәдениеттанушы, тарихшы, А.И. Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік педагогикалық университеті Балалар әдебиеті кафедрасының доценті, «Детский оракул. По страницам настольно-печатных игр», «Записки куклы. Модное воспитание в литературе для девиц конца XVIII – начала XX века», «Игрушка в детской литературе», «Золотое зеркало. Русская литература для детей XVIII-XIX веков» атты еңбектердің авторы Марина Костюхина. Бала көлдей-көлдей дүниелерді бірден игеріп кете алмайды. Суреттермен, шағын-шағын мәтіндер, аудио, бейнероликтер, қысқаша мазмұндама арқылы қызықтырып барып, сол негізде кітап оқуға баулуымыз керек. «Оқы», «үйрен» деген жалпылама, күнделікті айтылып жүрген сөздерден бала сұмдық құлшынып кетпесі шындық. Оны ынталандырудың жаңа әдіс-тәсілдерін, амалдарын ойластыруға тиіспіз. Төртіншіден, жыл сайын демей-ақ қояйын, екі жылда бір рет Балалар қаламгерлерінің фестивалін өткізіп тұрған жөн. Бесіншіден, шетелдегідей кітап сату нарығын қалыптастыруға тиіспіз. Елімізде осы бастама ақырындап қарқын алып келеді. Дегенмен, әлі де күшейткен дұрыс. Оқырман электронды кітапханаға кіріп, ақшасын төлеп, шығарманы жүктеп алады. Сөйтіп, заңи негіздегі келісімшарт арқылы автор да өзіне тиесілі қаламақысын шетінен-шетінен алып отырады. Батыстың осы тәжірибесін біз де меңгеруіміз қажет. Әдебиет дәріптелуіндей-ақ дәріптеліп жатыр. Бір байқағаным, халық әдебиетті лайықты деңгейде түсінбеуде, ең үлкен проблема – осында. Әлеумет кештерде өлең оқуды, я кітаптың тұсаукесеріне жиылып, сол жерде суретке түсіп, ғаламторға салуды әдебиет деп ұғады-ау, сірә. Соңғы кезде сондай мінез пайда болды, рас. Бұл – әдебиетті насихаттаудың амалы ғана, формасы. Неге әлімізге қарай, әлеуетімізге қарай, мүмкіндігімізге қарай тереңірек үңгімеске?! Керек десеңіз, әдебиет – ғылым. Қазіргі бала өзіне не қажет екенін жақсы біледі. Бүгінгі бала көп дүниені түсінбейді дейді. Негізінен, олай емес. Өйткені, бала – бізден өткен данышпан, оқып туған.

Енді, Абай ілімін балаларға қалай оқытамыз? Оның нендей жолдары бар? Хакім Абайдың өлеңдерін балаға жаттатпас бұрын, әуелі автор туралы, шығарма тарихы туралы, шығарманың мән-маңызы туралы сөз еткен абзал. Сонда өлең бойға сіңімді, мейлінше ұғынықты болмақ. Ал, егерде бірден: «Жатта!» – деп бұйырсақ, әрине, бала қорыққанынан жаттайды, алайда одан нәтиже аз болады. Себебі, арада жыл өтпей жатып, әлгі өлең ұмытылады. Неге? Себебі, бала оны бар көңілімен жаттаған жоқ, оған тек тапсырма, бұйрық ретінде ғана қарады. Әуелі, баланың Абайға деген махаббатын ояту керек. Хакім Абай туралы көп айтып, елге, жерге деген патриоттық сезімін оятқан жөн. Абайды күштеп оқыту тиімсіз, оны ынтамен оқыту керек.

Балаға: «Бұл – Абай атаң! Мынау сол кісінің суреті. Абай – сенің апаңа да, атаңа да, әкеңе де, анаңа да ортақ тұлға!» – деп соның тілінде сөйлеген орынды. Сонда баланың зейіні ашылып, қызығушылығы оянады. Сонан соң барып Абай туралы деректі фильмдер, көркем кинолар, мультфильмдер көрсеткен абзал. Әр адамның ой-санасында «әлемнің тілдік картинасы» бар.

Егер балаға ұғынықты, қарапайым тілмен сөйлеп, оны қызықтыра білсек, онда ол Абай туралы дүниелерді құныға оқиды, іздеп жүріп оқиды. Педагог Шалва Амонашвили: «Бала кез келген нәрсені жанына жақын қабылдап, сезімі оянса, онда ол кітапты да оқиды, сурет те салады, еңбекті де бар құштарлығымен істейді», – деген болатын. Балаға Абайды ауырлатудың қажеті жоқ. Балаға өзі секілді жердің бетін басып жүрген, өзі секілді атта отырған, өзі секілді қазақтың даласын кезген, өзі секілді балалық қылып ойнаған Абай қымбат. Мифологизацияны ересек кезінде ұғынады. Әзірге бұндай процесске үйрету ертерек.

Ұлттық код – күрделі ұғым. Бұның ішіне менталдық қабатты құрайтын әр ұлттың, әр этностың тарихы, әдеби қазынасы, мәдени мұрасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, ділі, дүниетанымы, жүріп өткен жолы, тарихи-эволюциялық кезеңдер негізіндегі ой-санасында мықтап бекіген қайталанбас, төл образдар енеді. Әр ел түрлі-түрлі құбылысты өздігінше көреді, өздігінше пайымдайды, өздігінше қабылдайды. Георгий Гачевше айтқанда, *«наш предмет – национальный космос, в древнем смысле – как строй мира, миропорядок: как каждый народ из единого мирового бытия, которое выступает вначале как хаос, творит по-своему особый космос. В каждом космосе складывается и особый логос – национальное миропонимание, логика. Это – самое тонкое, до чего нам добраться и постигнуть»* [Гачев 1999, 1:10]. Ал, Клотер Рапай мұны былайша ұғынады екен: «Это бессознательный смысл той или иной вещи или явления, будь то машина, еда, отношения, даже страна в контексте культуры, в которой мы воспитаны» [Рапай 2008, 2:77]. Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелендіріп тұратын басты фактор – тек өзіне ғана тән менталитеті, ұлттық болмысы, мінез-құлқы, дүниетанымы, т.б. Айталық, филология ғылымдарының докторы, профессор, поэтолог, әдебиеттанушы Сәуле Әбішева «Поэтический мир М. Макатаева» атты монографиясында: «Макатаев обращается к выразительным образам, передающим состояние солнца и его цветовую гамму: «кызарып» («наливаясь огнем»), «жарқырап» («сверкая»), «қалтырап» («дрожа»), «сарғайып» («желтая»), «жалаулатып» («пылая»), «кешігіп» («запаздывая»). Использует метафорические ряды и мифологические коды для создания его внешнего облика. Традицией солярной мифологии объясняется наличие у солнца глаза: «Күн көзін» («Солнца глаз»). Отсылку к архетипическому образу солнечной колесницы содержат следующие строки: «Күміс жалды күн дейтін көлікпенен, / Көріп келем өмірді, көріп келем» («На колеснице среброгривого солнца / Я обзреваю жизнь, обзреваю»). В словах «дөңгелеп», «айналып», связанных с семантикой круга, поэт обыгрывает форму солнца. Словосочетание «күннің табағынан» в значении «с солнечного диска» тоже указывает на его форму» [Абишева 2018, 3:152] деген. Жоғарыдағы структуралистік талдауға негізделген мысалдарды Абай поэзиясынан да молынан табуға болады. Мәселен, «тайға міндік», «үкі тактық», «қыран шықса қияға», «жүйрік тіл, терең ой», «жаңбырлы жайдай сырқырап», «шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», «сіз – жалын шоқ, біз – бір май», «тұмар тағылса да», «күлімсіреп аспан тұр», «қой жайылып жаздыкүн»,

«аспаннан бүркіт құйқылжып», «қараңғы түнде тау қалғып», «желігін жерге тықпас», «шідерлігі жуандау, бота тірсек», «құс қаңқылдап», «суы ашыған батпақ көл», «толғауы тоқсан қызыл тіл», «қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ», «қарсақ жортпас кара адыр», «жуасты мінде, айран іш», «жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан», «желсіз түнде жарық ай», «жазғытұрым жасырып жердің бетін», «қыран бүркіт ен алмайды, салса баптап», «алпыс екі айлалы түлкі алғанда», «қойдан қоңыр, жылқыдан торы», т.б. Бұл сөздер, бұл ұғымдар, бұл ұлттық образдар – әр қазаққа ұғынықты, әр қазаққа түсінікті. Абай «Қырық бесінші сөзінде»: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, керіспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. <...> Бұл ғадаләт, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» [Абай 2020, 4:218] дейді. Ойшыл өлеңдеріндегі бұлт, аспан, ай, жылқы, жаз, күз, қыс, бүркіт, қыран құс, түлкі, жазғытұры, т.б. түсініктер түрленіп, құлпырып, табиғатқа тіл біткендей әсерде боласыз. «Қылышын сүйреткен қыс» я «масатыдай құлпырған жаз» жанданып, адамға тән қасиеттер пайда бола бастайды. Мұны ғылымда персонификация, прозопопея, антропоматизм деп атайды. Осы хақында ғалым Қажым Жұмалиев бұйдейді: «Абай қыстың кескінін де аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бұрқырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағымсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады». Айталық, ақынның «Жазғытұры» өлеңіндегі өзгеше өрнектерге көңіл аударсақ:

*Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.*

Бұнда оянудың белгісі бар. Көбіне-көп Шығыс әдебиетінде түлеуді, жаңғыруды, өмірді көктеммен байланыстырады. «Абайдың тұшынып, ұзақ сонар соңына түсіп оқығаны – шығыстық классикалық поэзиясы мен философиясы. «Медресенің тынысы ауыр, тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары – Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули сияқты көне классикалық ақындар болған. Медреседе оқып жүрген кездерінде жаздыгүні елге қайтқанда, қаладан ала келетін кітаптары – тағы да сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған», – деп Мұхаң Абайдың шәкірттік шақтағы кітапхана ауқымына жүрдім-бардым назар аудармаған» делінген «Қайым туралы сөз» кітабында. Алаш қайраткері, меценат Мұхамедхан Сейітқұлұлының баласы, текстолог, ғұлама ғалым Қайым Мұхамедханұлының абайтануға, хакім мұрасын зерттеуге сіңірген еңбегі өте зор, ерен. Хакімнің:

*Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ганибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға, –*

деп басталатын өлеңіндегі ұлттық образдар – ойлы жан үшін жат емес, қайта етене таныс. «Томағасын тартқанда», «сегіз найза қолыңда», «қанат, күйрық суылдап, ысқырады», «біреуі – көк, біреуі – жер тағысы», «қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл», «таудан жиде тергендей», «сілке киіп тымақты», «күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып», «аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш»... Бір өлеңнің өзінде нешелеген символ бар, нешелеген динамика бар, бірін-бірі алмастырған көркем сүгіреттің арғы жағында ұлттық кодқа негізделген таным жатыр. Атрибуттар белгілі бір қозғалыстан, тынымсыз тіршіліктен хабар береді. Пьер де Шарден «Феномен человека» еңбегінде: «Существует лишь необратимо персонализирующий универсум, способный вместить в себя человеческую личность», – дейтіні де сондықтан [Шарден 1987, 5:227]. Француз палеонтологы, ғалымы, философы әрі теологы Ұлы адамдар туралы айтып отыр, Абай солардың сойынан. Хакім қолданысындағы көптеген ұғымдар символдық мәнге ие. Соның әсерінен өлеңнің бояуы өзгереді, тереңдей түседі. Абай – айтарын турасынан емес, тұспалдап жеткізетін ойшыл ақын. Мәселен, «Күнді уақыт итеріп» (М.Ю. Лермонтовтан) өлеңіне мән беріп көрейік.

*Күнді уақыт итеріп,
Көкжиектен асырса,
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса.*

*Сонда көңлім жоқтайды
Татуы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын.*

*Көкке бақтым «Алла» деп,
Тамаша етіп құдыретін.
Рахматы оның онда көп.
Бізге түк жоқ тиетін.*

*Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақмақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан Алланың.*

«Символдар, белгілер, эмблемалар энциклопедиясында» тас – қуатты уақытқа үстемдік ететін доминантты күрделі символ» [Энциклопедия символов, знаков, эмблем 1999, 6:226] деген анықтама берілген. Егер, «Күннің көкжиекке барып құлай батуы өлімге теңестірілсе, ал таңертеңгі қайта шыққан Күн – қайта тірілу символы» [Сонда] екенін ескерсек... Таң ата көрінген Күн – жанданудың, жаңғырудың, түлеудің, жаңа өмірдің бастауы рәуіштес символ. Абай қолданысындағы «болат қанжар» заттық емес, рухани әлемге қатысты екені аңғарылады. Мысалы, «семсер – киелі қасиеті бар заттың бір түрі. Қазақ

ұғымына сәйкес: а) семсер – адамның жанының орны, семсер иесінің орны; б) семсердің оттық қасиеті бар; в) семсер тірі тіршілік иесі – батырдың егізі ретінде көрінеді; г) семсер иесіне төнетін қауіптер немесе оның амандығы туралы хабар беруі» [Кондыбай 2005, 7:178] дейді мифолог Серікбол Қондыбай. «Шығыс аңыздарында «нөсерді білдіретін символ көкте қалқып жүрген, жерге тамшы болып төгілген бұлттың шартты бейнесі боп есептеледі» деп берілген [Шығыс символизмының энциклопедиясында 1996, 8:57]». Хакімнің «Күлімсіреп аспан тұр» өлеңінде аспан күлімсіресе, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сенде» аспан нұрланса, «Күзде» түсі суық сұр бұлт аспанды қаптайды. Көркем мәтін бояуынан-ақ көп нәрсені аңғаруға тиіспіз. Мұндай сөз қолданыстарынан автордың көңіл-күйін, ахуалын, күйініші мен сүйінішін көре аламыз. Бұл жөнінде әдебиеттанушы Ирина Ковтунова «Поэтикалық синтаксис» зерттеуінде былай дейді: «Біздің алдымызда монолог емес, адам Менінің әр түрлі жақтары арасындағы диалог көрінеді. Мұндай ішкі диалог ой-санасы озық адамдарға ғана тән» [Ковтунова 1986, 9:64-65]. Ақын, жазушы, аудармашы Борис Пастернак поэзия табиғаттан күш алатынын айта келе, былай дейді: «Өнер әрекет ретінде шынайы және дерек ретінде символикалық болып табылады. Ол метафораны өзі ойлап тапқан жоқ, ол оны табиғаттан алды және оның қасиетін сақтай отырып суреттейді» [Пастернак 1985, 10:174]. Натурфилософиялық сипаттағы өлеңдер оқырманға табиғаттың қандай ғажап құндылық екендігін ұғындырып қана қоймай, ондағы сыр-құпияға толы таңба-белгілерді тануға да мүмкіндік береді. Бұны Абай аударған ақындардың бірі – Пушкинның өлеңмен жазылған романы («роман в стихах») «Евгений Онегиндегі» Ленскийдің көңіл-күйінен де байқай аламыз.

*Он рощи полюбил густые,
Уединенье, тишину,
И ночь, и звезды, и луну,
Луну, небесную лампаду,
Которой посвящали мы
Прогулки средь вечерней тьмы,
И слезы, тайных мук отраду...*

Хакім Абай – сөз-сөйлемді құбылтудың шебері, бір қарағанда елеусіздеу дүниеге жан бітіретін ақын. «Қазақ тілінде ұйқас сөздер көп. Қазақ поэзиясында ұйқастың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сөздердің жақын ұқсастығын талап етеді. Қазақ тілі осындай ұйқастарды шектеусіз пайдалануға мүмкіндік береді» [Ахметов 2012, 11:425] дейді Зәки Ахметов. Ән поэзиядан, поэзия әннен нәр алады. Бақыт Қайырбековтың «Көшпенділер әлемі. Ұлы дала аңыздары. Қазақ этикеті» атты зерттеуінде айтылғанда, есте жоқ ерте замандағы аңызға сәйкес, «бұрнада жердің бетінде ән қалқып жүріпті, ол төмендеп ұшқан жерлерде адамдар ән айтуды үйреніпті. Ән қазақтың шексіз даласына жеткенде, жерге барынша жақындай түсіпті. Сол себепті қазақтар әлемдегі ең алғашқы әншілер болыпты» [Қайырбеков 2014, 12:154]. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңіндегі қыз баланың көркем бейнесінде ұлттық дүниетанымға иек артқан белгі-нышандар жетерлік.

Мысалы, «аласы аз қара көзі», «жіңішке қара қасы», «ақша жүз, ал-қызыл бет», «аузын ашса, көрінер кірсіз тісі», «жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны», «тақтайдай жауыры бар, иығы тік», «нәзік бел тал шыбықтай», «етіндей жас баланың білегі бар», «ажымсыз ақ саусағы», «қолаң қара шашы бар жібек талды», т.б. Автор кодталған ақпаратты көркем туынды арқылы жеткізеді. Оның әрқайсын жеке-жеке, бөлек-бөлек талдап, толықтай түсініктеме берген жөн. Әдебиеттанушы, профессор Вера Савельева «модели художественных миров жанров – это своеобразные формулы, в которую каждый автор подставляет свои особенные данные...» [Савельева 2000, 13:27] десе, ф.ғ.д., профессор, поэтолог Жанна Толысбаева «Трансформация жанров современной поэзии Казахстана» монографиясында: «Жанры с трудом поддаются систематизации прежде всего в силу своей множественности. Каждая историко-литературная эпоха «приводила» свои жанры: древнегреческая лирика – элегию, ямб, эпиникий, эпитафию; провансальская литература – канцону, пастораль, альбу; лирика Возрождения – сонет; эпоха классицизма – трагедию, оду» [Толысбаева 2010, 14:21] делінген. Абайдың әдеби мұрасын негізгі 3 бөлімге бөліп қарастырамыз, біріншісі – өлеңдері, екіншісі – ғақлиялары, үшіншісі – тәржімалары. Автор лексикасын қазақ, араб, парсы және орыс сөздері құрайтынын білесіздер. Сол арқылы сөздік қорымыз байыды. Ал, қазіргі мына қазақ жаһанданған заманда ойшыл шығармаларына дүркін-дүркін ден қою, қайта-қайта оқу – басты талап. Себебі, мұнда қаймағы бұзылмаған, маңызы бетінде тұнған қазақтың ғажап тілі бар, орны бөлек образдар бар, автор көзбен көріп, өне бойынан өткізген елдің тыныс-тіршілігі суреттелген және ең бастысы жұртшылық үшін, адамзат үшін қажет ұлттық код менмұндалайды. Сол себепті де, Абай – өміршең, Абай – мәңгілік, Абай – алып.

Абайда баланы жігерлендіретін, өмірге қарата баулитын өлеңдер жетерлік. Алайда, балаға оларды жаттатпас бұрын, оны оқытпас бұрын қайрат, ақыл, талап, еңбек, қанағат, рақым, ар, ғылым туралы молырақ мағлұмат берген дұрыс және бұның бәрі өмірдегі қажетті қасиеттер екенін сезіндірген орынды.

*«Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.*

*Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.»*

«Таланатты талант қана таниды» деген тәмсіл бар. Келісемін. Ойлап қарасақ мәні – арыда, тереңде жатыр. Ілияс Жансүгірұлының «Әдебиет майданы» журналындағы (1934 ж.) «Абайдың сөз өрнегі» делінген талғампаздықпенен, талдампаздықпенен өрілген мақаласы – дәп қазіргі ойдың

дәлелі. Ілияс ақын онда былай депті: *«Абайдың ақындық қуаты, тілге шеберлігі – оның сөзінің арасына қыл сыймайтындығы. Абай ақындықтың өнері – сөздің іші, сырты екеуі де жақсы, екеуі де көркем болсын деген.*

*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?*

Сөзді осылай саптап өлеңге кіріскен Абайдың өлеңінің іші – өз мазмұнында алтын болып шығады. Оның аз сөзіне көп мағына сыйып кеткен, сөз шеберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады. Абай – өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы ел өлең-жырларының өлшеміне парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, үлгілерін кеңітудің үстіне, араб, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге қазақша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңнан тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан адам». Автор Абайды «сөз шебері» деп отыр, мұнда құр мақтау емес, дәлелді сөз, құрмет пен тағзым бар. Жазушы, драматургты былай қойғанда, қазақтың қай ақыны болсын хакімге соқпай кетпейді, бір соққан соң оралып отырады, қайта-қайта оқиды, жастанып оқиды, жаттайды, жатқа соғады. Бұл – елдің құрметі, елдің бағасы.

Қай дана, қай ғұламаны мысал қып алсаңыз-дағы, ол әлемдік тауарихқа, өркениет өрісінің кеңеюіне, әдебиетке, мәдениетке, ғылымға, адамзатқа ғаламат әсер еткен боп шығады. Пендеге бағыт-бағдар сілтеп, жол көрсетіп, адамшылыққа адаспай, сүрінбей-қабынбай, құламай-құлдырамай, шаршамай-шалдықпай, мүдірмей-кідірмей, бөгет-бөгеусіз жетуге бірден-бір сеп болатындар да – сол ұлылар. Жаңағыларды жалпақ жаһанға тарыдай шашып жіберген Жаратушымыз да – шексіз шебер иесі ғой, олардың көп болмауы да сондықтан деп ойлаймыз. Аз бола тұра, бәрімізді азғындықтан сақтап, күндіз – күлкі, түнде – ұйқы көрмей, қай уақытта да сопиған соқа басын емес, жұртшылық қамын жегені... Біреуі ерте туады, енді бірі дер шағында туады, келесісі кеш туады, өмірдің 3 басты циклы секілді, түп-тура: «дүние есігін ашты» (Абай), өмір сүрді, дүниеден өтті. Қайткенде де еңбегі еленіп, есімі ел есінде қалып жатқанына – абыз кейіптес тарих куә. Солардың бірі де бірегейі – Құнанбайдың Абайы. Қазекем хакім Абай деп ерекше қастер тұтады, бөлекше ардақтайды. Манағы көпшіліктің ішінде біз де бармыз. Оның тек маған ғана емес, көзі ашық, зерделіге тигізген әсері орасан, өлшеусіз. *«Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді / Сөзді ұғар көкірегі болса көзді / Қадірін жақсы сөздің білер жанға / Таппай айтпа, оған да айтар кезді»*, – демей ме ойшыл. Оның әдеби мұрасын бір-екі ауыз сөзге сыйдыра салу қиындау, әлбетте. Себебі, Ой дегеніңіз кеңістік ұқсап ұлғайып, далиып кете береді, кете береді, кете береді, шекара-шектеуі, басы да, аяғы да жоқ. Абайды тек қана жаттап, судыратып айтып беру аздық етеді, оны мейлінше түсініп, ұғынып, он ойланып, мүмкін болғанша тереңіне сүңгіп барып оқымақ керек. Оқисың-дағы: «Бұ, қалай болды, өзі?» дегендей ойға қаласың. Одан ойшылдықтың қаншалықты қиын жолмен келетінін ұғындым. Ол Алланы тануға, арлы

болуға, адам болуға, білім жиюға үндейді, еңбектің қандай ғажап құндылық екенін түсіндіреді. Бұдан артық ақылман жанға не қажет, айтыңызшы? Санагердің сан алуан қыры бар, әр кісі өзін масаша мазалаған сауалға жауап алады. Абай – менің жүрегімде...

*«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап».*

Ұстыны мығым ұстанымым – осы. Жалпы, ұлыларды ұғу үшін сыртқы және ішкі дайындықпенен уақыт керек. Ойшылдар от сияқты, абайламасаң өртеніп өлуің мүмкін, әгәрәки сырын ашуға талпынсаң керемет жылу сыйлайды, бөтенсінбейді, керісінше бауырына тарта түседі, өзіңмен теңдей дәрежеде сөйлеседі. Әуелгіде, маңына жолатпас, томаға-тұйық, көп көзінен оқшау ұстайды. «Сыртына қызыл сөзден бал жаққандық» (Т. Ахтанов) емес, бұл. Кісімсіп, цицероншылап (Цицерон Марк Туллий) отырғам жоқ, шыным – осы. Жер басып жүрген адам – көп, алайда тұлға – аз, некен-саяқ, бірен-саран. Абай – мәдениеттер тоғысында туған тұлға, феномен, құбылыс. Тұлғатану – соларға тән энциклопедиялық білім мен жан-жақтылықты талап ететін салмақты сала. «Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда, Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды» деп тұрған жоқ па?! Тағы да Абай...

Абай деп жазсақ та, айтсақ та: «Бұл қай Абай болды екен?..» – деп сұрамайды, ешкім. Ол – шүбәсіз, күмәнсіз нәрсе. Өйткені, оның асыл образы ұлт жадында ойып тұрып орын алған-ды. Бұл – халық махаббатының тақ көрінісі. Көп деген жақсы. Бағалайтын да, сүйетін де, күйетін де, кейбір кезде сынайтын да – сол көп. Ұнатса астындағы атын беруге әзір тұрады, ұнатпаса абыройсыз етуі де мүмкін. Бүгінгі тілмен айтқанда аудитория ғой. Әр Сөз сонда бағытталады, оны бойға сіңіру үшін ынта қажет, ынтасыздық пен ынжықтық – туыс, өстіп-өстіп бірінен соң бірі балалай береді, балалай береді. Регресс.

*«Көп салқын бірін-бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас».*

Әнеки, қайыра ескертуде. Әр адам тарихтың бөлшегіне айналып, ұлы уақиғалардың басы-қасында жүргісі бар. Дәмеміз – дәу. Анау бір қыр басына қарасаң, төмпешік жетерлік. Алайда, артында қалған белгі аз. Сонда мына бес күндік жалғанға, мына дүрмекті дүнияға не үшін келді деп те ойлайсың. Ойланасың. Шоқан құрлы, Ыбырай құрлы, Абай құрлы, Әлихан құрлы жоқ па екен, сонда?! Мұның атауы – мұратсыздық, Пәлсапаның пәленше жыл зерттеген орталық тақырыбы – пәруай. Өмірдің өзегі – мақсаттан мақрұм жаннан не күтуге болады, бұл тіршілікте? Құдай береді, Құдай алады. Келді, кетті, болды, осымен тамам...

Ұлыларға қарап – ұрпақ өседі. Аксиома. Постулат. Соларға теңескісі келеді, бой түзейді, солардан үйренеді, кейінгілер. Сондықтан, бұндай атты

алып жүру – қиын шаруа. Сәл ауытқып кетсем, көмекке көненің көзі – Абай атам келеді. «Былай істегін, былай жүргін», – деп ақылын айтып, тәртіпке сап, арқаңнан қағып, асқан жанашырлық танытады.

*«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім»*

Оқы, ерте жастан ізден, жаһандық жаңалықтан құр қалма, селтенбай жүрісті қойғын, қоғамға аралас деп тұр ғой, хакім. «Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім». Тағы да Құнанбайдың Абайы. М. Мырзахметұлы, Ж. Шойынбет, М. Әліпханның «Абай мұрасының өзекті мәселелері» атты зерттеу еңбегінде: *«Абайдың толық адам туралы ілімінің өзегі – ақыл, әділет, рахым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ой-пікірлерінің мән-мағынасы аса зор, күрделі мәселелер. Бұлардың түп төркіні Абай қара сөздері мен философиялық лирикасындағы Алланы тану мен жантану жолындағы ой ағысының тарту күші зор ой иірімдерінде жатыр. Абайдағы толық адам ілімінің өзегіне (ядросына) айналған мәні мен мағынасы аса зор этикалық танымдағы ақыл, әділет, рахым, қайрат деп аталатын мағынасын ізденіп барып, жүйеге түсіріп алмақ керек. Болмаса ұстатпайтын терминдік мағынасы көп қатпарлы аталымдардан құралып, толық адам ілімінің қаңқасын құрайтын киелі ұғымдардан құралады. Абай өзі негізін салып қалыптастырған толық адам ілімін осы мақсат тұрғысынан өзінің идеялық күрес құралына айналдырғаны оның шығармалар желісінде осы гуманистік идеяны молынан насихаттап, жүйелі түрде қызу таратып жатуында көп мәселенің астарлы сырлары жатыр. Өйткені, Абай туындыларында жиі ұшырасатын «пенде, адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл, хауас, үш сүю, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы, кәмалат газамат» деп аталатын терминдік мағынасы терең ұғымдардың бәрі де тікелей кейде жанама түрде толық адам ілімімен сабақтасып ұштасып жатуы жәй нәрсе емес» делінген. Жоғарыда сөз етілген әр ұғымға жеке-жеке тоқталып, талдап, кең-молынан қамтылған комментарий, тәптіштелген тәпсір сұранып тұрғаны хақ, соңыра түйіндегенде ғана «Толық адам» ілімін терең де түбегейлі түсіне алмақпыз, сонда ғана оның картинасы анық әм қанық шықпақ. Бір әділет я ақыл деген түсініктердің ішіне қаншама дүние сыйып кетеді, сол сыйымдылығымен де концепт тектес мазмұнға бай, құнарлы, қуатты келеді. «Өлеңді көркем проза биігіне көтере талдаудың тамаша үлгісі – «Жұмбақ жан» деп Тәкен Әлімқұловтың шынайы бағасын асырған профессор Құлбек Ергөбекке («Жұмбақ жан – 2») ерекше риза болдық. Сол «Жұмбақ жанда»: «Абай Құнанбаев сынды ұлы ақындардың мағынасы терең мұрасы бір кезеңнің, бір дәуірдің еншісінде қалмайды. Оған ауыспалы ұрпақтар өз көзқарасын білдіріп өз бағасын бере жатады. Мазмұнды өмірбаянның, мәнісі творчествоның қыры мен сыры дәуірлердің барысында ашыла түседі» деп жазылған. Хакім хақында ой қозғайтын жастар туатынын, шығатынын сезген Тәкен де*

данышпан ғой, шіркін. Өзі зерделеп жүрген философияны каноника, физика және этика сықылды 3 бөлікке бөліп қарастырған Эпикур «қайтсе адам бақытты болмақ? Бақыт деген не?» деген сұрақтарға ғұмырбақи жауап іздеп өткен ғой. Этика дегеннен шығады, конфуциандыққа (Конфуцийдың этикалық-философиялық ілімі) жүгінетін Қытай, Корея, Жапония, одан еш жамандық көріп жүрген жоқ. Ұлттық идеологияны сабылып, әр-әр жерден іздеп жүрміз, Абайдың әдеби мұрасына зер салсақ, сонда бәрі рет-ретімен тұрғанын байқаймыз да, алайда көрмеген сыңай танытамыз. Алысқа шауып арамтер болу – орынсыз қылық.

*«Басында ми жоқ
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл, кердең наданның.
Көп айтса, көнді,
Жұрт айтса, болды.
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз»*

Не:

*«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық»*

Хакімнің сыншылдық ойы кей шақта Канттың «таза ақыл сыншылдығы» ұғымымен (Абайша айтқанда «нұрлы ақыл») толығымен болмаса да үндестік табатынын ұғамыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы, әдебиеттанушы Жаңғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» атты еңбегінде бұй делінген: «Абайдың ақындық дүниетанымы жүйесінде ақыл, қайрат, жүрек тән мүшелерін сыпаттамайды, адамның ішкі мәнінің қасиеттерін білдіреді. Тән – адам болмысының көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын сыртқы қауашағы. Адамның ішкі мәнін көзбен көру, қолмен ұстау мүмкін емес. Оны арабша «нәфсі», парсыша «жан», «діл», «рух» деп те атайды. «Діл» сөзін қазақ тіліне тікелей аударғанда, «жүрек» ұғымы шығады. Ол Құран Кәрімнің аударылған мағынасы мен түсінігінде «орныққан нәпсі» (Х. Алтай) [89:27], «обретшая покой душа» (Э.Р. Кулиев) [89:27], «покоившаяся душа» (Г.С. Сабдуков) [89:27], «ничем не омраченная душа» (И.В. Порохова) [89:27], «душа успокоившаяся» (Абдель Салам аль-Манси, Сумайя Афифи) [89:27] ретінде аталса, философиялық еңбектерде «есті жан» делінеді. Адамның сыртқы болмысы мен ішкі мәні туралы арнайы әдебиеттерде осы аталған ұғымдар бір сөзбен беріліп, солардың бәрінің мәнісін қамтитын бір ұғым ұсынылады. Ол – жүрек». Ғұламаның «Қара сөздері» мен өлеңдері мазмұнға бай, мәнге толы. Мазмұн да, мән де – дерексіз нәрсе. Абстракция. Оны ми қызметінің операциялары, сезім мүшелері мен түрлі қасиеттер негізінде ғана тани алмақпыз. Екеуін көзбен көріп, қолмен ұстамаған жағдайда да сезе, сезіне

аламыз. Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ пен талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Қайсысына басымдық берілсе, сол – доминанта. Жақсылыққа бет бұрсақ жақсы боламыз, жамандықтың жалына жармассақ жаман атанамыз. Бұл – қарапайым формула, бұрнадан бергі өмір заңдылығы, баршаға аян классификация: жаман мен жақсы, жақсы мен жаман...

Абай шығармаларының үзіндісі әркімнің үйінде ілулі тұру керек, бұл көбіне-көп басқару органдарына қатысты. Шешімтал тұста хакім өлеңдерінің мәніне үңілсе, оқыса, күрмеулі мәселе де өз шешуін табады деп ойлаймыз. Бүгіндері тең құрбыларымыз, қанаттас-қатарластарымыз жеңіл ақша тапқанына желпініп жүргенін байқадық. Кәсіп бастап, тез байығысы келетін ұқсайды. Дұрыс қой, қарсы емеспіз. Өссін, өркендесін, тілекшіміз. Десек те, бұл руханияттан, бай мәдени мұрадан нәр алған кәсіп болуы керек. Сонда ғана ол қайырлы болмақ, сонда ғана қайырымды жан көбеймек, бұны макроэкономикада «қайтарымды капитал» деп атайды. Абай көтерген проблематика қай кезде де өзекті. Себебі, автор универсалды, адам баласына ортақ рухани кеселдерді сынайды. Адам жаны – Құдай мен Ібілістің майдандасатын орны, айқасқа түсетін алаңы. Алла жеңсе, тазарасың, имандылыққа бет бұрасың, екіншісіне ерік берсең құрдымға кетесің, таңдау еркі – өзінде. Қараны – ақ, қараңғыны – жарық, жаманды – жақсы етіп көрсетіп, алдарқататын Әзекең – Әзәзіл емес пе?! Кісіге берілген, әрі Ақылға бас иген ерік, еркіндік, тәуелсіздік дәп осы тұста бас көтеруге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Евразия – космос кочевника, земледельца и горца. – М.: Институт ДИ-ДИК, 1999. – 10 с.
2. Рапай К. Культурный код: как мы живем, что покупаем и почему / перевод с английского У. Саламатова. – М.: Альпина Паблишер, 2015. – 77 с.
3. Абишева С. Д. Поэтический мир М. Макатаева: Монография. – Алматы, 2018. – 152 с.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Қара сөздер / Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020. – 218 б.
5. Шарден де Т.П. Феномен человека. М.: Наука, 1987. – 227 с.
6. Энциклопедия символов, знаков, эмблем. М.: Локид-Миф, 1999. – 226 с.
7. Кондыбай С. Казахская мифология: Краткий словарь. Алматы: «Нурлы Алем», 2005. – 178 с.
8. Шығыс символизмының нциклопедия восточного символизма. Составитель К.А. Вильямс. М.: АДЕ «Золотой век», 1996. – 57 с.
9. Ковтунова И.И. Поэтический синтаксис. М.: Наука, 1986. – 65-65 с.
10. Пастернак Б.Л. Избранное. В 2-х т. Т. 1. Стихотворения и поэмы. М.: ХЛ., 1985. – 174 с.
11. Ахметов З. Казахское стихосложение (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии). Алматы: ARDA, 2012. – 425 с.
12. Каирбеков Б. Мир кочевья. Мифы великой степи. Казахский этикет. Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры, 2014. – 154 с.
13. Савельева В.В. От художественного текста к художественному миру. Теория. Методика. Практика. – Алматы: Фонд ХХІ век, 2000. – 27 с.
14. Толысбаева Ж.Ж. Трансформация жанров современной поэзии Казахстана. Монография. – Алматы: «СаГа», 2010. – 21 с.

АБАЙ МЕН МҰҚАҒАЛИ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫНЫҢ ҮНДЕСУ СИПАТЫ

Қазақ поэзиясында шығармаларының өзіндік сипатымен, стильдік ерекшелігімен, дара суретімен, ғажап үйлесімімен орын алатын қос тұлға – Абай және Мұқағали. Абай Құнанбайұлының поэзиясын және өлеңдеріндегі өзіндік дәстүрді бүгінгі күнге дейін Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен жалпы шығармашылығынан іздеп келгеніміз анық. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінен Абай лирикасының жалғастығын, дәстүрлер үндестігін зерттеу- бүгінгі қазақ әдебиетінде зерттеле қоймаған өзекті мәселе. Абайдың ақындық талантының ашылып- дамуына жағымды әсер еткен халық ауыз әдебиетінің сарынын біз Мұқағали өлеңдерінен де байқаймыз. Ақын жырларының қайсыбірін оқып отырсақ та, ақынның ұлттық болмыс, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық салт-дәстүрді ұлттық құндылықтың шырқау шыңына шығарып қоятынын байқаймыз. Нағыз ақын үшін ұлттық болмыстың бастау алар көзі – тіл. Ал ақын өлеңдеріндегі тілдік ерекшеліктер, айрықша бояу, өзгеше реңк қазақ халқына тән ұлттық рух пен мінез құлықтың көшірмесіндей, оған сіңіп қалғандай сипатта танылады. Көркем сөздің, поэзияның өзі бастауын ана тілден, таза, асыл, мінсіз сөзден алса, бұл айтылғандардың барлығы Абай поэзиясында да анық аңғарылады. Екі ғасырда өмір сүрген ақындардың өлең-өмірде көтерген тақырыптары да өзара ұқсас болып келеді. Мұқағали өлеңдерінде философияның, ғұламалар ойларының әуендері жиі ұшырасады. Ал осындай өмірлік философия ұлы Абайдың поэмаларында жиі кездеседі. Махаббат, саяси, табиғат лирикасы, ода жанры тұрғысынан алып қарасақ, қос ақын жырларында сыршылдық сарын, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын және қоғамдық құбылыс сипатын танытатын философиялық ой-тұжырымдардың берілуінен де ұқсастық байқауға болады. Екі ақынның стильдік қолтаңбасынан, өлеңдерінің құрылымдық жағы мен көркемдік тәсілдерді сәтті қолдануынан да өзара үйлескен ұқсастықты байқаймыз. Тіпті ұйқас, шумақтар арасындағы үйлесімділік жағынан ұқсастық аңғарылады.

Мұқағали философиясы өз арнасын Абай сынды ұлы бастаулардан алған. Осы ретте Т.Ахметжанның: «Мұқағали – үлкен философ ақын. Мұқағали философиясын түсіну үшін Абай философиясын бойымызға сіңіре білуіміз керек», -деген сөзін есте ұстаған абзал [1,102].

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас

кезеңінде Абайдың ақындық дәстүрі мектебінен өтпеген, одан үлгі алмаған ақын-жазушы, көркемсөз шеберлері кемде-кем.

Сөз басында айтқандай, Абай – өлеңге ебі бар жастарды «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп, өнеріне көңілі толғанын ақын етіп тәрбиелеп, сол талаппен ақындық мектеп қалыптастырған ұстаз. Абай жасаған керемет поэзия, тамаша өлең -картиналар – әлі көп замандарға қызмет етерлік, тәлім берерлік құрал, көркемдік үлгі.

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі, Абай мектебі қалыптасты. Өткенімізге ой жүгіртсек, Абайдан үйренбеген, оны ұстаз санамаған ақын-жазушы жоқ екені анық.

XIX ғасыр ақыны Абай болса, Абайды ұстаз тұтқан Мұқағали XX ғасырда «Ғасыр ақыны» атағына ие болған. «Мен дағы өлең жазбаймын» деген өлеңінде ұлы Абайдың үлгісімен жазуды өзіне мақсат еткенін ашық айтады:

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден, – дейді.

Мұқағалидың қазақ лирикасының Абайдай алыбын үлгі тұтуы өте орынды. Ұлы Абайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік мектебі бар. Мұқағали осы мектептің бір түлегі ретінде оның Абайша ойлап, Абайша жыр бұлағын төгілдіруі, парасатты тұжырым жасауы заңды [2,55].

Абай өлеңнің «Бөтен сөзбен былғанбай, тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиюін қаласа, Мұқағали қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, реалистік тұрғыда оның құдіреттілігін танытты. Мұқағалидың «Қазақтың қара өлеңі – құдіретім, онда бір сұмдық бар естілмеген» деп, Абайша поэзия тереңіне бойлай түскісі келгенін байқаумен бірге, Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінің Мұқағалимен үндестігі барлығын таныдық. Әрқайсысы бір-бірінен бөлек екі кезеңде өмір сүрген ақындардың жүрегі бізге ортақ сыр шертіп тұрғандай сезімге бөлейді. Өзімен бірге қайғыртып, ой тұңғиығына сүңгітеді. Бұл ұлы адамдардың рухани үндестігін, жан дүниелерінің іштей бір-бірімен қабысып жатқандығын байқатады.

Ақын М.Мақатаев:

Жалғасы бар,
Жырымның жалғасы бар.
Жырларым, жылдарменен
Жалғасыңдар! – деп жырласа,
Ұлы Абай:
«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін», - деп, екеуінің арасындағы рухани үндестікті танытады. Ал Мұқағали ақын Абай айтқан құнды тұжырымды негізге ала отырып, ойды былай жалғастырады:

«Өлмеу үшін – құлқынды жемдеу үшін,

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін».
Пейзажды, табиғаттың сұлу көрінісін танып-суреттеуде Абай:
«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп» деп жырласа,,
Мұқағали: « Ұялып барады өтіп бұлақ болса,
Бұйығып үн қатпайды жылан ғана.
Баланың маңдайынан сипалаған

Дірілдеп айдан тамған шуақ қана» деп, адам мен аспандағы айды байланыстыра суреттейді.

Абай: Адамдық міндетті тануда: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», - десе, Мұқағали: «Хақым жоқ жаман болуға, жұрт мені, жақсыдан қалған көз», - дейді.

Ал рухани үндестікте ұлы Абай өз сөзін былай жалғастырады:

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма».
Бұл мәселеде Мұқағали жауабы да ұқсас:
«Жақтасаң да, өзің біл даттасаң да,
Соттасаң да, еркің бар, ақтасаң да.
Мен де жұмбақ адаммын оны да ойла,
Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да» деген.

Имандылықты жырлауда Абай толғанысы былай өрнектеледі:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
Көп кітап келді Алладан оның төрті
Алланы танытуға сөзі арылмас.
Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер,
Жарлықпен ол сөздерге, сіз де оларға...»

Ал Мұқағали тұжырымы :

« Дін – ғылымның анасы,
Дін – ғылымның әкесі.
Ғылым да бар, дін де бар,
Қоқыс та бар, гүл де бар.
Адам ата өлмесін,
Қол қусырып Құдайға

Ғылым мен дін бірге бар» сипатында айтылып, адамзатқа өмір тілеп, ғылым мен діннен, алдағы күннен үміт күтіп, болашаққа жол сілтегені баяндалады.

Абайдың махаббат лирикасында қыз бейнесін көркем бейнелеу, әсерлі

жеткізу орын алған. Біз үшін Абайдың ғашықтықтың, сезімнің бейнесін суреттеуі махаббат объектісін поэтикалық идеализациялаудың сопылық канондарына толық сәйкес келуі басты мәнге ие. Сонымен бірге Абай идеалды сұлудың абстрактілі бейнесін емес, ұлттық үлгіге сай келетін қазақ қызының портретін жасайтынына назар аударған жөн деп ойлаймыз.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?
Аласы аз қара көзді айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей - ақ.
Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,

Шымырлап бу енеді сүйегіңе [3, 125]. Бұл нағыз қазақ тұлуының портреті мен түр-тұлғасын танытатын ұлттық бояуға толы көркем сурет деп есептейміз.

Ұлттық-поэтикалық және шығыс бейнесінің элементтерінің мұндай үйлесімі Абай шығармаларына өзіндік, қайталанбас рең береді. Ұлттық эстетика мен идеализация қағидаттарына үлкен бейімділікпен «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» поэмасында сұлу бейнесі жасалып, көркем бейненің элементтері, кейіпкер портретінің бейнесі сөз бояуы арқылы сәтті жасалған.

Абай жырларындағы осындай дәстүрді Мұқағали ақын да өз кезеңінде жалғастырды. «Дариға жүрек» атты поэмасындағы қыз бейнесін сипаттау тәсілі, көркемдік шеберлік әдістерін қолдануында Абай қолтаңбасы аңғарылады:

Жолбарыс бақай білегі,
Құлан жон жанның бірі еді.
...Қос уыс бұрым арқада,
Қос жылан болып жүреді.
Егіз шың тұрған кеудеде,
Еңістің жатыр сілемі.
Қос жанар бірден жалт етсе,

Жарқ ете шыққан күн еді, - деп, ару қызды өзгеше қазақы болмыспен суреттеуі ұлы Абайға еліктеуден туған өлең жолдары.

Қарасаздың ақиық ақыны Мұқағалидың көктем мезгілін суреттегенде Абайдың үлгісін қолданғаны аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсастығымен таңғалдырады. Мұқағали Абай дәстүрін

жалғастырғанымен өзіндік суреткерлік шеберлігі анық байқалып тұрады. Әрине, қос ақынның тақырыптық идеясы ортақ, дегенмен бейнелеу, суреттеу әдістерінің екі түрлі екені көзге анық байқалады. Ақындықтың классикалық үлгісін таныта білген қос ақын көктемді өмір мен тіршіліктің басы деп философиялық тұжырымын танытумен қатар, жыл басы-көктемді бірі күйеу мен қалыңдыққа, екіншісі қыз бен жігітке теңеп, метафоралық қолданысты сәтті пайдалана білгенін байқаймыз.

Абайдың «Жазғытұры» деген өлеңімен Мұқағалидың «Қырқада, ойда, бөктерде» деп басталатын өлеңдерінің шумақтармен салыстырып көрер болсақ, екі ақынның көктемгі табиғатты көркем образды сипаттамамен бере білген өзара үндестігіне куә боламыз. Ақын Абай:

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду – ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.
Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар,- [3, 120-121] деп жырласа, Мұқағали:
Бұлақтың көзі ашылып,
Бұлдырап келді жылғаға.
Құнанның жалына асылып,
Қуанып, күліп тұр бала.
Жапанды естен тандырған,
Көктем бе, мынау – той ма бұл?!
Аймақтың бәрі жаңғырған,
Оркестр тартып қойлы ауыл.
Естілмей үні бар маңға,
Құстар да естен танған-ды.
Ұқсайды жаулап алғанға,
Жас төлдер мына жалғанды.
Жан – жақтың бәрі жаңғырып,
Жасарып кетті ой да қыр.
Биеден шампан алдырып,
Той жасап жатыр қойлы ауыл, – [4, 10-11] деп суреттейді.

Қазақтың осындай екі мықты ақынының көктемді жырлауында малдың төлдеуі, әнші құстардың сайрауы, гүл мен ағаштың майысып гүлденгені, ой мен қырдың ерекше құлпыруы, жылғалардан сылдыр қаққан бұлақ суы – бәрі бір-бірімен толық үндесе отырып, табиғаттың тамаша сөз-картинасын көз алдымызхға әкеледі. Зерделей түсер болсақ, көктем мезгілінің көрінісін Мұқағалидың Абайдың үлгісімен суреттегені көзге бірден аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Қанша десек те, Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өз шеберлік, өз суреткерлігімен жырлағаны байқалады. Мұнда Абай мен Мұқағалидың тақырыптық идеясы

бір екенін көреміз. Бірақ бейнелеу, суреттеу әдістері екі түрлі.

Абайдың «Жазғытұрғы» деген өлеңі мен Мұқағалидың «Жайлауға барар жолда» деген өлең жолдарының ұқсастығын, жайлау суретінің бейнелеу тәсілдеріндегі үндестік жақтарын өлеңдерді салыстыра зерттеу барысында анық аңғарамыз.

Хан тәңірінің ақиығы Мұқағали өз өлеңінде:

Иір – қиыр сайларда,
Ирек – ирек із қалған.
Аққан бұлақ жайлаудан,
Атқылайды құз – жардан.
Самал сүңгіп шалғынға,
Қыр өртеніп, гүл жанған.
Кәрі таудың алдында,
Кәрі жартас сұрланған.
Ойдым – ойдым қырларда,
Орман шашын тараған.
Белде сағым ойнауда,
Лақтырып орамал.
Құлай жаздап құсадан,
Құз – жартастар шаққа тұр.
Таздың басына ұқсаған,
Шыңның басы тап – тақыр.
Айналаңның бәрі өлең,
Бәрі де гүл ашылған.
Тұнжырайды кәрі емен,

Жапырағы шашылған, - [4, 25] деп, табиғаттың әсем бейнесін ұсынған. Осы жолдарда жоғарыдағы Абай айтқан ұзарып өсіп толған көкорай шалғын мен бәйшешек, күркіреп жатқан өзенді тағы да көреміз, ақынның суреттеу шеберлігіне еріксіз таңдй қағамыз. Ал Мұқағалидың ой дүниесімен, жүйрік қиялымен берілген ойдым – ойдым қырлар, жапырағын айқара жайған тал – қарағайлар, самал жел, таудың өткір шың-құзы- айнала төңірек жайлауда жүрген жаны сергек, сезімтал жанның көре алатын табиғат тамашалары екенін аңғаруға болады. Бір қызығы - Абайдың өлеңінен Мұқағалидағы табиғат көрінісін көре алмаймыз. Бұл арада екі ақынның өзіндік суреттеу шеберлігінің бөлектігін сезіп-білеміз. Абайдың пейзаждық лирикасында сөз суреті ашық, жанды, бояуы қанық және алуан түрлі болып келеді. Ал Мұқағали ақынның табиғат лирикасын суреттеуде айналадағы әр құбылыс пен пейзаждық ерекшеліктерге мән беріп, олардың өзіндік келбет-бейнесіне сай жырлағаны байқалады. Мұқағалидың сезімтал жүрегімен суреттелген жаратылыс келбеті оның жүрдек ой-толғанысымен, көркем образды сөздерімен қабысып, гармониялық бірлікте сабақтаса берілгенін байқаймыз.

Оқып көрелікші:

Ас артынан, алдыға шұбат келді,
Біреу татып, біреулер сынап көрді.

«Қызылқұмның» қиылып қыз – келіні,
Шұбат емес, бір шара шуақ берді.
Ақбоз үйдің есігі айқара ашық,

Гулесуде жігіттер тайталасып [3, 66], - деген өлең жолдары ұлы Абай айтқан жайлаудың төсінде, қазақ үйдің ішіндегі жарасымды жиынның көңілді сәттерін, сұлудың ұсынған шұбатын тамсана жұтқан әсерлі кезді көз алдыңа әкеледі. Жаздың жанға жайлы сәттерін өте әсерлі етіп бере білгені байқалады.

Табиғат лирикасына жазылған Мұқағалидың өлеңдері көп. Ақын туып – өскен қазақтың табиғаты әсем жерлері-Шәлкөде, Айқайтас жайлауы мен Қарасаз- әр адамға шабыт беріп, көкірегіндегі өлең-өмірді оятатын тамаша жайлау, берекелі қоныс қой. Бұндай керемет табиғатты жырламау, оған сыршыл өлең арнамау күнә іспетті. Осындай керемет таңғажайып табиғат баурайында өскен Мұқағалидың сыршыл, жаны нәзік, рухы биік, сезімтал, талантты болмауы неғайбыл еді, себебі «тау баласы тауға қарап өседі».

Мұқағали поэзиясында табиғат пен адамның көңіл-күйі, сезім-толғанысы біртұтас түрде гармониялық бірлікте жырланады. Мұқағали адамдар тіршілігін табиғаттан бөліп алып жырламайды, табиғатпен бірге сабақтастыра сипаттайды.

Мұқағали лирикада жан дүниесін, сезім-толғанысын, ой-тұжырымын танытта білді. Оның лирикасы өз бояуымен, ерекше реңк түсініктерімен қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған көркем құбылыстың кірпішін қалап, өзіндік келбетін танытты. айналады. Оның әрбір жырынан ұлы Абайдың жыр жазу үлгісін байқай отырып, өз әлемін де жасап кеткенін сезіп-таныдық. Абай мен Мұқағали поэзиясының сабақтастық дәстүрін ақындардың келесі өлеңдерін салыстыру арқылы дәйектейік.

Мұқағалидың «Сәуірде» деп аталатын өлеңін кешігіп жеткен көктемнің көрінісін Абайдың «Қыс» өлеңі үлгісімен керемет бере білген. Егер Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды [3, 71], - деп, қысты адам бейнесінде әрі кәрі құдаға ұқсатып суреттесе, Мұқағали қысты қырсық кәрі шалмен байланыстырып, қыс-кәрі шал мен көктем-жас жігіт бейнесінде алып сипаттайды.

Сәуір туды, жас жігіт бұйығы әлі,
Қатал қыс әлі әмірін бұйырады.
Төрінен көрі жуық кәрі шалдың,

Қолына су құяды, қиылады [4, 47], - деп жыл мезгілдерін адам келбетінде алып жырлайды.

Абайдың қыс мезгілін суреттеуі, Мұқағалидың қыс пен көктемнің алмасу кезеңін салыстыра жырлауы екі ақынның дәстүр жалғастығы мен суреттеу шеберліктерінің үндесуін де анық аңғартады. Олай болса, Абай мен Мұқағали лирикасында үндестік пен дәстүр жалғастығы бар екені даусыз.

Абай мен Мұқағали шығармашылығына үңіліп, жырларының мазмұндық және поэтикалық сипатына мән берсек, олардың ақындық талантының, суреттеу шеберліктерінің, поэтикалық сезім күйлерінің берілу сипатының ұқсастықтарын әдеби тұрғыда салыстыруға мүмкіндік туады. Қос ақынның туындыларын оқып, сөз қоданыстарын, жүректің қылын шертер лирикалық өлеңдерін зерттесек, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақынымыз Абайдың поэтикалық және лирикалық дәстүрі нәзік сезімді жырлаған, ақиық ақынымыз Мұқағали поэзиясынан да орын алғанын бақаймыз. Бұл сан жылдар тарапында ескірмей, өз жігін сетінетпей, берік сақталып келе жатқан дәстүрді тудырушының да қазақ өлеңі үшін орны тым ерекше екендігін дәлелдейді.

Мұқағали – ұлы Абайдың ойшыл, оптимистік және гуманистік көзқарасын жалғастырушы ақиық ақын. «Жасырмай ойымды айттым талай-талай, Қайтейін кетті бәрі қарайламай. Айтарын ашып айтқан абайламай, Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!»-деп жырлап өтіп, өзінен кейінгі күллі қазақ баласы мен өлең даласына ұлы қаламгердің өлең-үнін қалдырған Мұқағалидай ақынның Абайдың өлең-өрнегінде орны бар екенін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймұратова Ж. Лирикалық бейне жасаудағы көркемдік ізденістер. // Көкейкесті әдебиеттану. Сегізінші кітап. - Астана ЕҰУ, 2008. - 412 б.
2. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. Алматы. Қазақ университеті, 2001.-187 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалар.–Алматы: Жазушы, 1968, т.1, - 240 б.
4. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Төрт томдық. – Алматы: Жалын, 2001. - 448 б.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының оқытушысы
Ұлжан БАЙЛИЕВА

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕК КОНЦЕПТІЛЕРІ (ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ)

Абайдың толғаныстары мен қағидалары жайлы М.Әуезов: «Абай адамгершілікті, моральдық философиядан да жоғары қойды», - деген [9,176].

Абайдың «толық адам», «кемел адам» атану жайлы тақырып қозғағанда адамгершілік біздің негізгі тірегімізге айналады. Ал, «толық адам» үшін қажетті ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің негізгі қолданылуын, ақын шығармашылығында алатын орнын, мақсатын мен жеткізер мұратын білу – әр қазақтың міндеті. Абай салған «кемел адам» ілімінің түп негізіне жетіп, оны қазақ пен төрткүл әлем санасына сіндіру адамзатты рухани таза жолға бастайды.

Қазақ ағартушыларының қатарында Абай – адамгершілік, рухани тазару және тәрбие міндеттерін маңдай алды орынға қойғандығымен ерекше. Оны «қазақтың бас ақыны» еткен ақындық дарынның бар күші, ағартушылығының бар қуаты тікелей һәм жанама осы міндетті орындауға бағышталды. Абай өз айналасынан надандықты, рухани мешелдікті, адам табиғатына тән жиіркенішті қылықтарды көп көрді. Рухани азғындықты ауыздықтаудың жолын, жақсылық пен ақыл-сезімнің салтанатын Абай еңбек пен оқудан көрді [10,87]. Ұлттың бітім-болмысын Абай Құнанбаевтан артық қорғаушы да, қамқоршы да табылмайды. Абай ұлттың тіл ерекшеліктерін, басқа да көптеген мәдениеттің тілдерімен бір ырғаққа келтірді [10,102].

Абай шығармаларындағы ақыл, қайрат, жүрек сынды терең байланысқан концептілерді, тұтас ойлар мен ұғымдарды аудару барысында олардың әрқайсысының мазмұнын, білдірер мағынасын, бір-бірімен байланысын, құрылымдық жүйеде атқарып тұрған негізгі қызметін, көлемін анықтап алу ерекше маңызды. Бұл концептілердің бірін алып тастауға, аудармай түсіріп кетуге, бөтен сөз немес ой қосуға, қызметтерін бір-біріне ауылтыруға әсте болмайды. Абай жырлаған «сырты күміс, іші алтын» болар аудармалар әлі де жоқ. Мақалада келтірілген түпнұсқа мен аударма нұсқалары арасындағы сәйкессіздіктер мен алшақтықтар мағына, мазмұны жағынан сарапталды. Абай өлеңдеріндегі басты принцип – толық адам концептісіне сай ақыл, қайрат, жүрек концептілерінің орыс, ағылшын тілінде берілуі, нақты, тура мағынада аударылуы, тұтастай тармақ, шумақтардың дәлдігі мен ақыл, қайрат пен жүректің атқаратын маңызды рөлі қарастырылды. Абай шығармаларында ұлттың мінез-құлқы, асыл мұраты мен ойлау айырмашылықтары, ерекшеліктері көркем түрде сипатталады. Сондықтан, ақын туындаларының өзге тілдерге аударылуының негізгі қиындықтары келіп шығады. Қазақ тілінен орыс тіліне немесе керісінше аударма жасаған сәттегі қиындық – екі тілдің әртүрлі тіл топтарына жататындығы. Бұған қоса, автордың өзіндік айшықтары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Ақынның дүниетанымдық көзқарасы, әлемді танудағы ұлттық бейнеліліктер мен байлықтарының мағынасы терең болған сайын, оны аударма бере алу соғұрлым қиындай түседі. Алайда, Абай секілді көркем аударманың ұлы шеберінің үлгісі болашақта шығармалары орыс тілінде туған тілінің дәрежесіндей сайрайтыны үміт пен сенімдік ұялатады.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі *ақылсыздығынан* азбайды, *ақылдың* сөзін ұғып аларлық *жүректе* жігер, *қайрат*, байлаулылықтың жоқтығынан азады [1,89].

Казах ведь тоже дитя человеческое. Многие из них сходят с пути истины

не от *недостатка разума*, а от того, что не имеют в сердце мужества и стойкости, чтобы принять советы *умного* и следовать им [1,252].

Казах тоже человеческое дитя, и ему, как и другим людям, свойственно ошибаться. Но заблуждается он не потому, что *глуп*, а потому, что ему не хватает твердости внять голосу *рассудка*. Сердце виновато [2,40].

Казах ведь тоже дитя человека. Он совершает зло не от *глупости*, не оттого, что у него нет *разума*, а оттого, что в сердце его нет той твердости, которая позволяет выполнить повеление *разума*.

Indeed, the Kazakh is also a child of mankind. Many of the Kazakhs stray from the path of truth not through any *deficiency of reason* but because they lack the courage and *staunchness* in their *heart* to accept and follow *wise counsels* [1,418].

14 қара сөз Абайдың өсиетінде адамның ақылсыздығынан емес, ақылдың сөзін ұға алатын жүректегі қайраттың жоқтығынан азатындығын айтады. Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаеваның аудармасында «принять советы умного и следовать им» - «ақылды адамның кеңесін қабылдап, ізімен жүрер» деген мағынада тәржімаланған. Түпнұсқадағы жігер, қайрат, байлаулылық бірліктері аудармада «мужества и стойкость» эквиваленттерімен аударылған. Тәржімада «ақылсыздық» сөзін – недостатка разума, яғни ақылдың жетіспеушілігінен деген мағынада берілсе, С.Санбаев нұсқасында «глуп» - «ақылсыз» бірлігімен тәржімаланған. Екінші нұсқа аудармасында ақын айтпақшы, жүректегі қайраттың жоқтығынан ақыл сөзді ұға алмау емес, ақылдың айтпағына сенудегі табандылықтың жоқтығынан дейді. «Сердце виновато» - жүректің кінәлі екені көрсетілгенімен, автор ойының толықтығын, мағынасын жеткізбеген. Ал, В.Шкловский аудармасындағы «ақыл сөзін ұғына алмау емес» - «ақылдың жоқтығынан» мағынасында берілген, ақылдың бұйрығымен жүретін жүректегі қайраттың жоқтығын айтады. Бұл Абай ойына қарсы шығады, ақыл, қайрат, жүректің байланысының маңыздылығы автор принциптерінің басты өзегі, ал аудармадағы бұндай қателіктер автордың айтпақ ойын бұзады. Аударма нұсқаларында «қайрат» концептісі мужества, стойкость, твердость бірліктерімен берілген. Қайрат концептісінің негізгі «сила» бірлігімен салыстырсақ, семантикалық мағынасына байланысты түрлі бірліктермен берілген. Ағылшын тіліндегі аударма нұсқасы орыс тілінен тікелей сатылы аударма арқылы тәржімаланған. Жүректегі жігер мен қайраттың болуы керектігі арқылы жүректің қайратты бсқаратындығы тағы да көрінеді. Жүрек өз бойында қайраты болмаса, ақылдың сөзін ұғына алмайтындығы айтылады. Орыс тілінде «стойкость» - табандылық, төзімділік мағынасында аударылса, ағылшын тілінде сатылай аудармаға байланысты «staunchness» эквалентімен тәржімаланған.

➤ Ақыл – артық ақыл, ақылдың ең жоғарғы дәрежесі

Ол айтты: - Тахқиқ бұл айтқаныңның бәрі рас, жаратушы артық ақыл иесі	- Верно все, что ты говорил,- ответил ученик,- ясно, что Создатель обладает поистине великим разумом [2,273].	“You have spoken truly, master,” replied the pupil. “It is clear that the Creator possesses
--	---	---

екендігі мағлұм болды [1,109].	- Все, что ты говорил,- истина, - заметил ученый.- Повторяю, я согласен с тем, что создатель является носителем <i>высшего разума</i> [2,76].	<i>sublime intelligence</i> [1,438].
--------------------------------	---	--------------------------------------

Абайдың жиырма жетінші қара сөзінде Сократ пен оның Шәкірті Аристодемнің ақыл, Жаратушы ие туралы ой қозғаған диалогі жайлы айтылады. Абай Сократ іліміне, дүниетанымдық көзқарастары мен қағидаларына көп көңіл бөлген. Берілген нақыл сөзінде Алла Тағала адамды барлық жаратылыс иесінен ерекшелеп, үлкен сыйы ретінде ақылды берген. Ал, жаратушы ақыл берсе, оның ақылы барлық ақылдан, санадан жоғары, артық ақыл иесі екендігіне көз жеткізеді. Міне, ақылдың ең биік дәрежесін артық ақылды Сократ пен шәкіртінің пікірталасы арқылы жеткізе білген. Аудармада «артық ақыл» - орыс тілінде «великий, высший разум» деп берілсе, ағылшын тілінде «sublime intelligence» - биік интеллект, асқақ зерде бірлігі арқылы берілген. Ағылшын тіліне орыс тілінен сатылай аударма жасағандығын ескеретін болсақ, «разум» мен «интеллект» концептілері салғастырылады. Интеллект – жаңа жағдайларға дағдылану зеректігі, жаңа білімді тәжірибе барысында ұғыну, абстрактілі концепцияларды түсіну мен қоршаған ортаны басқару үшін өз білімін қолдану алу қабілеті; білімге деген құштарлық пен қабылдау, сезіну, жады, ес, ойлау, қиял секілді танымдық қиындықтарды еңсеру. Интеллектуал деп – ақылы көп, білімді, аналитикалық ойлау қабілетке ие адамды айтамыз. Міне, бұдан ағылшын тіліндегі «intelligence» концептісінің мәні түсіндіріледі. Яғни, аудармада дәрежесі жоғары, адам ақылы жетпейтін артық ақылды интеллект концептісіне сәйкестендірілгендігі келіп шығады.

➤ Ақыл – көздегі ақыл

Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір *ақылы көзіндегі* ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек [1,147].

Стараются выставить себя напоказ, как на торгах, вызывают зависть у глупцов, чей ум только в глазах [1,309].

Such persons are eager to show off, as if they were in the market place, and they arouse envy amongst fools whose wits are only in their eyes [1,470].

Ақынның отыз сегізінші қара сөзі – Абайдың өсиет сөздерінің ең маңызды, терең мәні бар ой байламдары айтылған сөзі. Автор ақылы көзіндегі ақымақтар дегені – көрбен көріп қана шешім қабылдайтын, ойдың байыбына бармай, тек үстіртін ойлайтын адамдарды меңзеп тұр. «Ақымақтың ақылы көзінде» мақалын негізге ала отырып, автор өзін көрсетуге талпынатын, екіжүзді адамдардың тірліктері жайлы сөз қозғайды. Орыс тіліндегі аудармада бұл тіркес «ум только в глазах» деп сөзбе-сөз тәржімаланған. Орыс тілінде «ум в глазах» тіркесі кездесе бермейді. Дегенмен, тікелей аударма жасау арқылы концепт ағылшын тілінде «wits» концептісімен берілген. Қазақ тілінде wits – тапқырлық, ұшқыр ой мағынасына ие, орыс тіліне – остроумие бірлігіне

барабар. Wit – mental sharpness and inventiveness; keen intelligence, яғни менталды ой ұшқырлығы мен жасампаздық; тапқыр интеллект мағынасын білдіреді. Бұдан, ағылшын тіліндегі «wits are only in their eyes» - ұшқыр ойы тек көзінде ғана деген аударманы аламыз, демек ағылшын тіліндегі нұсқада ақыл концептісінің өзін ғана емес, оның ұшқырлығын да көрсеткен. Жалпы, түпнұсқа мен аударма нұсқалары адекватты, эквивалентті, автор стилі, семантикалық талаптары толықтай сақталған.

➤ Ақыл – хакім ақылы, биік ақыл

Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз - өлшеулі [1,131].	Даже мудрейшим из <i>мудрых</i> не разобратся в его деяниях, не то чтобы постичь внутреннюю сущность его природы. Аллах всемогущ, наши <i>возможности</i> ограничены [1,294].	Even the wisest among the wise will never understand the inner meaning of His deeds, let alone the essence of His nature. Allah is almighty, but our powers are finite [1,457].
--	---	---

Әлемді, жаратылысты тану туралы Абайдың отыз сегізінші қара сөзі немесе «Тасдиқ» деп аталған құнды шығармасында ақыл концептісінің тағы бір қыры ашылады. Ең алдымен, хакім сөзінің этимологиясына үңілсек, араб тілінен енген, түрлі ғылымды меңгеріп, білім арқылы адамға қызмет ету бағытын ұстанған ғұлама, данышпанды айтамыз. Орта ғасырларда даулы мәселелердің әділ бағасын беретін төрешілерді хакім деп атаған. Абай өсиет сөзінде ең алдымен, хакім ұғымы мен хакім ғұламаларды жан-жақты талдап, мағынасын ашып көрсетеді. Абайдың талдауы бойынша, адам бойындағы адамгершілік қасиеттер ең бірінші, пайғамбарларға, әулиелер мен хакімдерге, мұсылмандарға тән деп көрсетеді. Пайғамбарлар жаратқан иені танып, оған құл болуды үйретеді; әулиелер – ақыретті ойлау, Алланы жақсы көруді мақсат тұтса, хакімдер көп жағдайда, бұл өмірдегі ғылымның пайдасына көп көңіл бөліп қарайды. Әулиелер ақиқатқа иман беріктігімен жетсе, хакімдер шындыққа ой-санамен жетеді. Соған байланысты, Абай ««Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім — ғалым» — деп пайымдайды. Автордың танымында хакімдер қай дінде болмасын, олардың білімі арқылы адамдарға қызмет қылуы оларды хакім атандырады дейді. Берілген Абайдың қара сөзінде алла Тағаланың жаратылысы жайлы сөз қозғалған. Алланың жаратылысына хакім, биік ақылдың өзі жете алмайтындығы, адам ақылының ең жоғарғы дәрежесіндегі хакім, ғұламалардың ақылы да оны таныта алмайтындығы жайлы сөз етеді. Орыс тілінде «мудрейший из мудрых» деп күшейтпелі мағынада тәржімаланған қазақ тілінде даналардың данасы, ғұламалардың ғұламасы деп көрсетілгендіктен, ағылшын тіліндегі сатылай аудармада «the wisest among wise» тіркесімен берілген. Екінші сөйлемде Абай Жаратушының өлшеусіз, ал адам ақылының өлшеулі екендігін алға тартады. Ал, орыс тілінде бұл сөйлем Алланың құдіреттілігі, біздің мүмкіндіктеріміздің шектеулі екендігі жайлы мағына береді. Сондықтан, ағылшын тіліндегі аудармада да,

орыс тіліндегідей мағынада тәржімаланған. Бұл орайда, автордың адам ақылының шектеулігі орыс, ағылшын тілдерінде мүмкіндік эквивалентіне сай аударылған.

➤ Ақыл – ұят, ар

Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады [1,123].	Истинный стыд тот, который испытывают, совершив поступок, противный законам шариата, совести, человеческому достоинству [1,286].	But true shame is that felt by a person who commits an action contrary to the Shariah laws, human conscience and human dignity [1,450].
---	--	---

Ақын өсиет сөзінде ұят жайын сөз еткен. Шын ұяттың шарифатқа, адам ісіне, ақылға терістігін айтады. Абай танымдық көзқарасындағы ұят – адам бойында кездесетін ізгі қасиеттерден алшақ, адамды жаман іс әрекеттерге бастайтын, тура жолдан тайдыратын қылықты мойнына алып, өз-өзін сөгу, өз-өзін тура жолға салу. Кімнің ұяты бар болса, иман сол адамда. Абайдың ұят туралы мәселесін талқылағанда, дін, әсіресе иманды бөліп қарастыруға болмайды. Ешқандай жаманшылдық жасамай, жай бір адамнан ұялу бұл надандық һәм шын ұят емес деп тұжырымдайды ақын. Шын ұяттың екі түрі бар: біріншісі, өзге адамның жасаған олқылығы үшін ұялу болса, екіншісі нәпсіге еріп, өзінің қателігінен болған ұятты айтады. Түпнұсқада «ақыл» концептісінің ұят тарапынан қыры ашылады. «Ақылға теріс» - ақыл құптамаған, шарифатқа теріс ұят. Орыс тіліндегі аудармада ақыл концептісі – «совесть» бірлігімен берілген, яғни ақыл мен ұяттың бірлігі көрініс табады. Соған орай, ағылшын тілінде «conscience» – ұят, ар эквивалентімен берілген. Ағылшын тіліндегі «conscience» бірлігінің сана деп аударылатындығын да ескере кеткен жөн.

➤ Қайрат – адамгершілік қасиетінің бірі

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. [1,94].	Воля! В тебе много силы и мужества, но и тебя Сердце способно удержать [1,256].	“Now, Will! You have plenty of energy and courage, but you, too, can be restrained by Heart [1,422].
--	---	--

Абайдың он жетінші қара сөзіндегі философиялық көзқарасы, адамгершілік, ізгілікке бастар негізге ақыл, қайрат, жүрек концептілерінің тартысы, пікірталасы туралы ой қозғалған. Толық адамды қалыптастыратын негізгі атрибуттардың бірі «Қайраттың» адам ретінде, тірі жаратылыс ретінде көрсетеді. Берілген мысалда Ғылымның айтқан сөзі келтірілген. Қайраттың қаруы көп, мықты күші, қажыры мен жігері болса да, жүректің оны еркіне жібермейтіндігі жайлы айтады. Орыс тілінде, «қайрат» концептісі негізінен, нақты, ең бірінші мағынасында «воля» концептісімен, ағылшын тілінде «will» эквивалентті, адекватты аудармасы сипатталып тұр. Ал, астарлы мағынасы, тіркесуі, концептуалды ерекшеліктеріне байланысты өзгеріске ұшырап, аудармада да түрлі өзгерістерге ұшырайды.

➤ Қайрат – күш-қуат, әл, дәрмен.

Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа *қайрат қылуға* жарамай қалады екен [1,90].

В молодые годы он ведет себя так, будто молодость бесконечна, не сомневается, что впереди его ждут еще более заманчивые утехы и радости. Но очень скоро, утратив былую *силу* и гибкость, он оказывается не годным ни на что. [1,253]

In his younger days he behaves as if youth were eternal, never doubting that even more captivating delights are in store for him. Yet all too soon, losing his *former strength* and agility, he becomes good for nothing. [1,419]

Автор адамның жастық шағы, уақыттың құндылығы жайлы сөз етеді. Жас шағында қызықтың соңына ілесіп, әрдайым күш-қуаты тасыған жас ретінде жалғаннан кетпейтін секілді жүрген адамдардың уақыт өтісін байқамай, әлсіз күйге ұшырайтындығын байқатады. «Қайрат қылу» - орыс тілінде «күшін жоғалту», ағылшын тілінде – «losing strength» - қуатынан, күшінен айырылу деген эквиваленттерімен берілген.

➤ Жүрек – батылдық

Асықтық та - *жүректің* ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «*жүректісі*» мақтауға сыймайды [1,89].

И любовь - желание *сердца*. Язык, повинуюсь сердцу, не солжет. Только лицемеры о сердце забывают. Те же, кого молва кличет «*человеком с сердцем*», часто оказываются людьми не стоящими похвалы [1,252].

And love likewise comes from the *heart*. The tongue that obeys the heart will tell no lie. Only hypocrites forget about the heart. Yet those “*men of brave heart*” often prove to be unworthy of praise [1,417].

Абай он төртінші қара сөзінде «жүректі» дегені - батыл, өжет секілді қасиеттерді бойына сіңірген, қайрат пен ақылды басқарып, еркіне жібермей тұрған жүректі меңзейді. Орыс тілінде «человек с сердцем» - жүрегі бар адам деп берілген. Бұл аударма жүрегі бар адам автор ойының әсерлілігін төмендетеді. Ал, ағылшын тілінде «men of brave heart» - батыл жүректі адам мағынасымен аударылған.

➤ Жүрек – тазалық, жүрек айнасы, «жан» концептісінің синонимі ретінде

Үшіншісі, орысша « <i>впечатлительность сердца</i> » дейді, яғни <i>жүректі</i> мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық -	И Называется оно « <i>впечатлительностью сердца</i> ». Если сумеешь сберечь <i>сердце</i> от превратностей четырех пороков, таких, как самодовольство,	And the third property of the human soul, called « <i>sensibility of the heart</i> ». Should you manage to keep your <i>heart</i> from four vices: conceit, cupidity, frivolity and carelessness, the
---	--	---

бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті <i>жүректің</i> <i>айнасына</i> анық рәушан болып түседі [1,163].	корыстолюбие, легкомыслие и беспечность, полученные ощущения извне четко отразятся в <i>зеркальной</i> <i>непорочности сердца</i> [1,324].	impressions that you receive of this world will be clearly reflected in the mirror-like chastity of your heart [1,485].
--	---	---

Абай қырық үшінші қара сөзінде айтылған жан қуаттары мен Әл-Фарабидің, Аристотельдің жан қуаттары туралы қағидаларының тегі бір. Жан қуаттарының қатарынан Абай үш артық қуатты ерекшелеп көрсетіп, оны орысша береді: а) подвижный элемент; б) сила притягательного однородного; с) впечатлительность сердца. «Расында, денеде бір кесек ет бар, ол түзу болса, қалған дене бүтіндей түзеледі, ол бұзылса, қалған дене түгелімен бұзылады. Біліп қойыңдар, ол – жүрек» деген екен (Бұхари, Муслим). Абай айтқан жүректің айнасы, оны кірлетіп алмау – адам бойындағы имандылықтың, адамгершіліктің қасиеттерін білдіреді. Адамның жүректен асыл нәрсесі барма деп көрсеткендей, жүрек концептісін оның барлық қырымен, терең мағынасымен аудару тыңғылықты жұмысты қажет етеді. Аударманың бірінші нұсқасында «жүректің тазалығын сақтамасаң, жан айнасы қараңғылатындығын» жеткізеді. Абай шығармаларында ақыл, қайрат, жүрек концептілерімен тығыз байланысқан «жан» концептісінің де орны елеулі.

Поэзия аудармасындағы өзекті мәселе – асыл нұсқаның мағынасы мен мазмұнын, автор ойын, танымдық көзқарасын толықтай жеткізу. Мұндай ерекшеліктер мен қағидаларға мән бермеген тәржіманның аудармалары сынға ұшырауы хақ.

➤ Ақыл – абстрактілі зат

Ағын жесең, <i>ақылың</i> жаннан асар, Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар [3,228].	Съешь белый - станешь сразу всех <i>умней</i> , А желтый съешь - богаче всех людей [4,233]. Е.Винокурова, 1887	The white one makes you wisest of all men The yellow makes you wealthy beyond ken [5,186]. Dorian Rottenberg
--	--	---

Абайдың «Масғұт» поэмасы – адамды тәрбиелік, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерге жетелемей қоймайды. Автор туындысының басты кейіпкері – Масғұт жайлы сөз қозғалған. Абай поэмаларының түп негізін Шығыстық әдебиеттен алғаны белгілі, дегенмен поэмадағы бақ-дәулет әкелген Қыдыр, өзге де шығыстық аңыздар басты идея емес. Шығарманың өзекті мәселесі – орта тап өкілінен шыққан, ізгілік қасиеттерді бойына дарытқан, ақылды, адамгершілікті ұждан еткен Масғұттың жайы болмақ. Масғұт ақылдан, байлықтан қашқаны, Абайдың заманындағы өз халімен ұштасады. Надан мен білімсіздер арасында бір жалғыздың кешкен ауыртпалық күін, трагедиясын көрсетпек болған. Негізгі мәселе мораль философиясын таныту

болды. Берілген өлең армақтарында «ақыл» концептісі абстарктілі гешталыт түрінде берілген. «Ақылың жаннан асар» деген тармақтардың мәні зор. Жан, жан қуаттарының ақын танымында жүреппен барабар, жүректен шығатын қуаттар екендігін ескерсек, автор мұнда ақылдың жүректі билейтіндігін алға тартады. Осы астарлы мағынаға, ақынның жалпы авторлық принциптері мен ұстанымын, өзге шығармаларымен байланысын анықтап, ұғынып алған жөн. Винокуровтың аудармасында «ағын жесең бәрінен ақылды боласың» деп тәржімаланған. Бұл авор стиліне мен морфологиялық жағынан сәйкестікке ұшыраған. Асылнұсқада ақыл абстрактілі зат, зат есім, толықтауыш ретінде беріліп, тұрса, аудармада ақылды, яғни сын есіммен тәржімаланған. Аудармада берілген концептінің мағынасы ашылмаған. «Жан» концептісі түсіріліп, өлең тармақтарының мағынасы, астары кедейленген. Осыған орай ағылшын тіліндегі аудармада тікелей орыс тілінен жасалған тәржіма болғандықтан тура осындай қателіктерге жол берілген. Ағылшын тіліндегі нұсқаға кері аударма жасар болсақ, «ақ сені әлемдегі ең ақылды адамға айналдырады» деп аударылған. Орыс тілінде аударма секілді сын есімның салыстырмалы шырайымен аударылған. Орыс тіліндегі концепт жоғалып кеткендіктен, ағылшын тілінде де аударма жұтаң шыққан.

➤ Ақыл – ақылы мол, дана, кеменгер

Жолдасы Аристотель *ақылы мол*, лақтырған сүйекті алады сол [6,428].

Но Аристотель, друг царя, взял кость в ладони, говоря [4,252]

Then Aristotle, *wisest of his friends*, picked up the bone and to Iskander said [5,182]. **Olga Shartse**

Ескендір – Шығыс классикалық шығармаларының танымал аңыздарының бірі, батыста Александр Македонский есімімен танымал болған, төрткүл әлемді жаулаған даңқты патша туралы шығарма Абайдың Ескендір поэмасынан да көрініс табады. Поэmanın басты идеясы адам бойындағы ақыл, қайрат, күш пен сезім қасиеттерінің үйлесімділігін көрсету болмақ. Әсіресе, өлең тармақтарында ақылдың орын ерекшеленіп көрінеді. Ақын гректің, әлемнің бірінші ұстазы атанған Аристотельді ақылы мол, кеменгер дана ретінде көрсетеді. Асылнұсқа мен орыс тіліндегі аудармада оның даналығы, ойшыл кеменгерлігі берілмеген., жұтаңдап, тек патшаны досы ретінде ғана көрстеліген. Аудармашы бұл тұста ақынның «ақыл» концептісіне назар салмаған, аударма қарабайырланып қалған. Ағылшын тілінде «*wisest of his friends*» - достарының арасындағы ең ақылдысы деп бейнеленеді. «Ақылы мол» мен «ең ақылдысы» бірліктерінің арасындағы айырмашылық бар, дегенмен, ағылшын тіліндегі аудармада концептуалды аударма мағынасы орыс тіліндегі аударма нұскасына қарағанда берілген.

➤ Қайрат – күшке ену, өз-өзін қолға алу

Жігерлен, сілкін, <i>Қайраттан</i> , беркін Деп насикат бергенде [7,347]	Трижды умным будь Укажи им путь — Похвалы у них не найдешь [4,184].	“Wake up! Stand up! Get up! Step up!” You tell them time and again [5,69]. Tom Botting
--	---	---

«Сегізаяқ» - Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Қоғам шындығы мен өз мұңын шаққан, сегіз жолдан тұратын, көркемдік құрылымы келісті шығармасы. Абайға дейін ешкі қолданбаған өлең формасына Абай ән де шығарған. Өлеңнің тақырыбы – күйінген, ызалы ашумен халқын оятуға, ақыл беруге тырысу. Абайдың орны ерекше бұндай өлеңін аударуға аса мұқияттылықпен барған жөн. Алайда, орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалар автор ойынан мүлде алшақ кеткен. Мысалы, орыс тіліндегі «жігерлен, сілкін, қайраттан, беркін» өлең жолы аудармада мүлде басқа мағына беріп тұр. Үш есе ақылды болып, оларға жол көрсет деген мағынаны аударылған. Орыс тіліндегі оқырманға бұндай аударманы ұсыну ақынның шеберлігін, сөз өрнектерінің дәрежесін төмендетеді. «Қайрат» концептісі ғана емес, жалпы өлең жоладры адекватты түрде тәржімаланбаған. Ал, ағылшын тіліндегі аударманы қазақ тіліне кері аударсақ, «оян, тұр, орныңнан тұрып, алға бас» деген өлең тармақтарымен берілген. Концептуалды тұрғыдан «қайрат», «жігер» сынды концептілер нақты аударылмаса да, аудармашының концептуалды танымына қарай азғана ұқсастық бар. Дегенмен, аудармалар салыстырмал түрде ағылшын тіліндегі аударма орыс тіліндегі нұсқаға қарағанд ұтымдырақ шыққан.

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [6,169].*
Только тот, кто *сердце* и *разум* скует
Непреклонной *волей* — достигнет высот [8,104].
Only he that can hold his *heart* and his *thought*
In the vise of *will* shall attain real heights. [5,76]

Абайдың «кемел адам» категориясының басты принциптерін көрсететін берілген өлең жолдарындағы ақыл, жүрек пен қайратты ұстау – адамды амамдыққа бастайтын негізгі қасиеттері. Аудармада бұл үш қасиетті асылнұсқамен теңдей дәрежеде берілмеген. Орыс тіліндегі ақыл мен жүректі қайратпен бұғаулап ұста деген мағынада берілген тармақтар ақынның дүниетанымдық көзқарасына мүлде қайшы. Сол секілді, ағылшын тіліндегі Дориан Роттенберг аудармасында да дәл осындай қателікке бой алдырған. Мұндай қателіктер Абайдың танымына, жалпы шығармашылық негізіне қарсы шығу болып табылады.

Қорытындылай келе, мақалада Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің ағылшын, орыс тілдеріндегі аудармалары талданды. Аудармашы түпнұсқаның пішінін, мағынасын, мазмұнын, құрылымын анықтап білуімен қатар өлеңнің тууына негіз болған құбылыстарды да жете танып білуі қажет. Ақынның ойлауын, сезінуін, шығармашылық деңгейін танып, түсінген сәтте ғана аудармашының дағдысы мен шығармашылығы биік дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиетке иелене алады. Түпнұсқадағы тілдік бейнелеу құралдарына сай эквиваленттерді өзге тілден табу, осы арқылы асылнұсқа табиғатын өзге тілде өрнекті түрде жеткізе білудің түрлі тәсілдері Абай өлеңдерінің орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан орын алған. Әр

аудармашының өзіндік танымы, көзқарасы мен аудару ерекшеліктеріне байланысты өлеңдердің пішіні мен мазмұнының сақталуы, тілдік бейнелеу құралдарының нақты берілуі мен ақынның ақындық тұрғысын жеткізе алуы әртүрлі көрініс тапқан. Абай туындыларының орыс, ағылшын тілдеріне аударылу мәселесі нақты талдауды, тиянақты тұжырымды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай «Менің 100 кітабым» ұлттық рухани құндылық. Қара сөз/Книга слов/Book of words – 481б.
2. Абай. (Ибраһим Кунанбаев). Слова назидания. Пер. с каз. С.Санбаева. – Алма -Ата: Жалын, 1982 – 160стр.
3. Абай шығармаларының екі томдық жинағы. Екінші том. Алматы «Жазушы», 1995. – 380 б.
4. Абай Кунанбаев. Избранное. Пер. с каз. под общ. ред. Л.Соболева. – Государственное издательство худ. лит. – М., - 1945. – 320 с.
5. Abai Kunanbayev. Selected poems. To Mark the 125th Anniversary of His Birth. Progress publishers. – Moscow, 1970. Printed in the Union of Soviet Socialist Republics.
6. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1961. – 690 б.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының толық жыйнағы. Қазақтың біріккен мемлекет баспасы. – Алматы, 1945. – 504 б.
8. Абай. Я – человек загадка... Перевод с казахского. Астана: Аударма, 2009.-504 с.
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 42 том: Мақалалар, зерттеулер, лекциялар, пьеса. 1935 – 1961. – 296 б.
10. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы/ Р.Сыздықова. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. – Алматы, 1970. – 174 б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының оқытушысы
Нұрдәулет ОМАРБЕК

Абай модернизмі

Бастыста орнаған индустриалдық революциядан кейін, ХІХ ғасырда дүниежүзі бойынша вестернизация (батыстық өркениетті таңу, отарлық арқылы батыстану) процесі жүре бастады. Ұлы ашылулар кезеңінде Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлығын отарлаған Испан, Португал, Британ империялары Африка құрлығынан жұмысқа жарамды адамдарды күштеп, жаңа ашылған құрлыққа тасу арқылы әлемнің бірнеше мыңжылдықтар бойына мызғымай тұрған бейнесін мидай араластырды. Француз, Неміс, Британ империяларының Африка құрлығын үшке бөліп алып отарлауы, Британ

империясының Үндістан, Оңтүстік Шығыс Азия елдері мен араб әлеміне, сондай-ақ Қытай мен Жапон жеріне ауыз салуы, Батыстың бір бөлшегі болған Ресей империясының Орта Азия халықтарын отарлауы арқылы, дүниенің төрт бұрышында жаңа заман орнады.

Дегенмен XIX ғасырдағы отарлық басқыншылықтар жұмсақ күш арқылы жүргізілмеді. Күшпен жаныштау, әлемнің үшінші санатындағы елдердегі ғасырлар бойына қалыптасқан басқару жүйесі, өмір салты мен діни дәстүрлеріне, таным түсінігі мен білім жүйесіне соққы беру арқылы ұлттардың менталды жанын отарлауға тырысты. Бастапқы отарлау кезеңінде христиан дінінің миссионерлерінің көмегімен үстем мәдениетті енгізу арқылы өркениет орнатуға тырысса, алғашқы қақтығыстардан кейін әскери күш арқылы жаныштау әрекеттері жасалды. Алғашқы қағыстардан кейін, отарлық езгіге түскен ел арасында қайғы-зарға тола өнер туындылары көптеп жазыла түсті. Ал мұсылман елдерінде Бастыстың келумен «Ақыр заман» түсінігі өрістеп шықты (Отарлыққа қатысты классикалық зерттеулердің басым бөлігінде алғашқы қақтығыстардан кейін отарланушы елдің өнер туындыларында, әсіресе, әндерінде зарлы үн басым болатыны айтылады. Мәселен, Гердер 1778 жылы жарық көрген «Халық әндері» деп аталған еңбегінде, Мадагаскар аралын отарлаған Француз әскерімен арадағы алғашқы қақтығыстардан кейін, нәсілшіл үстемдіктің салдарынан жергілікті әуендерде зарлы үн басым болғаны айтады [1]. Бұл үрдісті XIX ғасыр басындағы М. Әуезов «зар заман ақындары» деп атаған ақындардың өлеңдерінен, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ әндерінен көруге болады.)

Отарлау барысындағы алғашқы қақтығыстардан кейін, отарлық процестерге бой үйрету я көндігу кезеңі өріс жаяды. Яғни үстем күштің қарумен орнатқан тәртібін қабылдау, отарлаушының мәдениеті мен ол ұсынған өзгерістерді түйсіну процестері жүреді. Осы тұста батыстық басқыншылардың еуроцентристік көзқарасқа құрылған модерн ғылымның әдіснамасы мен ол ұсына алатын артықшылықтарды бағамдау басталады. Дегенмен, күннен күнге арта түскен батыс ықпалына қарсы тұру үшін өзгерген әлемге сай білім алу, жаңа заманның ағысына ілесетін жүйенің керек екені ұлттың бірегейлігін сақтап қалғысы келген ғұламалар үшін айқын бола түскен. Мәселен, Қытайда Батыстың артып келе жатқан ықпалын қарсы тұру үшін XIX ғасырда Кан Ювей (1858–1927) бастаған қозғалыс орнаған. Ол үстем болған Батыс ғылымына, философиясына қарсы тұрмаса, Қытай өркениеті жаңа заманда жойылып кетерін аңдап, тарихта «синологтар» деп атаған мектептің негізін қалаған. Синологтар Конфуций ілімін жаңа заманға сай интерпретациялау қажет деген ұстанымда болды. Осы қозғалыстың арқасында неоконфуцийлік («нео» жалғауы мұнда жаңаша түсіну мағынасында қолданылып тұр. Яғни бұған дейін оқытылып келген Конфуций ілімі қазіргі уақытта заман талаптарына сай келмегендіктен, оны батыс философиясының әдістері арқылы жаңаша түсінген жөн екенін білдіреді) философия басталды [2]. Бұл Қытай әлемінің Батыс ғылымы мен мәдениеті алдында жұтылып кетпес үшін жасаған алғашқы

іргелі жауап бола алды. Дегенмен неоконфуцийлік философия, Қытай өркениетінің мыңжылдықтар бойы келе жатқан ой өрісінің, жаңа, батыс философиясындағы соны әдістермен үйлесуінен туындаған ілім болатын.

Сондай-ақ батыстың модерндік басқыншылығына ғылыми және философиялық тегеурінді қарсылықтар XIX ғасырдың екінші жартысында отарға айналған барлық елдерде пайда бола басталды. Мәселен, Үндістанда «Ислам модернизмі» деген үлкен қозғалыс туындады. Елдегі зиялы мұсылмандар қоғамның интеллектуалдық даму жолын жаңа арнаға бұру қажет деген оймен, ислам мен модернизмнің бір-бірімен үйлесе алатынын көрсету үшін жаңа тарихи дәуір ерекшеліктерін ақылға салып пайымдауға әрекеттенді. Ислам модернизмі деп аталған бұл ағымның мүшелері ретінде Сайд Ахмад Хан (1817–1898), Жамал әл-Дин әл-Ауғани (1839–1897), Чирағ Әли (1844–1895), Мұхаммед Ихбал (1876–1938) сынды ғалымдар айтылады. Аталған қозғалыстың негізін қалаушы Ахмад Хан 1875 жылы алғашқы Мұсылман ағылшын-шығыс колледжін ашып, Исламды заманауи ұғыну, хадис пен Құранды тарихи кезеңіндегі түсініктер арқылы емес, герменевтика әдісіне салып жаңаша интерпретациялауға барын салған. Ол Маулауи Тассадукқа жазған хатында: «Менің осы білім беру жүйесін енгізуді қолданып отырғаным – британдықтар бізге әмірін жүргізіп тұрғандықтан, аман қалып ел боламыз десек, бұған мойынсұну қажет болғандықтан ғана емес. Бұл ретте Еуропаның ғылымды дамытуда адамды қайран қалдыратын жетістіктерге жеткенін де ескеру керек, сондықтан сол ғылымды меңгеруден бас тарту – өз тамырымызға өзіміз балта шапқанымызбен бірдей» деп жазған [3]. Аталған жолдардан тегеурінді қарсылық көрінбеуі мүмкін. Алайда Ахмад Ханның батыс әдіснамасын, Исламды тереңдету түсіну мен жаңа заманға лайықтау үшін ғана қолданып отырғанын ескеру қажет.

Түркі халықтарының арасында модернді Ресей империясының отарлығы арқылы алғаш қабылдаған халықтың бірі татар жұрты болды. Модерндік үлгідегі алғашқы мұсылман мектебінің негізін Шағабуддин Маржани (1818–1889) қалады. Ол Құранды Қазан баспаларына басып шығарып, араб тілін үйрену мен жазудың әдіснамасы жасап, жаңа заманның талабын сай мұсылман ілімін үйренудің негізін қалады. Тарихта «жәдидизм» деп аталатын қозғалыстың басында тұрған тұлғаның шәкірті Ахмет Риза 1850 жылдары Семей қаласына келіп, Ахмед Риза атындағы мешіт-медресе ашқан. Аталған медресе өзінің оқытудағы реформаторлық әдіснамасымен көзге түскен, өз заманындағы Ислам дінінің философиясын терең оқытатын ілгері оқу орны саналған. Қазақ жеріне жаңашылдықты сіңірген, модерн әлемнің құндылықтары мен қазақтың ұлттық тамырын сәтті үйлестіре алған реформатор, ақын, философ Абай Құнанбайұлы (1845–1904) осы медреседе білім алған.

Сонымен, біз Қазақ танымын алғаш батыс әдіснамасымен, философиялық ой-жүлгесімен сабақтастыра алған ғұлама деп Абайды айта аламыз. Абай Құнанбайұлы аграрлық заманның қалдықтарынан арыла алмаған қазақ жұртын жаңа заманның толқынымен жүруге шақырды.

Индустриалдық революциямен бірге орнаған жаңашылдықтар бүкіл әлемнің келбетін түбірімен өзгерткенін түйсінді. Мәселен 2 және 33-қара сөзінде ұлттың мал шаруашылығынан басқа кәсіпті үйренбей, артта қалғанын сынап жазды. Өндірістің дәуірдің туып келе жатқанын түсініп, жұртты ғылым, білім алмаққа үгіттеді. Өйткені модерн дәуірде өндірістің тілін тапқандар ғана озық шығады. Мал шаруашылығы қазақтың атадан балаға мирас болған ата кәсібі. Бірақ сол кәсіптің артынан түсіп, ғылымы мен техникасы озған жаңа әлемнің игілігінен айырылып, артта қалу есті адамның ісі емес. Батыс экономикасы, батыстың индустриалдық революциясы Абай өмірден өткен соң, Кеңес үкіметі тұсында ақыры орнап, ескі түсініктерді тарих қойнауына аттандырды. Осы оқиғалар ғұламаның алысты болжай алар даналығына дәлел бола алады.

Сондай-ақ Абай 29-қара сөзінде қазақтың қисыны жоқ, болмаса мағынасы бұрыс мақалдарын сынап жазды. Сөзді қадір тұтып, бабадан келе жатқан мирас санаған халықтың ғасырлар бойына шегенделіп, таным-түсінігінде мызғымастай, еш бұлтартпастан қабылдаған ақиқат ретінде саналған мақал-мәтелді сынау – таптаурын болған, беделгі пікірге айналған (Орыс ғалымы М. Бахтиннің ғасырлар бойына қалыптасқан шіркеу, мешіт, беделді ғұламалар, саяси жүйелер сынды адамға сөзі өтімді институттар мен тұлғалардың сөздерін таңбалау үшін қолданған термині [4]) түсініктері қиратуы көп дүниеден хабар береді. «Көп қорқытады, терең батырады». Әсіресе, кезеңдердің өзгеруіне байланысты, құндылықтар арасында қақтығыстар орнағанда, өткенді романтизациялау, киелендіру (сакралдандыру) процестері қарқынды жүреді. Осы тұста, қоғамның киелі санап келген түсініктерін теріске шығару, оларды мансұқ ету көптің талауына қалдырып, адамның сағын сындыратын қиын іс. Абай 37-қара сөзінде: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ.» [5] дегенде, қоғам санасындағы қалдықтармен күрестің қаншалық қиынға соғарын аңдатып тұр. Бұл Платонның «Мемлекет» еңбегінде көтерілген, халықты ой үңгірінен жарыққа алу шығу міндетін арқалаған адамның сөзі.

Абай ортаға салған өзекті тақырыптардың бірі – толық адам ілімі. 17-қара сөзде талқыланған бұл қасиеттер арқылы ақын, мінсіз адам болу үшін қажетті дүниелерді тізбектеп шығады. Бұл ислам философтары, соның ішінде әл-Фараби көтерген «кемел адам» концепциясымен үйлеседі. Батыс философиясында да қарапайым адамнан бір бас жоғары тұратын, асқақ адам концепциясын ХІХ ғасырларда көтеріле бастады. Мәселен, неміс философы Ницшенің «асқақ адам» түсінігін енгізді. Алайда, Ницшенің «асқақ адамы» адамдық болмысынан толық айырылған, бұған дейінгі адамзат ақыл-ойының жемісінің мансұқ етер, күйініш-сүйініштен ада, адами қасиеттерден жерінген жаратылыс болса, Абайдың «толық адамы» ізгі қасиеттерді бойына сіңіре алған, ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаған әулие, данышпанға жақын тұлға. Өзгерген әлеммен бірге адамның таным түсінігі өзгеріске түседі. Мәселен, индустриалдық революция мен модерн кезең дүниежүзі халықтарын өзгерткен

елеулі оқиға болды. Пойыз жол мен байланыс құралдарының дамуы, мемлекеттер арасындағы байланысты шиырлатты. Аграрлы елдердің көбі батыс отарлығы арқылы жоғарыда сөз еткен өзгерістерді қабылдады. Осыған байланысты адамзаттың ой-жүлгесі, таным-түсінігі, өмір салты өзгерді. Жаңа адамға сай үлгі боларлық адам бейнесіне деген қажеттік туды. Осы тұста Абай санасы өзгерген адамның мінсіз келбеті қандай болуы қажет екеніне қатысты өз нұсқасын ұсынды.

Абай көтерген тағы бір мәселе – тағдыр мәселесі. «Бұл мәселе төңірегінде Бағдатта орта ғасырлық ислам теологтарының (рационалистер мен дәстүршілдер) арасында дау туындаған. Мутазалиттер мектебінің өкілдері – рационалист теологтар ерік еркіндігі ілімін құптап, Жаратқанның әділдігі мен тағдыр ұғымдарының арасындағы қайшылықты ақылмен пайымдау арқылы шешу керек деп білген. Олардың пікірінше, тағдырдың алдын ала жазылғаны туралы доктрина ерік еркіндігі түсінігін қамтыған Жаратқанның әділдігі ұғымымен үйлеспейді» [3]. Абай тағдырдың алдын ала жазылғаны туралы ілімді мойындамайды. Оны ойшылдың 28-қара сөзіндегі: «Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді - бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп. Жә, олай болса, біз құдай тағаланы айыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен» деген жолдардан айқын көруге болады [5]. Өз заманындағы отаршыл биліктің сойылын соғып, ел арасына іріткі салған татар молдаларының қазақ танымына сіңіре бастаған қисық тұжырымдарын Абай рационалистік қисын арқылы талқандайды.

Отарлық езгі елдің қалыптасқан тарихи түсініктері мен қасиетті ұғымдарын қиратқан уақытта, басқыншыларға деген жеккөрініш пен ашу-ыза, отарға айналған елдің қаншалық артта қалып, ұлт ретінде сақталып қалу үшін жаңашылдықтарды қабылдау керегін көруге мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан айбаты асқан күштермен қақтығыстарға түсіп, саны азаяды, халықтың генафонына ауыр соққы болады. Отарлықтың барынша қатаң жүреді. Ақыры ұлттың келешегіне әсер ететін салдарға ұшыратады. Бұл жағдайда үстем күш пен үстем мәдениеттің осылайша ұшпаққа шығуына негіз болған ғылымын тез арада меңгеріп, заманына лайық мемлекетке айналуы ғана тығырықтан шығар жол бола алады. Абай секілді ойшылдар сол жолды көріп қана қоймай, оған түсу үшін ортасымен күреседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Больман Филип. Әлем музыкасының тарихы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020 – 460 бет.
2. Фың Юлан. Қытай философиясының қысқаша тарихы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 368 бет.
3. Билимория Пуршоттама. Үнді философиясының тарихы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 720 бет.
4. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Literat/bahtin/slov_rom.php.
5. Абай (Ибрахим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.1. –Алматы:

Ғылым, 1977. – 454 б.

МАЗМҰНЫ

Х.Тасибеков. Кіріспе сөз.....	3
Ж.Дәдебаев. Абай іліміндегі «білім» концепциясының негіздері.....	4
Д.Ысқақұлы. Абай – ұлттық мақтанышымыз.....	13
Қ.Әбдешұлы. Абай поэмаларының көркемдік дәстүрі және қазақ дастандары.....	19
Н.Тагисой. Творчество Абая в мировом литературоведении.....	26
Қ.Мәдібай. Абай мұрасы мен ілімін деректер негізінде тану.....	30
С.Жусанбаева. Абай шығармашылығын оқытудың дидактикалық мәселелері.....	39
М.Аймагамбетова, Г.Искакова. Абай Кунанбаев – гений мирового значения.....	56
А.Айтмұханбетова. Абай іліміндегі білім және сенім концептілері.....	67
Б.Даутова. Абай шығармаларын мекеншақ тұрғысынан талдау.....	78
Ә.Байбол. Абай ілімі және оны балаларға оқыту мәселесі.....	84
А.Кенжеқожаева. Абай мен Мұқағали лирикасындағы дәстүр жалғастығының үндесу сипаты.....	97
Ұ.Байлиева. Абай шығармаларындағы <i>ақыл, қайрат, жүрек</i> концептілері (орыс, ағылшын тілдерінде).....	105
Н.Омарбек. Абай модернизмі.....	115